5. Лицо, осуществляющее волонтерскую деятельность обязано: осуществлять свою деятельность в соответствии с законами и иными нормативно-правовыми актами Республики Казахстан; не нарушать права и законные интересы граждан; выполнять требования и ограничения уполномоченного органа; не разглашать сведения полученные в процессе осуществления волонтерской деятельности; не ставить перед собой цель получения выгоды за осуществление волонтерской деятельности; отчитываться по итогам своей работы в территориальные подразделения уполномоченного органа.

6. Лицо, осуществляющее волонтерскую деятельность вправе: в любое время прекратить занятие волонтерской деятельностью; участвовать в мероприятиях в рамках реализации государственной молодежной политики; получать вознаграждения, премии, государственные награды, благодарственные письма за добросовестное осуществление волонтерской деятельности.

В Законе Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года «О государственной молодежной политике», отсутствуют механизмы взаимодействия уполномоченного органа с молодежными организациями и объединениями.

Решение данных проблем в скором времени при системном подходе к данному вопросу, правильном взаимодействии с молодежью мы в скором будущем получим активную, амбициозную, разносторонне развитую молодежь, которая станет залогом осуществления национальных стратегий и развития современного Казахстана.

Литература

1. Кубякин Е.О. Особенности формирования и проявления экстремизма в молодежной среде. - Краснодар, 2011.
2. Манхейм К. Диагноз нашего времени/ пер. с англ. С.В. Карпушиной. - М.: Юрист, 1994. - с. 446.
3. Социология молодёжи. Под ред. В. Т. Лисовского. - СПб.: Изд-во СПбГУ, 1996. - 178 с.
4. Кон И. С. Социология молодёжи. В кн.: Краткий словарь по социологии. - М., 1988. - 345 с.
5. Положение молодежи и реализация государственной молодежной политики в Российской Федерации. 2001–2002 гг. - М.: Министерство образования РФ, 2002. - 303 с.
6. Скробов А. П. О некоторых новых подходах к молодежной политике в условиях реформ // Социально-политический журнал. - 1998. - № 3. - С. 129–140.
7. Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2015». Авторы - Салимгерей А.А., Абдирайымов Г.С., Абдикерова Г.О., Айдарбаев С.Ж., Булатбаева А.А., Вережкин А.В., Ибраева А.С., Лифанова Т.Ю., Масалимова А.Р., Межибовская И.В.,

Мынбаева А.К., Ким А.М., Насимова Г.О., Оспанов С.И., Усеинова Г.Р., Шапинова С.А. – Алматы: «Қазақ Университеті», 2015. – 256 с.

8. Закон Казахской Советской Социалистической Республики от 28 июня 1991 года. – Режим доступа: http://egov.kz/wps/portal/!ut/p/b0/04_Sj9CPyкssy0xPLMnMz0vMAfIjc7PyChKtUvKTS3NT80r0w_Wj9KNgPM8U_cg0S0MDAwNDCwODEJBUTmJeemlieqrp-ZFGpfkFurkW506IiAHFNyEI!/#z0 (утратил силу)

9. Закон Республики Казахстан от 7 июля 2004 года «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 13.01.2014 г.) (утратил силу). – Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1049268

10. Концепция государственной молодежной политики в Республике Казахстан до 2020 года «Казахстан 2020: путь в будущее» – Режим доступа: <http://strategy2050.kz/storage/documents/26/da/26da46bcdd9e309e9d76d84f8f2cf61a.pdf>

11. Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года «О государственной молодежной политике». – Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31661446.

12. Закон Республики Казахстан от 16 февраля 2012 года «О воинской службе и статусе военнослужащих» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.12.2015 г.). – Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31130640

13. Закон Республики Казахстан от 3 июля 2014 года «О физической культуре и спорте» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 22.01.2016 г.). – Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31576150

14. Закон Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О занятости населения» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.11.2015 г.) (частично утратил силу) – Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1021547

15. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.04.2016 г.) – Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747



Кусаинов Д.О.

заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті



Кусаинова А.К.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Резюме. Жұмыста қазіргі кездегі мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетінің мәні мен мазмұндық тұстары ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар қазіргі құқықтық мәдениеттің ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттелінеді.

Сондай ақ мақаланың авторы құқықтық мәдениеттің арықарай дамуына аса назар бөледі. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын мемлекеттік саясаттың қамтамасыз етілуіне, қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеуге ісінде қолдануға болады.

Тірек сөздер: құқық, құқықтық таным, құқықтық мәдениет, құқықтық нигилизм, мемлекет, мемлекеттік орган, мемлекеттің қызметі

Резюме. В работе рассматриваются содержательные стороны правовой культуры государственных служащих. Также в работе всесторонне исследуются особенности современной правовой культуры общества.

В работе также особое внимание уделяется на дальнейшее развитие правовой культуры государственных служащих. Основные выводы и положения автора могут быть использованы в обеспечении политики государства, в повышении правосознания и правового воспитания казахстанского общества.

Ключевые слова: право, правовопонимание, правовая культура, правовой нигилизм, государство, государственный орган, деятельность государства

Summary. The paper deals with the essence of the content side of the legal culture of civil servants. Also in the work comprehensively investigated features of the legal culture, the professional legal culture of civil servants in modern times.

The main conclusions and position of the author may use to provide states policy in raising law awareness and legal education of the Kazakhstan society.

Keywords: law, legal interpretation, legal culture, legal nihilism, the state, the public authority, the activities of the State.

Елімізде құқықтық мемлекетті және азаматтық қоғамды құру барысында азаматтық құқықтық сананы қалыптастыру аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Құқықтық мемлекеттің негізгі қағидасы және оны қалыптастырудың міндетті шарты халықтың құқықтық мәдениетінің, әсіресе мемлекеттік қызметшілердің және де өзге лауазым иелерінің кәсіби құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейі болып табылады.

Құқықтық мәдениет жалпы мәдениеттің бір бөлігі бола тұра құқықтық шындыққа кіретін рухани және материалдық құндылықтардан тұрады. Осы ретте құқықтық мәдениет құқықтық құбылыстардағы прогрессивті, әлеуметтік пайдалы және құндыларды қамтиды.

Құқықтық мәдениет әрбір жеке тұлғаға құқықтық мінез-құлықтың қағидаларын, ал қоғамға құқықтық институттардың біртұтастығын қамтамасыз ететін құқықтық құндылықтар, идея-

лардың, құқықтық нормалар жүйесін көрсетеді. Өнегеліктен тыс құқықтық мәдениетке жат. Біздің қоғамда өнегелік, мәдени құндылықтардың пайда болуы тек жалпы мәдениеттің жоғарылығының көрінісі болып қана қала бермейді, ол сонымен қатар елдің, оның ішінде жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің жоғары болуының көрінісі.

Құқықтық мәдениеттің ерекшелігі сонда, оның деңгейі мен жалпы жағдайы маңызды дәрежеде мемлекеттік биліктің өзінің қызмет етуіне байланысты болып келеді. Құқықтық мәдениет – мемлекет пен қоғамның арасындағы күрделі әлеуметтік-құқықтық қатынастардың жүйесі мен нәтижесі болып табылады. Құқықтық мәдениеттің сапалы күйі екі субъектіге (мемлекет пен қоғамға) тікелей қатысты болады, бірақ та құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейінің қалыптасуы үшін жетекші рөл мемлекетте болады.

Мемлекеттің сапасы, оның қоғам үшін қызмет етуі көбінесе мемлекеттік қызметке, әдістеріне, оның құқықтық реттелуі нысанына байланысты болып келеді. Мемлекеттік қызмет құқықтық мемлекетті қалыптастыру құралы болып табылады, оны құру Қазақстан үшін өте маңызды әрі өзекті. Осы мемлекеттік қызмет құқықтық мемлекеттің азаматтық қоғаммен және жеке азаматпен өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Құқықтық мәдениет мәдениеттің басқа да салаларымен, атап айтқанда: саяси, өнегелік, этикалық, эстетикалық, діни және т.б. өзара әрекеттесуі арқылы қызмет етеді, бірақ та солай бола тұра өзіндік, әмбебап материалдық және рухани компоненттерді құра отырып, мәдениеттің бірді бір түрімен толығымен ұштаспайды.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби-құқықтық мәдениетін, жалпы құқықтық мәдениетті екі аспектіде: бағалаушылық категория ретінде және маңызы бар категория ретінде қарастыруға болады.

Бірінші жағдайда қоғамның, оның әрбір дамуы сатысында құқықтық өмірінің сапалы күйі ретінде түсіндіріледі. Бұл қоғамның құқықтық өмірін толық қамтуға және бағалауға мүмкіндік береді. Билік субъектілерінің құқықтық мәдениеті кәсіби құқықтық мәдениеттің аса бір маңызды түрі болып табылады. Ол биліктің өзінің ерекшеліктеріне негізделген, ерекшеліктерге ие болып табылады.

Құқық және өнегелік мәдени дамыған, ақылды жеке тұлғаны қалыптастыруға маңызды құрал болып танылады. Өнегелік және құқықтық тәрбие өзара тығыз байланыста болады және бірі-бірін толықтырып, құнды етіп отырады. Өнегелік-құқықтық тәрбиенің мақсаты – заңға бағынатын және жоғары өнегелі тұлғаны, әлеуметтік белсенді азаматты, биліктің субъектісін қалыптастыру болып табылады.

Биліктік қызметтің өнегелік құраушысы мемлекеттің әлеуметтілігі мен демократиялылығының

деңгейін, оның беделін анықтайды. Мұнда этикалық кодекстер ерекше рөлге ие болып келеді.

Азаматтық қоғамның қалыптасу жағдайында шенеуніктердің жоғары моральдық сапасын қалыптастыру ғалымдардың ұсыныстарына негізделуі қажет.

Соттық және әкімшілік реформаларды жүзеге асыру – биліктің өнегелік және құқықтық мәдениетін көтермелеудің маңызды бағыты болып табылады. Әрбір азаматқа ашық, түсінікті болатын құқықтық иммунитеттер жүйесі болуы керек.

Құқықтық мәдениет биліктік қызметтің субъектілерінің өз лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру үрдісінде қалыптасады және келесі элементтерден тұрады: 1) құқықтық нормаларды білу, құқықтық ойлаудың деңгейі, кәсіби даярлық; 2) жалпы құқықтық мәдениеттің деңгейін анықтайтын шынайы саяси және экономикалық көзқарастардың кең ауқымы; 3) шенеуніктің кәсіби-этикалық мүмкіндіктері, кәсіби даярлығы, қызметтегі тәртіптілігі, шыншылдығы.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сапасының белгілі бір деңгейінің көрінісі ретінде құқықтық мәдениеті бірқатар әлеуметтік-басқарушылық функциялар атқарады:

1) танымдық - құқықтық демократиялық мемлекетті және азаматтық қоғам қағидаларын қалыптастыруда және тікелей іске асыруда мемлекеттік қызметшілердің қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Танымдық функция қызметшілердің біліми-интеллектуалдық және қызметтік-өндірістік қызмет етуі үрдісінде белгілі бір зани білімді алудан көрінде. Осы функцияны іске асыру барысында мемлекеттік қызметшілер адамдардың қоғамдық, топтық және жеке мүдделерін бір кеңістікке интеграциялайды, заңдылық, әлеуметтік әділдік пен құқықтық тәртіп, адам мен азаматтың әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы, шыншылдық пен жауаптылық қағидалары шеңберінде адамды қоғамдық дамудың ортасына қояды. Бұл функцияның іске асырылу сапасы қызметшінің заңи даярлығымен, мемлекеттік қызметке тұру үшін біліктілік талаптары талап ететін құқықтық білімнің деңгейімен анықталады;

2) бағалаушылық – қызметшінің онда бар зани білімнің маңыздылығын, әрбір нақты жағдайды талдау мен дәлме дәл бағалауды білуді анықтау негізінде іске асырылады. Бағалау функциясы қызметшінің мемлекеттік құрылым негізі мен саяси режимнің сипаты, заң шығарушылықтың толықтылығы мен негізділігі туралы түсінігі болуы тиіс. Ол бағалаулар түрлі болуы мүмкін: негізделген және негізделмеген, дұрыс және бұрыс, объективтік шындыққа сәйкес және ойдан шығарылған және т.б.;

3) құқықтық реттеуші - қолданымдағы заңның, бекітілген бағдарламалардың, әкімшілік және қызметтік регламенттердің негізінде аппараттың тұрақты және тиімді қызмет етуін қамтамасыз етеді. Бұл функция заңи белсенділікті тудыратын құқықтық құралдар және құнды құқықтық механизмдер арқылы іске асырылады. Нәтижесі – құқыққа сай немесе құқыққа қарсы мінез-құлық болып табылады. Мұның барлығы құқықтық құрылғыларға байланысты болып келеді;

4) құқықтық тәрбиелеушілік – мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім беруді үгіттеуге, құқықтық тәрбиелеу жұмыстарына қатысуы, азаматтарға құқықтық көмек беруге қатысуы арқылы іске асырылады;

5) коммуникативтік - азаматтар мен шенеуніктердің арасында өзара сыйластықты, ізгілікті ұстануды қамтамасыз етеді. Адамдар шенеуніктерге жолданғанда түрлі қақтығыстарға ұшырап жатады. Сонымен қатар адамдар құқық бұзушылықтармен қақтығысады – қорқытып алушылық, террор, сыбайлас жемқорлық және т.б.

6) болжамдық, яғни қабылданған басқарушылық шешімдердің нәтижесін болжамдау және анықтау [1, 12 с.].

Құқықтық мәдениетті көтермелеудің тағыда бір бағыты заңдарды және құқық қолданушылық тәжірибесін жетілдіру болып табылады. Биліктегі көшбасшының мәдениетінің көрсеткіші оның жүргізіп отырған саясатының тиімділігінен көрінеді. Шенеуніктің құқықтық мәдениеті деңгейі, оның вдвм мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтегеннен көрінеді. Адамды құрметтеу қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің құрамдас бөлігі болуы тиіс; ғылыммен танылуы қажет.

Мемлекеттік қызметшілерді аттестаттау кезінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қатысты заңнамаларды білуге тестілеу керек.

Қазіргі кезде мемлекеттік қызметшілердің қызметін дамыту тұжырымдамаларын әзірлеуге қажеттілік туындап отыр. Ол тұжырымдама қазіргі және болашақтағы әлеуметтік және мемлекеттік қажеттіліктерді қамтуы қажет.

Халықтың және билік субъектілерінің өнегелік және құқықтық мәдениетін көтермелеуде бұқара-

лық ақпарат құралдарының маңызы зор болып табылады.

Құқықтық тәрбиенің бір нысаны заңи білім беру болып табылады. Заңи білім мәселесі барлық билік субъектілеріне қатысты болып табылады.

Осы кезде басымды бағыттардың бірі болып мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен біліктілігін көтермелеу жүйесі танылады, әсіресе аксиологиялық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңи пәндерді оқыту қажет. Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау жүйесі мемлекеттік қызметшінің құқықтық санасын арттыруға бағытталған.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетінің саяси мәдениетімен өзара байланысын талдау мемлекеттік қызметшілердің саяси тұрақты құрамының қалыптасуына қоғамның мүдделі екендігін аңғартады. Қазіргі кезде мемлекеттің ең негізгі функцияларының бірі түрлі әлеуметтік топтардың арасындағы қарым қатынастың үйлесімділігі, әлеуметтік қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениеті мен өнегелігінің арақатынасын қарастыра келе, құқықтық мәдениет жалпы өнегелік мәдениеттің ықпалымен қалыптасатынын аңғаруғам болады. Мемлекеттік қызметшілердің моральдық жүйесі мен жалпы моральдың арасындағы қарама қайшылықтар мемлекеттік қызмет институтының корпоративтік сипатына негізделеді. Ол мемлекеттік қызметшілердің басқарушылық шешімдерін қабылдау мен іске асыруда мәнді әсер етеді.

Қазіргі кезде құқықтық тәрбиенің маңыздылығы тұлғаның саяси, мәдени және рухани және өнегелік-құқықтық болмысының дамуындағы құқықтың позитивтік рөлінің өсуімен анықталады. Халықты рухани және өнегелі тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Охотский Е.В. Государственное управление в современной России: учебно-методический комплекс. - М.: МГИМО(У) МИД России, 2008 – 548 с.



Кусаинов Д.О.

Доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права КазНУ имени аль-Фараби, к.ю.н.



Кусаинова А.К.

старший преподаватель кафедры гражданского права и гражданского процесса, трудового права КазНУ им. аль-Фараби

ОСОБЕННОСТИ РАССМОТРЕНИЯ ОБРАЩЕНИЙ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА КОНСТИТУЦИОННЫМ СОВЕТОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Түйін: Мақала Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Кеңеске жолдану мәселелерін зерттеуге арналған, конституциялық өндірістің қаралу ерекшеліктері зертелген. Конституциялық Кеңеске жолдау мәселелері көтеріліп, ҚР Президентінің конституциялық бақылау органдарымен арақатынасы институтын жетілдіру жолдары ұсынылады.

Резюме: Статья посвящена исследованию вопросов обращения Президента Казахстана в Конституционный совет, особенностям рассмотрения и процедуре конституционного производства. Поднимаются проблемы, связанные с обращениями в Конституционный Совет и предлагаются пути совершенствования института взаимодействия Президента РК с органом конституционного контроля. На основе конкретных обращений в Конституционный совет показана форма и атрибуты обращения Президента РК в Конституционный Совет.

Summary: Article is devoted to a research of questions of the appeal of the President of Kazakhstan to the Constitutional council, the peculiarities of consideration and procedure of constitutional proceedings. Raises issues associated with the cases to the Constitutional Council and ways to improve the interaction Institute President of Kazakhstan with the body of the constitutional control. On the basis of specific references to the Constitutional Council shows the shape and attributes the appeal of the President of the Republic of Kazakhstan of the Constitutional Council.

Согласно ст.72 Конституции РК 1995 года Конституционный совет рассматривает обращения Президента РК, и он наряду с другими субъектами, указанными в Конституции является участником конституционного производства

Конституционное производство – это порядок рассмотрения дел в Конституционном Совете, форма реализации его компетенции. Как отмечает Г.С. Сапарғалиев, - «это не судебное производство, а своеобразное государственное производство, отражающее особенности Конституционного Совета в системе государственных органов», который, «будучи частью государственного механизма», не относится и не тяготеет ни к одной ветви государственной власти [1]. В отличие от конституционных судов, где рассмотрение вопросов о неконституционности актов происходит по правилам гражданского процесса, в Конституционном Совете процесс протекает по системе досье на базе исследования письменных материалов [2].

Наряду с главой государства участниками конституционного производства признаются другие должностные лица и органы, по обращениям которых возбуждено конституционное производство (председатели Палат Парламента; депутаты Парламента численностью не менее одной пятой от их общего числа; Премьер-министр и суды республики), а также государственные органы и должностные лица, конституционность актов которых проверяется.

Если акты главы государства рассматриваются Конституционным Советом на предмет ущем-

ления в них конституционных прав и свобод человека и гражданина по обращению судов, то он также становится участником конституционного производства, но уже с другой стороны – со стороны государственных органов и должностных лиц, конституционность актов которых проверяется. Этот процесс протекает в форме последующего конституционного контроля.

В соответствии с пунктом 2 статьи 20 Конституционного закона от 29 декабря 1995 г. в случае необходимости участники конституционного производства могут иметь своих представителей в Конституционном Совете, полномочия которых оформляются в порядке, предусмотренном гражданским процессуальным законодательством.

Некоторые исследователи акцентируют внимание на установлении сроков обращения в Конституционный Совет по данной группе вопросов [3]. В частности, Б. Пхон предлагает установить двухнедельный срок по вопросу о правильности проведения референдума. Сообщение о его итогах, по его мнению, должны передаваться в средства массовой информации не ранее обозначенного срока и только при отсутствии обращения со стороны уполномоченных субъектов [4].

В соответствии с Конституционным законом «О выборах в Республике Казахстан» Центральная избирательная комиссия на основании протоколов территориальных избирательных комиссий не позднее чем в семидневный срок после выборов устанавливает итоги выборов Президента, принимает соответствующее постановление и регистрирует избранного Президента. Итоги выборов депутатов Сената и Мажилиса в целом по республике также устанавливаются не позднее чем в семидневный срок со дня проведения выборов. Но сроки регистрации депутатов в Конституционном законе не закреплены. Обращения в Конституционный Совет, согласно статьям 68, 84 и 100 данного Конституционного закона, могут быть направлены в Конституционный Совет в течение десяти дней после подведения итогов выборов. В этом случае вступление в должность Президента, регистрация избранных депутатов Сената и Мажилиса приостанавливаются [5].

Однако поскольку сроки для регистрации народных избранников законодательством не установлены, теоретически возможна ситуация, когда они могут быть зарегистрированы сразу же после подведения итогов выборов или на второй-третий день, но до истечения десяти дней, предусмотренных для внесения обращения в орган конституционного контроля. Особенно вероятна эта ситуация, когда проводятся выборы не всего состава Сената или Мажилиса, а отдельных депутатов вместо выбывших. Кроме того, опротестование итогов выборов Президента на стадии вступления в должность вновь избранного главы государства может вызвать

политический кризис, особенно в случае признания выборов не соответствующими Конституции. Поэтому было бы целесообразно определить более поздние сроки для регистрации избранного Президента, по крайней мере, по истечении десятидневного срока для внесения обращений в Конституционный Совет по этому вопросу. Это значит, что итоги выборов Президента могут быть опротестованы в Конституционном Совете не на стадии вступления в должность, а на стадии регистрации.

Если говорить об обращениях в орган конституционной юстиции по поводу правильности проведения республиканского референдума, то сроки для их внесения вообще не установлены. Сами итоги референдума должны быть обнародованы в средствах массовой информации не позднее семи дней после его проведения [6]. Но использование слова «не позднее» не равнозначно словосочетанию «не ранее». Следовательно, Центральная комиссия референдума может подвести итоги референдума и опубликовать их и до истечения семи дней, например, через три дня после проведения голосования. Опубликование итогов всенародного голосования равнозначно приданию обязательной юридической силы закону или иному решению, принятому на референдуме.

Полномочия Президента как участника конституционного производства, а следовательно, и его представителей можно подразделить на три группы. Первая группа охватывает общие полномочия всех участников конституционного производства:

- 1) знакомиться с материалами производства, производить из них выписки и снимать копии;
- 2) представлять доказательства, участвовать в их исследовании и доказывать те обстоятельства, на которые они ссылаются как на основание своих обращений и возражений;
- 3) высказывать Конституционному Совету свои доводы и соображения по всем вопросам, возникающим в ходе конституционного производства;
- 4) заявлять ходатайства и высказывать свое мнение по заявленным ходатайствам;
- 5) давать устные и письменные объяснения Конституционному Совету.

Вторая группа включает специальные полномочия Президента как инициатора конституционного производства: право до начала совещания Конституционного Совета, на котором принимается итоговое решение, изменить основание обращения, увеличить или уменьшить его объем, отказаться от обращения.

Третья группа объединяет специальные полномочия главы государства, если по поводу его актов возбуждено конституционное производство: право признать заявленные в обращении требования полностью или частично, либо возражать против них. Поскольку проверке на конституционность акты Президента допускаются только в порядке после-

дующего контроля, эти полномочия вступают в силу лишь при наличии обращения суда, столкнувшегося в процессе правоприменения с ущемлением конституционных прав и свобод человека и гражданина.

Обязанности для всех участников конституционного производства общие:

1) добросовестно пользоваться своими правами. Сообщение ими Конституционному Совету заведомо ложных сведений или непредставление затребованных Конституционным Советом документов, материалов и иной информации расценивается как неуважение к Конституционному Совету и влечет ответственность по закону;

2) уважительно относиться к Конституции республики, к Конституционному Совету, его требованиям и принятым в Конституционном Совете процедурам;

3) подчиняться распоряжениям председательствующего о соблюдении порядка заседания.

Сама процедура рассмотрения вопросов закреплена не только Конституционным законом от 29 декабря 1995 г., но и Регламентом Конституционного Совета [7].

Поступившее обращение вносится Председателем Конституционного Совета на рассмотрение Конституционного Совета, заседание которого проводится в трехдневный срок со дня его поступления. Конституционный Совет, проверив обращение, отказывает в принятии обращения к производству и возвращает его, если наряду с называвшимися обстоятельствами:

- конституционность указанного в обращении вопроса уже проверялась Конституционным Советом и имеется сохраняющее юридическую силу решение Конституционного Совета;

- указанный в обращении вопрос не получил разрешения в Конституции;

- акт, конституционность которого оспаривается, отменен или утратил силу.

Материалы по принятому к производству обращению по распоряжению Председателя Конституционного Совета подготавливаются одним из членов или несколькими членами Конституционного Совета. Для этого они наделяется комплексом полномочий: определяет участников конституционного производства, разъясняет им их права и обязанности; истребует относящиеся к предмету обращения необходимые документы и иную информацию; при необходимости опрашивает соответствующих должностных лиц, привлекает ученых, практических работников в качестве специалистов, экспертов и поручает производство проверок, исследований, экспертиз; готовит проект решения Конституционного Совета и т.д.

Рассмотрение обращений Конституционным Советом производится в заседании под председательством его Председателя в назначенное время.

Заседание состоит из трех частей:

- вступительной, в процессе которой проверяется кворум членов Совета и явка участников конституционного производства, им разъясняются права и обязанности, определяются их ходатайства и пр.;

- основной, в процессе которой осуществляется рассмотрение вопроса;

- заключительной, на которой принимается решение Конституционного Совета.

Президент либо его представители, в случае необходимости, по собственному желанию либо по требованию Конституционного Совета могут участвовать в заседании Конституционного Совета, на котором рассматривается принятое к производству обращение. Но, как показывает практика, практически при рассмотрении любого обращения главы государства его представители присутствуют на заседании. При необходимости могут быть заслушаны объяснения и выступления участников конституционного производства, экспертов, специалистов и других приглашенных лиц.

Конституционное производство может быть прекращено на любой стадии, но до вынесения итогового решения в случаях:

1) отказа субъекта от заявленного им обращения;

2) отмены или утраты юридической силы акта, конституционность которого оспаривается;

3) неподведомственности заявленного обращения Конституционному Совету.

Решение Конституционного Совета о прекращении конституционного производства по заявленному обращению лишает субъекта обращения возможности повторно обратиться в Конституционный Совет по тем же основаниям.

Конституция и Конституционный закон от 29 декабря 1995 г. закрепляют общий и специальный сроки для рассмотрения обращений и вынесения решений Конституционного Совета. Общий срок для вынесения итогового решения - в течение месяца со дня поступления обращения. Специальный срок предполагает ускоренную процедуру рассмотрения вопроса и составляет 10 дней. Введение сокращенного срока допускается лишь по требованию Президента, изложенному в письменной форме, а также, если вопрос не терпит отлагательства.

Однако ни Конституция, ни Конституционный закон от 29 декабря 1995 г., ни Регламент Конституционного Совета не предусматривают последствий нарушения органом конституционного контроля сроков рассмотрения обращений и вынесения окончательного (итогового) решения. К примеру, Конституционный Совет превысил месячный срок для вынесения решения по обращению группы депутатов Мажилиса об официальном толковании пунктов 1 и 3 статьи 41 и пункта 1 статьи 94 Конституции. Постановление Совета было принято 19 августа 2005 г. и опубликовано в официальных из-

даниях (газетах «Казахстанская правда» и «Егемен Қазақстан» 25 августа 2005 г. [8].

Что касается обнародования решения, то в Конституционном законе от 29 декабря 1995 г. «О Конституционном Совете Республики Казахстан» и его Регламенте сроки опубликования решений Конституционного Совета не установлены. В то же время законодательно предусмотрены сроки (в течение двух дней) направления принятых решений субъектам обращения или их представителям, Президенту, Палатам Парламента, Верховному Суду, Генеральному прокурору, министру юстиции (статья 41). На наш взгляд, эти же сроки должны быть закреплены и для официального опубликования итоговых решений Совета. Ведь политическая составляющая многих постановлений органа по защите Конституции настолько высока, что необоснованное затягивание с обнародованием принятых решений излишне будоражит общественное мнение.

Необходимо заметить, что Конституция не оговаривает, при рассмотрении каких обращений высшее должностное лицо страны вправе потребовать сокращенного срока для вынесения решения Конституционным Советом. В частности, касается ли это требование производств дел по обращениям других субъектов, в том числе судов?

Представляется, что поскольку Конституция или Конституционный закон устанавливают общие предельные сроки (не более одного месяца) для рассмотрения любых категорий дел, возбужденных по инициативе разных субъектов, то и специальный срок может быть только один. Поэтому Президент вправе требовать сокращения срока не только, если он обращался лично, но и по обращениям других субъектов.

Здесь необходимо, во-первых, закрепить механизм обращений к Президенту от субъектов, указанных в статье 72 Конституции. Председатели Палат и депутаты Парламента, Премьер-министр и суды должны получить право обращаться к Президенту с ходатайством о сокращении срока вынесения итогового решения Конституционного Совета по их обращениям. При этом свое ходатайство данные субъекты должны мотивировать. Данный механизм, на наш взгляд, следует отразить в Регламентах Конституционного Совета, Парламента и Правительства, актах, определяющих внутреннюю деятельность судов, либо в Положении об Администрации Президента.

Во-первых, нужно выявить критерии для понятия «вопрос не терпит отлагательства». В данном случае, конечно, можно называть разные обстоятельства. Но, по-видимому, основными будут те из них, которые связаны с правами и свободами граждан и нормальным функционированием органов власти. Иными словами, критериями срочности бу-

дут выступать такие обстоятельства, которые могут вызывать существенные нарушения прав человека с необратимыми последствиями, а также способные привести к нарушению порядка работы соответствующего органа и конфликтам между ветвями власти.

Полагаем, что Президент, используя свое конституционное право, мог бы обратиться в Конституционный Совет с ходатайством дать официальное толкование пункта 3 статьи 73 Конституции в части разъяснения данного положения.

Кроме того, статью 11 Конституционного закона «О Президенте Республики Казахстан» целесообразно дополнить нормой о праве Президента потребовать сокращения срока рассмотрения и вынесения решений Конституционным Советом. Указанная статья исчерпывающе закрепляет другие конституционные полномочия главы государства в отношении органа, обеспечивающего верховенство Конституции, но почему-то указанная норма не была включена в Конституционный закон.

Необходимо также определить форму (название) акта, с которым Президент обращается в Конституционный Совет о сокращении срока: «требование», «письмо», «предписание» или иное название. Пока этот вопрос никак не урегулирован и остается на усмотрение самого Президента.

Литературы:

1. Сапарғалиев Г.С. Конституционное право Республики Казахстан. – С.273.
2. Шопин В., Раисова Ж. Сравнительный анализ статуса и компетенции органов конституционного контроля России и Казахстана //Правовая реформа в Казахстане. – 2005. - № 1. – С.38.
3. Пильников А.И. Органы конституционной юстиции в обеспечении прав человека: исторический и современный опыт (на материалах Республики Казахстан). – С.17-18; Пхон Б. Организационно-правовые проблемы республиканского референдума. Автореф. дис...канд. юрид. наук. - Алматы, 1998. – С.17.
4. Пхон Б. Организационно-правовые проблемы республиканского референдума. Автореф. дис...канд.юрид. наук.-Алматы, 1998.– С.17.
5. Конституционный закон РК от 28 сентября 1995 г. «О выборах в Республике Казахстан» //Ведомости Верховного Совета РК. - 1995. - № 17-18. - Ст.114.
6. Конституционный закон РК от 2 ноября 1995 г. «О республиканском референдуме» //Ведомости Верховного Совета РК. - 1995. - № 22. - Ст.131.
7. Регламент Конституционного Совета Республики Казахстан. Утвержден постановлением Конституционного Совета РК от 19 апреля 2002 г. № 1 //Юридическая газета. - 2002. - 15 мая.
8. Постановление Конституционного Совета от 19 августа 2005 г. № 5 «Об официальном толковании пунктов 1 и 3 статьи 41 пункта 1 статьи 94 Конституции Республики Казахстан» //Казахстанская правда. – 2005. - 25 августа.



Мыңбатырова Н.Қ.

з.ғ.к., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының доценті

ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫНДА ҚҰН ДАУЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛҒАН ПРЕЦЕДЕНТТІК ШЕШІМДЕР

Summary. The article is devoted to research of features of the precedent sudoproizvodstva and exemplary court decisions Kazakh judges-biys during the consideration of the criminal-procedural disputes the category of "kun". The article based on the analysis of specific court decisions, reveals the court samples of art of the Kazakh biys dispute resolution category of "kun". In particular, demonstrada examples of professional skill of judges to reconcile the contending parties, including the pretrial stages of the process.

Examines the contents and peculiarities of the basic principles of criminal disputes in the Biy court. In particular, special emphasis is placed on ensuring impartiality and objectivity of justice that was essential in traditional tribal society and nomadic economy of the Kazakhs.

Keywords: «Kuhn», «Yip», customary law, traditional society of Kazakhs, criminal disputes, conciliation, settlement agreement, a landmark decision, the tribal society

Резюме. Статья посвящена исследованию особенностей прецедентного судопроизводства и образцовых судебных решений, принятых казахскими судьями-биями в ходе рассмотрения уголовно-процессуальных споров категории «кун». В статье на основе анализа конкретных судебных решений, раскрываются образцы судебного искусства казахских биев по разрешению споров категории «кун». В частности, демонстрируются примеры профессионального мастерства биев по примирению спорящих сторон, в том числе, на досудебных стадиях процесса.

Также исследуются содержание и особенности основных принципов решения уголовных споров в суде биев. В частности, особый акцент делается на вопросах обеспечения беспристрастности и объективности судопроизводства, которые имели важнейшее значение в условиях традиционного родового общества и кочевого хозяйства казахов.

Түйін сөздер: құн, айып, дәстүрлі қазақ қоғамы, билер соты, бітім, шешім, ру, тайпа, ел бірлігі, аумақтық тұтастық

Түйін. Жұмыстың мақсаты – дәстүрлі қазақ қоғамында билер сотының құн дауын шешу бағытында ұстанған қағидаларының, қолданған нормаларының ерекшеліктерін зерделеу болып табылады. Кейбір билік шешімдер негізінде қазақ билерінің құн даулары саласындағы бітімгерлік шеберлігіне талдау жасау көзделеді. Жұмыстың методологиялық негізін жалпы танымдық принциптер мен арнайы ғылыми әдістердің іштей бірлігі мен байланысы құрады. Жұмысты орындауда жүйелік, тарихилық, салыстырмалы сараптау әдістері қолданылды. Өлім-жарақаттан, құн өндіруден туған қазақ рулары мен тайпалары арасындағы дауларды шешу барысында қазақ билері ең басты бағдар есебінде елдің бірлігі мен тыныштығын сақтау, ынтымағын бұзбау, сызат түскен ағайын жарастығы болса оны қалпына келтіру қағидаларын ұстанды. Осы бағыт-бағдар, қағида-құндылықтардың талаптары аумағында сот шешімдерін қабылдау үшін судья-билер бар қажыр-қайратын, ақыл-білімін, шешендігі мен шеберлігін пайдаланды. Автордың қол жеткізген нәтижелерін құқықтық саладағы реформаларды жүргізу барысында халықтың дәстүрлі құқықтанымын ескеру бағытында пайдалануға болады. Заң факультетінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, құқықтық және саяси ілімдер тарихы пәндерін оқыту процесінде қолдануға болады.

Қазақ әдет құқығы пайда болып қалыптаса бастаған кезден-ақ оның құрамында адам өмірі мен оның денесінің саулығын қорғауға арналған қағидалар мен нормалар жүйесі түзіліп қалыптаса бастады. Бұл нормалар әуелде «қанға – қан, жанға – жан» қағидасы негізінде топтасып, іске асса, бірте-бірте бұл қағиданы «құн төлеу» институты ығыстыра бастағанын байқауға болады. Құн төлеудің негізінде адам өлімі үшін немесе адамның денесіне жарақат түсіргені үшін белгілі бір мөлшерде материалдық төлем ақы төлеу керек деген ой-сана жатты.

Дәстүрлі қазақ қоғамында құн даулары «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысында» т.б. көрсетілген нормалар бойынша шешілетін. Сондықтан осы заң жинақтарында адам өлімі үшін және жарақат салғаны үшін қандай жазалар белгілегенін келтіре кеткен жөн. Мысалы, көшпелі қазақ қоғамын зерттеуші белгілі орыс ғалымы А.И.Левшин «Жеті жарғыға» сілтеме жасай отырып былай деп жазады: «по сим постановлениям, родственники убитого имеют право лишать жизни убийцу, а отрубивший руку, ногу, ухо и прочее должен быть лишен той же части тела. Впрочем, наказания могут быть смягчаемы по приговорам судей или согласно истцов, и тогда преступник наказывается только установленно за всякое преступление платою. Убийца возвращает себе жизнь, платя кун, т.е. отдавая за каждого убитого мужчину 1000, а за женщину 500 баранов. Изувечивший или отрубивший другому какой-нибудь член платит равным образом определенное число скота. Большой палец стоит 100 баранов, мизинец 20, и так далее» [1. с. 367]. Ал, «Жеті жарғының» белгілі зерттеушісі Н.Өсерұлы бұл тізбекті былай жалғастырады: «Екі көзді шығарса – толық құн; бір көзіне – жарты құн; екі құлағын кессе – жарты құн; екі қолын кессе, мүгедек етсе – толық құн; әрбір саусағы үшін оннан бір құн; әйелдің екі емшегін кессе – толық құн; еркек піштірілсе – толық құн; қатты соққыдан адам жынды болса – толық құн; жаңа біліне бастаған нәресте үшін – бір тоғыз айып; 5 айлыққа дейін – 3 тоғыз; 5 айлықтан жарық көргенше – жарты құн; ал жарық көрсе – толық құн» [2. 46 б.].

«Жеті жарғы» сұлтандар мен қожалардың өлімі үшін жеті құн төленуі керек деп бекіткен. Бұл заңда сондай-ақ өлім-жарақаттың басқа түрлеріне де нақты жазалар белгіленген еді. А.И.Левшиннің айтуы бойынша: «Если жена умертвит мужа, то она непременно предается смертной казни, от которой не может спасти заплата куна, если родственники не простят ее. Из правила сего исключаются беременные жены, которые за убийство мужа не наказываются, но навсегда предаются презрению и почитаются бесчестными. Если муж убьет жену, то он может избавиться от казни, заплатив кун» [1. с. 367].

Мінеки, біз «Жеті жарғының» өлімге және дене жарақатына байланысты баптарынан түгелге жуық үзінді келтірдік. Олардың басты мәні – дәстүрлі қазақ қоғамында «қанға – қан, жанға – жан» принципі біршама ұзақ уақыт бойы өз күшінде болғандығы. «Құн төлеу» қағидасы сол принциппен қатар жүріп отырған, олар екеуі бірінбірі толықтырып, бірімен-бірі жарысып, тіптен қақтығысып, қарама-қайшылықта іске асып отырған.

Сол заманның өлім-жарақатқа байланысты басты егіз қағидасы еді. Оны сол кезеңде өмір

сүрген атақты билердің шешімдерінен аңғаруға болады. Мысалы қазақтың төбе биі деңгейіне көтерілген Төле Әлібекұлының құн дауы бойынша билік шешімдеріне зер салсақ. Төле өз заманының баласы ғана емес, осы «Жеті жарғыны» түзуге қатысқан, оның ең басты авторларының бірі ретінде де осы нормаларды өзінің би ретіндегі қызметінде басшылыққа алып отырғаны аян. Төле «Жеті жарғы» нормаларының орындаушысы ғана емес, сонымен бірге белсенді уағыздаушыларының бірі болды. Төленің құн дауына байланысты нақты биліктеріне келсек, оларды ел-аузында сақталған деректерге және ресми құжаттарда сақталған деректерге сүйене отырып талдау жасамақпыз. Ел жадында сақталған әңгімелердің бірінде Төленің құн дауына қатысып, оны қалай шебер де жылдам шешкендігі баяндалады. Осы дауға байланысты Төленің шешімі «Алмасың болса мойным бар, асылың болса қойным бар» деген қанатты сөзбен ел арасына тараған.

Бұл әңгіменің Н.Төрехұлұлы жазып алған және А.Нысаналы түсірген екі нұсқасы бар: «Ошақты елінің бір батыры барымта кезінде Мамай Жәдігер ауылының Күлназар деген жігітін өлтіріп, құн дауы басталады – деп бастайды Н. Төрехұлұлының нұсқасы – Ақбура атасынан шыққан Бөрібай ақын сол оқиғаны былай жырлапты: «Ошақты Күлназарға құн бермексің, алты атан, алпыс жылқы пұл бермексің. Тұлымды қыз, айдарлы ұл бермексің. Күлназар келіп өлді ауылыңа, ішім оттай күйеді бауырыма. Егерде пұл бермесен, құн бермесен, Есекем таңба басар сауырыңа». Ақынның Есекең деп отырғаны Есенбай, Еспембет батырлар екен. Ошақты кісілері бұл сөзді құлағына қыстырмайды. Жыл артынан жыл жылжып өте беріпті. Сол құнды даулап 14 жасар Едіге атқа қоныпты» [3. 21 б.].

А.Нысаналы нұсқасында Едігенің Төлеге осы дау бойынша аттануы басқаша түсіндіріледі. «... орта жүз Жәдігер Күлнәзір деген кісіні Ұлы жүз Ошақтының жігіттері өлтіріп, теңдік бермей, құн төлемейді, осыған байланысты Жәдігерден төрт кісі Төле бидің алдына келсе, би жөнді сөйлеспейді. Талапкердің біріншісін тындап оң қолын, екіншісін тындап сол қолын созады. – Япырым-ай, мына екеуінен сөз қалды ма? – деп үшінші кісі сөйлегенде Төле үстіңгі ернін, төртінші кісі сөйлегенде Төле астыңғы ернін созады. Төртеуі арылып, Төле биден бір ауыз жауап ала алмай еліне келіп, көрген-білгенін айтқанда, Айдабол Едіге би былай депті: – Төле бидің ишарасы төртеуіне берген бағасы екен. Алғашқы екеуің сөйлегенде, екі қолын созғаны «Сендер ұзын сойыл, ұрдажық екенсіңдер» дегені. Кейінгі екеуің сөйлегенде ернін созғаны «Сендер ағайынды екі адамның арасына өсек тасып, ас ішерлік қана адам екенсіңдер. Сендер бітім сөз сөйлеп, дауды бітіре алмайсыңдар» – деп қайырған екен. Ел сонда Төлеге Едігенің өзін жұмсайды [4. 36 б.].

Бұл нұсқадан байқайтынымыз, Төленің өз заманындағы адам танығыш көреген әрі сыншы кісі болғандығы. Сонымен бірге Төленің көрінгенді қабылдай бермейтін пандығы, алдына адам келтіре бермейтін талғампаздығы да сезіліп қалады.

Әңгіме-дерек бойынша Едіге «...Қасына он шақты кісі ертіп Төле би аулына келсе, би алдынан шығып амандасып, «Алмасыңа мойным бар, асылыңа қойным бар» деп жүріп кетіпті. Едіге «Би, мойын бұрмайсыз ба?» – деген екен, Төле: «Жарлық сізден болғанда, жабдық бізден» депті. Едіге: «Төле би осы болса, дау бітті. Ертең жасаулап қыз береді» – дейді жолдастарына. Айтқанымдай, Төле би қонақтарды алты арыс Арғынға түйе бастатқан бас тоғыз, төрт ауыл Төртуылға ат бастатқан орта тоғыз жолымен жасаулап қыз беріп, разы етіп қайырады» [4. 36 б.].

Н.Төрөкұлұлының нұсқасында дау сәл басқаша бітеді. Төле би өз шешімін былайша жеткізеді: «Алты атасын арқалап жүрген кім бар? Жеті атасын жетелеп жүрген кім бар? Алмасың болса мойным бар, асылың болса қойным бар. Бұл даудың кесімі осы болса қайтеді, ағайын!

Аға бидің бұл шешіміне бәрінен бұрын түсіне қойған Едіге бала:

- О, қадірлі ата! Білек кімдікі болса, киіз соныкі, ауыз кімдікі болса сөз соныкі. Айтылған сөз – атылған оқ, ол қайтып келмейді. Жарлық өзіңізден болды, енді жабық та өзіңізден болсын! – депті. Ертеніне ошақты елі алты атан бастатып, жасауымен Мамай Жәдігер аулына бір қыз ұзатыпты» [3. 22 б.].

Бұл жерде көңіл аударатын екі түрлі нәрсе бар. Біріншіден, Төленің бұл дауға алдын-ала дайын екендігі және даудың шешімін тез тауып қойғандығы. Екі нұсқа бойынша да Төле көп сөзге бармай даудың бітімін бірден айтады – «Алмасың болса мойным бар, асылың болса қойным бар». Яғни, Төле ошақты елі өз кінәсін мойындамады, «қанды кек» жолымен жүрсеңіздер де, «құн төлеу» жолымен жүрсеңіздер де дайынбыз дегенді осы сөзбен білдіреді. Едігенің «қанға-қан» деп келмегендігін Төле бірден түсініп, оған «құн» береді және «асылың болса қойным бар» деп, осы сөз арқылы құнның құрамында жасаулы қыз бар екендігін сездіреді.

Екінші мәселе, А.Нысаналының нұсқасы бойынша Төле Едігеге «Жарлық сізден болғанда, жабдық бізден» деген сөзді айтады. Шамасы, осы сөз арқылы Төле құн төлеу жәйлі шешімді Едігенің өз елі шығарғанын және соған ошақтылардың келісетіндігін білдірсе керек.

Ал Н.Төрөкұлұлының нұсқасы бойынша бұл сөзді Едіге Төлеге айтады. Себебі, бұл нұсқада құн төлеу жәйлі шешімді Төленің өзі айтады. Сондықтан Едіге Төлеге «Жарлық өзіңізден бол-

ды, енді жабдық та өзіңізден болсын» – дейді. Демек, бұл жерде жарлық – шешім, билік сөз деген мағынаны беріп тұр.

Жалпы бұл дау Төленің шын мәнінде бір ауыз сөзбен дүйім елдің арасындағы түйіні шешілмей жүрген талас-тартыстарды шешіп кете берер өрелі би екендігін көрсетеді.

Төленің тарихи әрі ресми құжаттар арқылы хатталып бізге жеткен биліктерінің бірі – Әбілхайыр ханның өліміне байланысты туындаған құн дауына араласып, соны шешуі. Орыс деректері Әбілхайыр хан мен Барақ сұлтан арасындағы ерегіс-егестің себеп-салдарын біршама толық қалпына келтіруге мүмкіндік береді [5. 106 б.]. Бұл ерегіс біріншіден, екі шыңғыс ұрпағы арасындағы ежелден келе жатқан бақталастықтан бастау алады. Екіншіден, Әбілхайырдың орыс әкімшілігіне жақындығы Барақтың да басқа сұлтандардың да көптен қытығына тиіп жүрген түйткіл іс болса керек. Үшіншіден, Әбілхайыр Бараққа Хиуадан арнайы келе жатқан керуенді тонап, тікелей мүліктік зиян тигізеді және оның намысына тиерлік іс-әрекет жасаған. Төртіншіден, Кіші жүз жеріндегі қарақалпақтарға билік жүргізу үшін талас та бұрыннан келе жатқан өшпенділікті өршіте түседі. Бұл өшпенділіктің аяғы Әбілхайырдың өліміне әкеліп соғады.

Әбілхайырдың өліміне жалғыз Барақ кінәлі емес екендігі орыс деректерінен көрініп-ақ тұр. Ұрыс үстінде Әбілхайырға қару жұмсаған бірнеше адам болғандығы байқалады. Солардың ішінде аты аталатындары Барақтың баласы Қайып және Сырымбет батыр. Ал, Барақ Әбілхайыр ханға соңғы сокқы беріп, оны о дүниеге өз қолымен аттандырған жан есебінде бейнеленеді.

Бірінші билер соты Барақ сұлтанды Әбілхайырдың өлімі үшін айыпты деп, «Жеті жарғыға» сәйкес осы өлім үшін жеті құн төлеуі тиіс деп шешеді. Бірақ, Әбілхайырдың ұлы Ералы сұлтан айыпкерлерден екі құн алып, қалған құнды алмай, әкесінің өліміне кінәлі жанның бірі Сырымбет батырды өз қолымен өлтіреді [5. 134 б.].

Әбілхайырдың балалары мұнымен де тыныш таппайды. Олар Барақ сұлтанның өзінен кек қайтарудан бас тартпайды. Сондықтан Барақ сұлтан енді екінші рет билер сотына шағымдануға мәжбүр болады. Бұл жолы ол тікелей Төле бидің өзі бас би болып бұл дауды түбегейлі шешіп беруін сұрайды. Төле Әлібекұлы Барақтың бұл ұсынысын қабыл алады [5. 95 б.].

Ал, Н.Төрөкұлұлының пікірінше Барақты екінші рет жауапқа тартуды сұрап, Төлеге барушы Әбілхайыр ханның балалары «Төле би бұл билікке қатысу үшін Әйтеке би, Сырымбет би, Есейхан би, Жалған би, Досай би, Даба би, Қабек би тағы бірқатар бектерді шақырып, сот жүргізеді. Би тартыстары біразға созылады. Ақырында Төле бидің қорытынды билігі бойынша Әбілхайыр балала-

рының шағымы негізсіз, ағайын арасындағы алауыздық, бас араздық деп тауып, Барақ сұлтанның басын даудан арашалап алады» [6. 75 б.].

Бірақ басы ашық бір нәрсе бар – ол Төле бидің осы екінші билер сотында Барақты қанды кек алу жолынан арашалап алуы. Төле алғашқы билер сотының шешімі дұрыс деп тауып, Бараққа екінші рет жаза қолдануды дұрыс емес деп табады. Ол бұрыннан келе жатқан «Бір қойдан екі рет тері сыпырылмайды» деген үлгілі шешімді (соттық прецедентті) ұтымды пайдаланады [7. 509 б.]. Сөйтіп, Бараққа бұрын билер соты үкім шығарған және ол үкім орындалған (Әбілқайыр балаларының екі құн алып және Сырымбетті өлтіруі) деген түйінге келіп, енді Бараққа қайта жаза қолданбауы тиіс деген шешім шығарады.

Көріп отырғанымыздай Барақ пен Әбілқайыр балалары арасындағы құн дауын шешу барысында да билер соты, ең алдымен, бүкіл қазақ халқының бірлігін, ынтымағын ойлап, соны қамтамасыз етуге тырысқан ел жанашырлары ретінде іс-әрекет жасайды. Олардың би ретіндегі шешімінің негізінде де осы мақсат жатқаны байқалады. Сонымен бірге, олардың билігі қазақ қоғамында қалыптасқан құқықтық қағидалар мен нормалардың аясында шығарылып және оны шебер қолданғандығы аңғарылады.

Төленің құн дауын реттеуге қосқан тағы бір жаңалығы ретінде оның суықта тоңып өлген адамға қатысты шығарған нақты билігін алға тартуға болады. Т.Әлібекұлы суықта қатып өлген адамға дер кезінде көмектеспеді деп айыпталған кісіге мынадай үкім шығарған. Егер ол қасқыр ішікте болса, өлген адам үшін жарты құн төлеуі тиіс, ал қой терісінен тігілген тонда болса ақталуы тиіс деген. Семей облыстық статистикалық комитетінің қазақ әдет құқығы жәйлі материалында бұл шешім жәйлі былай айтылған: «...бий Туле, разби-

рая дело о замерзшем человеке, котораго не спас проезжающий, выразился о последнем, что он должен уплатить 1/2 куна за замерзшаго, если был сам в волчьей шубе и должен быть оправдан, если был в бараньей шубе» [8. с. 384].

Ч. Валиханов акцентировал внимание на демократизме и гуманизме обычного казахского права: обычное право киргизов по аналогии более высокого развития с более низким, на которое так часто ссылаются, более гуманно, чем, например, законодательство мусульманское, русское или китайское. В киргизских законах нет устрашающих и предупредительных мер, которые во множестве присутствуют в новейших европейских кодексах. У киргизов никогда не существовали телесные наказания. А правовые законы, согласно которым члены рода несут ответственность за своего родича, являются весьма полезными [4, с. 94].

«Казахское обычное право – это неписаное право», – писал академик С. Зиманов. Оно построено на основных нормативных институтах и множестве легко запоминающихся, кратких и выразительных изречений, которые содержат основные процессуальные и материальные нормативы. Процессуальные нормативы представляют собой отправные начала для вычленения конкретных правовых норм, соответствующих конкретным жизненным ситуациям [5, с. 25].

В казахском обществе существовала определенная кочевничья демократия, которая проявлялась в относительной незакабаленности людей деспотическими устоями, в определенной степени свободе и равенстве женщин, отсутствии рабского поклонения перед властью. Власть казахских ханов не была деспотичной, а кочевые казахские племена, если возникал конфликт с представителями жузов или родов, могли откочевать на другие земли. Права людей в описываемое время регулировались законами Тауке-хана – Жеті Жарғы, в котором были закреплены экономические и гражданские права индивидов. Политические права, которые были предоставлены определенным слоям общества, выражались посредством института выборности ханов.

Большое значение имел институт биев, который был призван выполнять судебно-административные функции по разрешению коллективных или индивидуальных споров, при этом демократичность данного института заключалась в получении тем или иным человеком звания бия исключительно на основании собственного авторитета в народе.

После колонизации казахских земель традиционные формы защиты прав и свобод были разрушены царским режимом. В мусульманском обществе, в основе которой лежит религия ислам, целью управления поведением индивида является соот-

ветствие интересам правоверных, в целом ислама. Человек, который осмеливался противопоставить себя данному режиму, подвергался суровым наказаниям, его считали отступником ислама. Мусульманское право обладало религиозным характером, в связи с этим реализация установленных им норм в глазах правоверных становилось религиозной обязанностью. Мусульманское право было призвано регулировать не только внешнее поведение мусульман, но и внутреннюю мотивацию, лежащую в основе его постулатов. Этим определяется сознательное и добровольное подчинение человека общности, которая основана на предписаниях ислама и одновременно является верой в государство. Идея прав человека и его притязаний на власть в контексте исламской культуры обозначало посягательство на нерушимость религиозных установлений [6, 3038 с.].

С распространением ислама на Казахстане в повседневной жизни людей получили распространение и «ата-салты», и мусульманские установки, – кочевая часть населения руководствовалась патриархально-родовыми установлениями, а оседлая – в большей степени мусульманскими правами.

На известный индифферентизм казахов по отношению к мусульманскому вероучению указывали и ученые советского периода. Так, например, М.О. Ауэзов утверждал: «В массе своей кыргызский народ не был фанатичным... Догматы ислама им были мало известны, религиозные обряды выполнялись не точно и не всеми».

На основе вышесказанного можно полагать, что общественная и семейная жизнь казахского общества в прошлом регулировалась как национальными адатами, так и мусульманским правом. Но степень их действия зависела от конкретно-исторических условий.

Необходимо отметить, что в традиционном мировоззрении казахов всегда имел место принцип терпимости. Исторический факт того, что по трассе Великого Шелкового пути, проходившего по Казахской степи, стояли мечети и церкви, синагоги и костелы, также подтверждает толерантность казахского народа.

В казахской степи наиболее важным основанием правомерности власти была ее справедливость. По этой причине культурные основы законности норм обычного права шире тех рамок, которые очерчиваются историческим периодом практического использования ее норм в судебно-правовой системе страны. Без преувеличения можно утверждать о том, что в обычном казахском праве воплотились общечеловеческие универсальные, такие как гуманизм, социальная справедливость, уважение к личности и защита ее основных прав и свобод.

Необходимо отметить, что обычные нормы и идеи, усвоенные сознанием людей, конечно, не об-

новлялись моментально из-за изменения условий жизни. Были необходимы дополнительные меры, которые способствовали бы внедрению нового правового сознания в сознание людей. Таким образом неустанные усилия Советской власти по повышению образовательного и культурного уровня народа, его политической сознательности позволили ей убедить народ относительно справедливости действий советских юридических учреждений.

Следующий этап охватывает период с 1917 по 1990 гг., когда Казахстан шел по пути эволюции к моменту обретения государственной независимости. В соответствии Конституцией СССР 1936 года Казахская АССР была преобразована в союзную республику. 18 февраля 1926 года была принята Конституция Постановлением ЦИКа Казахской АССР.

С принятием в 1977 году Конституции СССР и Конституций союзных республик, а также и в 1978 году Казахстана, углубились сферы совместного круга полномочий СССР и союзных республик. Поскольку в Конституции 1977 года компетенция СССР закреплялась в общих расплывчатых формулировках – в тексте отсутствовал «перечень общесоюзных союзно-республиканских министерств и государственных комитетов СССР, не было каких-либо ссылок на договор об образовании СССР 1922 года. Отсутствовали положения о принципах распределения компетенции между СССР и союзными республиками, и содержался лишь общий перечень полномочий Союза и отдельные указания относительно того, какие именно и в каких областях общественной жизни должны приниматься союзные законодательные акты. В тексте Конституции также в крайне общей форме говорилось об обеспечении Союзом единства законодательного регулирования на всей территории страны. Особо было отмечено, что Союз ССР лишь устанавливает общие начала организации и деятельности республиканских и местных органов государственной власти», что фактически привело к дублированию республиками союзных актов и по существу к ограничению их полномочий в законодательной и управленческой деятельности, что, несомненно, оказывало свое влияние на формирование правосознания в казахстанском обществе.

После распада СССР 16 декабря 1991 года в Казахстане был принят Конституционный закон Республики Казахстан от 16 декабря 1991 года № 1007-ХІІ «О государственной независимости Республики Казахстан», в котором было заявлено: «Республика Казахстан – независимое, демократическое и правовое государство. Она обладает всей полнотой власти на своей территории, самостоятельно определяет и проводит внутреннюю и внешнюю политику. Республика Казахстан строит свои взаимоотношения со всеми государствами на принципах международного права. Республика Ка-

захстан открыта для признания ее государственной независимости другими государствами. На всей территории Республики Казахстан действуют Конституция и законы Республики Казахстан, а также признанные ею нормы международного права. Территория Республики Казахстан в существующих границах является целостной, неделимой и неприкосновенной».

28 января 1993 года Верховным Советом Казахской ССР была принята Конституция Республики Казахстан как основа формирования правового сознания граждан. Казахстан «провозглашался неотъемлемой частью мирового сообщества, подтверждалась приверженность республики международным нормам и курсу на создание демократического и правового государства. Конституция провозглашала межнациональное согласие в стране при главенстве казахской нации, обеспечивала равные права и свободы всем гражданам, закрепляла права и в равной степени обязанности человека. По Конституции, государственным языком в республике являлся казахский язык, а русский язык получил статус языка межнационального общения. Запрещались ограничения прав и свобод граждан по признаку незнания государственного языка или языка межнационального общения».

Важнейшим механизмом реализации государственной власти всегда являлось право. Роль права заключается в том, что в отличие от других норм социального регулирования, оно закрепляет устойчивую форму государства, гарантирует права и свободы человека. Для эффективного функционирования право должно стать общеобязательным законом, так как закон – это официальная конкретизация права, суверенная воля государства. Так, в разделе «Основы конституционного строя» было сказано, что «Конституция Республики Казахстан обладает высшей юридической силой, ее нормы имеют прямое действие. Законы и иные акты, противоречащие положениям Конституции, не имеют юридической силы».

Народ Казахстана является единственным источником государственной власти республики. Народ осуществляет государственную власть непосредственно и через своих представителей. Никакая часть народа либо организация, или отдельная личность не могут присвоить себе право осуществления государственной власти».

Необходимо отметить, что в Конституции 1993 года не была ясно сформулирована форма правления. В то время страна одновременно обладала признаками и президентской, и парламентской республики. В конституции 1993 года не содержались такие понятия, как «общественное согласие» и «политическая стабильность», «экономическое развитие на благо народа», «казахстанский патриотизм», «голосование на республиканском референдуме». Все эти понятия были введены позже – в

действующую и поныне Конституцию 1995 года. Таким образом, «казахстанская модель политической системы в своем развитии прошла в первой половине 1990-х годов три этапа. На первом этапе (март 1990 года – ноябрь 1991 года) идет становление парламентской республики. На втором этапе (с декабря 1991 года по январь 1993 года) формируется полупрезидентская республика. На третьем этапе (с января 1993 года по март 1995 года) проявляются черты как парламентской, так и президентской (особенно с декабря 1993 года) республики. Укрепление государственного суверенитета и института президентства. Конституция Республики Казахстан 1995 года. 30 августа 1995 года во всенародном референдуме приняли участие 212 773 граждан, или 81,14% электората. Только 9,9% участников референдума высказались отрицательно. В итоге за новую Конституцию Республики проголосовало 89% участников референдума. По Конституции Республика Казахстан является демократическим, светским, унитарным, социально-правовым государством. По существу, Казахстан стал государством с президентской формой правления. Конституция установила демократические принципы разделения власти в республике на законодательную, исполнительную и судебную ветви, которые взаимодействуют на принципах сдерживания и равновесия. Принципиальным было положение, что институт президентства отныне стал олицетворением единства государства и народа Казахстана, а по Конституции 1993 года он находился в рамках исполнительной власти.»

С обретением статуса суверенного независимого государства, субъекта международного права, стал развиваться «собственный» процесс законодательства, влияющий на формирование правосознания людей, роста их правовой культуры, становление основ гражданского общества. Правовая культура имеет огромную роль с точки зрения укрепления в обществе законности и правопорядка, обеспечения социальной справедливости, утверждение такой нравственной атмосферы, в которой человек может свободно жить и трудиться. При этом очевидно, что одной из причин низкого уровня правовой культуры в обществе является «отчуждение» гражданина от процессов управления общественными и государственными делами, от проповедуемых властью ценностей.

Формирование правовой культуры личности является сложным процессом, включающим в себя социальные и психологические факторы. Правовая культура личности отражает ее подготовленность к восприятию прогрессивных законов и идей и характеризуется отсутствием / наличием определенных правовых культурных ориентаций [7, с. 5].

Правовая культура является отражением не только высокого уровня правового сознания, но и

высокого качества всей юридической деятельности независимо от того, кто конкретно ее осуществляет: государственный или общественный орган, должностное лицо, группа граждан или отдельный человек.

В результате исследования правосознания казахстанского общества допустимо отметить, что теория правосознания должна опираться на новые эмпирические данные, которые должны быть получены с учетом новейших достижений научной деятельности на основе использования современных методик исследования, учитывающих как общие, так и специфические для Казахстана особенности формирования и развития правосознания гражданского общества.

Для анализа развития правосознания в современном казахстанском обществе немаловажную роль играет факт принятия Основного закона в 1995 году. В преамбуле Конституции сказано: «Мы, народ Казахстана, объединенный общей исторической судьбой, созидая государственность на исконной казахской земле, сознавая себя миролюбивым гражданским обществом, приверженным идеалам свободы, равенства и согласия, желая занять достойное место в мировом сообществе, осознавая свою высокую ответственность перед нынешним и будущими поколениями, исходя из своего суверенного права, принимаем настоящую Конституцию» [8].

Если рассматривать соотношение права и правосознания в различные исторические этапы, то в качестве критерия можно рассмотреть право человека на жизнь. Субъективное восприятие права свойственно первобытнообщинной формации, «когда понятия общества в современном понимании не существовало, когда господствовал эгоизм как основа морали. С началом выделения человеком представлений о добре и зле неизбежно зарождалось и понимание им, как должно поступать. В этот период каждый сам определял для себя, что и как он может и должен делать. Главенствовал тезис: все, что хорошо для меня, то и хорошо. Вопрос о жизни человека решался просто. Если мне мешает сосед, его надо убить или прогнать. При этом каждый сам определял, что он должен сделать: убить или прогнать. Таким образом человек создавал свое субъективное проправо.»

Следующему периоду развития общества соответствовал уже такой уровень правосознания, как разумный эгоизм. «С появлением первых социальных образований семьи, рода, племени и народности менялся взгляд на понятия добра и зла. Главенствующим стал тезис: все, что хорошо для моей семьи, рода, племени и народа, то и хорошо. Поэтому убийство человека воспринималось именно с этой стороны. Если убитый человек принадлежал к моему роду, народу, это плохо, если наоборот, то хорошо.

В классовом обществе восприятие права расширило границы тех, кто принадлежал к своим. Стали проявляться элементы космополитичности. Но неоднозначное отношение к убийству человека сохранялось.

По мере развития человечество стало приходить к мысли, что жизнь каждого человека бесценна. Так сформировался гуманистический подход к праву.»

Для выявления места права в системе ценностных ориентаций граждан Республики Казахстан нами были проведены практические исследования.

Нами было опрошено 170 респондентов методом случайной выборки, которым было предложено ответить на вопросы анкеты.


Одним из вопросов которой опрос мнения респондентов о том, является ли Казахстан сегодня правовым государством. По результатам опроса можно сделать вывод, что для большинства опрошиваемых Казахстан является правовым государством (рис. 1).

Затруднились ответить – 8,9%

В целом является – 59,2%

В целом не является – 38,2%

Рисунок 1 – Мнение респондентов о том, является ли Казахстан правовым государством



60% положительных ответов, на наш взгляд, цифра недостаточно высокая. При существовании таких явлений, как коррупция, бюрократия и др. право не является в достаточной мере предметом уважения, а тем более ценностью.

В большей степени право воспринимается как аналог внешнего принуждения, соблюдать которое необходимо, если есть те органы или должностные лица, которые контролируют его соблюдение, однако при отсутствии таковых его можно просто игнорировать.

В такой ситуации в социуме начинают преобладать неправовые («неформальные») элементы, нередко трансформирующиеся в такие явления, как грабеж, мошенничество, насилие и др.

По мнению респондентов о том, что такое правовое государство, были получены следующие результаты:

Когда и граждане, и организации, и властные органы соблюдают законы – 64,2%.




Рисунок 2 – Мнение респондентов о том, что такое правовое государство

Когда в государстве действуют строгие законы в отношении преступников – 10,4%.

Когда каждый гражданин Казахстана может получить помощь адвоката – 9,8%.

Когда «власть не может принимать законы, которые ограничивали бы основные права и свободы граждан – 7,2%».

Затруднились ответить – 8,4% (рис. 2).

По результатам опроса можно заключить, что подавляющее большинство опрошиваемых (64,2%) считают, что правовым считается государство,

в котором законы соблюдаются и гражданами, и организациями, и властными структурами. На втором месте по результатам оказалось определение правового государства, в котором существуют строгие законы для преступников (10,4%). Таким образом, «в сознании казахстанцев утвердились следующие критерии правового государства: соблюдение законов всеми без исключения и соблюдение основных прав и свобод граждан Казахстана властью.»




Рисунок 3 – Мнение респондентов о функциях, которые должно выполнять право

Следующим вопросом анкеты был вопрос о том, какие функции должно выполнять право (рис. 3).

Регулировать взаимоотношения между гражданами и государством – 58,3%

Гарантировать гражданам реализацию их прав – 47,8%

Защищать граждан от преступников – 43,9%

Защищать моральные устои – 5%.

Защищать интересы государства – 3,3%.

На основании полученных результатов можно прийти к заключению, что основной функцией, которое должно реализовывать право, является регуляция взаимоотношений между гражданами и государством, наименьший результат получила такая функция, как защита интересов государства. Данный результат нам видится объяснимым, так как в правовом сознании казахстанцев превалирует личное над общественным, личные интересы, права и свободы над государственными.




Рисунок 4 – Мнение респондентов о роли права в повседневной жизни казахстанского общества

На вопрос, какую роль играет право в жизни общества, были получены следующие варианты ответов (рис. 4):

В Казахстане право регулирует практически все стороны жизни граждан – 51%.

В стране жизнь людей регулируется правом лишь отчасти – 23,8%.

В Казахстане жизнь общества мало имеет отношения к праву, «люди живут по своим правилам» – 18,6%.

Затруднились ответить – 6,6%.

Литература:

1 Мудрик А. В. Социальная педагогика: Учеб. для студ. пед. вузов / Под ред. В.А. Сластенина. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 200 с.

2 Левада Ю.А. От мнений к пониманию: социологические очерки: 1993 - 2000. – М., 2000. – 329 с.

3 Карасартова М.М. Особенности национально-правовой культуры казахов / Вестник КазНУ, - Алматы, 2010 – С. 2-5.

4 Валиханов Ч.Ч. Записки о судебной реформе // Собрание сочинений в 5-ти т. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской сов. энциклопедии, 1985. –Т. 4. – 94 с.

5 Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII века – первой половины XIX века. – Алматы, 1996. – 296 с.

6 Сюкияйнен Л.Р. Мусульманское право. – М., 1986. – 328 с.

7 Савченко С.Ю. Правовая культура личности в гражданском обществе: проблемы теории и практики: автореф. дисс. ... канд. юрид. наук. Алматы., 2007. – 5 с.

8 Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.02.2011 г.)// http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029



Туменбаев С.Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛА РЕТІНДЕ РЕТТЕУ ӘДІСІ

Резюме. Как установлено общей теорией права, новые, становящиеся отрасли обособляются первоначально, как правило, только по своему предмету, а метод регулирования для этих отношений может еще вырабатываться, может быть смешанным или вообще не иметь четкого содержания, комплексные же отрасли права вообще имеют несколько связанных между собой методов регулирования.

Международному гражданскому процессу свойственны способы регулирования, средства и методы, присущие гражданско-процессуальному праву, способы, присущие регулированию разбирательства в международном коммерческом арбитраже и др. Но, так же международный гражданский процесс применяет и иные, собственные методы и способы правового регулирования.

Ключевые слова: Метод, отрасль права, международный гражданский процесс.

Түйін: Құқық теориясымен анықталғандай, жаңа қалыптасушы сала ең алдымен өзінің пәні бойынша ерекшеленеді, ал осы қатынастарды реттеу әдісі әлі де жасалынуы мүмкін, мүмкін аралас болуы немесе нақты мазмұнға ие болуы да мүмкін, құқықтың кешенді саласы өзара байланысты бірнеше реттеу әдісіне ие.

Негізгі сөздер: Әдіс, құқық саласы, халықаралық азаматтық процесс.

Summary: As established by the general theory of law, new branches of law operate only within particular subject areas, and the method of regulation of these relations can still be further developed, can be mixed or not to have clear content, integrated branches of law are regulated by several interrelated regulations.

International civil processes are regulated by means and methods used in civil procedural law, methods used in proceedings regulating international commercial arbitration, and others. But also international civil procedure employs own techniques and methods of legal regulation.

Keywords: Method, branch of law, international civil process.

Халықаралық азаматтық процеске азаматтық іс жүргізу құқығына, сонымен бірге халықаралық коммерциялық арбитражда талқылауды реттеу әдістері мен тәсілдері жақын болып келеді. Алайда, халықаралық азаматтық процессте өзге де жеке өзіне тән әдістер мен құқықтық реттеу тәсілдері қолданылады.

Жалпы құқық теориясымен анықталғандай, жаңа қалыптасушы сала ең алдымен өзінің пәні бойынша ерекшеленеді, ал осы қатынастарды реттеу әдісі әлі де жасалынуы мүмкін, мүмкін аралас болуы немесе нақты мазмұнға ие болуы да мүмкін, құқықтың кешенді саласы өзара байланысты бірнеше реттеу әдісіне ие.

Алайда, халықаралық азаматтық процестің әдісіне тоқталмас бұрын, процессуалды коллизиялық нормалардың бар-жоқтығы секілді тартысты мәселені зерттеу маңызды (өйткені, халықаралық жеке құқықта коллизиялық нормалардың болуы оның арнайы әдісінің пайда болуына алып келді).

Халықаралық азаматтық процессте процессуалды коллизиялық нормалардың алғаш әрекет етуі туралы XIX ғасырда Т.М.Яблочковпен айтылған болатын [1, 3б.]. Алайда, XX ғасырдағы көптеген ғалымдар қандай да бір коллизиялық мәселелерді көтерудің өзін жоққа шығаратын халықаралық азаматтық процесті ұлттық азаматтық процесс құрамына біріктіріп не халықаралық азаматтық процесті сот заңдылықтарына бағындыра отырып мұндай мүмкіндікті бар болуын теріс дәлелдеп шықты [2, 429б.]. Соңғы жағдайда бірқатар қисынсыз түсініктер пайда болады: өйткені коллизиялық байламды қолдану коллизиялық мәселені алдын ала қоюға алып келеді. Мұндай сәйкессіздікке А.Г.Светланов назар аударды және халықаралық азаматтық процесс қағидасы ретінде «lex fori» атауын ұсынды. Осылайша, халықаралық жеке құқықта «lex fori» - коллизиялық байлама, ал халықаралық азаматтық процессте – қағида ретінде танылады. Сонымен бірге, қазіргі доктринада бұл мәселеге өзге көзқарас қалыптасқан. Мысалы, Н.Ю.Ерпылева «шетелдік элементпен шиеленіскен құзыреттілік мәселелерін реттейтін коллизиялық норма» түсінігін енгізді, сондай-ақ «жауапкер мемлекетінің заңы» - деген

негізгі процессуалды коллизиялық байламды қалыптастырды [3, 35-38бб.]. Батыста процессуалды коллизиялық құқықтың әрекет етуін қолдайтын белгілі жақтаушылар бар (Х.Шак, И.Саси) [4]. Мысалы, венгер процессуалы Иштван Сасидың көзқарасы бойынша процессуалды коллизиялық құқық халықаралық азаматтық процестің тек бір бөлігін құрайды, ал неміс ғалымы Хаймо Шақтың көзқарасы бойынша процессуалды коллизиялық құқық келбеті жиі кездесетін ұғым ретінде танылады.

Алайда, процессуалды коллизиялық нормалардың әрекет етуін тану мүмкіндігін бағалай отырып, құзыреттілік қақтығысын жеңу секілді процессуалды коллизиялық мысалдарды авторлардың ұсынуымен зерттеудің өзі бір мағыналы бағалауға алып келмейді, өйткені аталған «қақтығыс» (жанжал) өзінің сипаты бойынша ерекше болып табылады, алайда халықаралық жеке құқық нормасы жүйесін коллизиялы-құқықтық реттеуге қарағанда «қақтығыс» түсінігінің өзге мағынасын білдіреді.

Осы мәселені зерттей келе, Л.П.Ануфриева осындай байланыс әрекеті нәтижесіндегі таңдау нормалар немесе заңдар арасында емес, тұтастай құқықтық тәртіптер (құзыреттілік) арасында болуы қажет, өйткені оны сот немесе өзге де құзыреттілік органында тиісінше құқықтық тәртіп шегінде таңдау сол мемлекеттің процессуалды құқығына жүгінуге алып келеді [5, 98 б.].

Бұл сұраққа жауапты ерекше батылдықпен жоспарлауға қарамастан, процессуалды коллизиялық нормалардың болуын анықтау кезінде де бұл халықаралық азаматтық процессуалды құқық нормативті құрамының ерекшелігі туралы ғана емес, сондай-ақ құқықтық реттеудің өзіндік әдісінің болуын да (халықаралық жеке құқық әдісімен бірге – коллизиялық мәселелерді шешу [6, 34-35б.]) куәландырады.

Осылайша, халықаралық азаматтық процессуалды құқық әдісі туралы мәселеге орала отырып, автор бұл әдіс қазіргі таңда кешенді ретінде қалыптасқан деп санайды. Шынында да, халықаралық азаматтық процеске азаматтық-процессуалды және арбитражды-процессуалды құқыққа тән реттеу әдісі мен құралдары және әдістері, сондай-ақ халықаралық коммерциялық арбитражға жүгінуді реттеушілік тән. Халықаралық азаматтық процесс өзіндік әдіс мен әдіске ие құқықтық реттеуді де қолданады.

Әдістердің бірінші тобы халықаралық жеке құқықпен байланысты бірыңғайланған халықаралық материалды-құқықтық әдіс мен бірыңғайланған халықаралық коллизиялық-құқық әдістерінде көрініс табуы мүмкін. Халықаралық азаматтық процессуалды құқықта бұл халықаралық процессуалды-құқықтық әдіс (бұл процессуалды сипаттағы біркелкі конвенциялардың көбінде көрінісін тапқан) мен құқықтық реттеудің бірыңғайланған халықаралық процессуалды-коллизиялық әдісі деп

ұғынылады.

Екінші топ (халықаралық азаматтық процессуалды құқыққа тән әдістер): заңның бейімделуі мен кумуляциясы. Бейімделу әдісі оларды қолдануды екіге бөліп қарастыратын, яғни сыртқы қолдануға арналған бейімделу мен ішкі қолдануға арналған бейімделу деп бөлуге мүмкіндік беретін тәжірибеден туындайды. Ішкі қолдануға арналған бейімделу отандыққа шетелдік немесе процессуалды әрекеттің бейімделуін білдіреді (мысалы, ұлттық процедура бойынша шетелдік мемлекет құзыретті органының тапсырмасын орындау нәтижесіндегі бейімделу, яғни тапсырманы орындау барысында ұлттық процесс мақсаты үшін заңи мағына беру). Ішкі қолдануға арналған бейімделу өз кезегінде шетелдік процессуалды әрекетке немесе отандық актіге бейімделуді білдіреді (мысалы, сот тапсырмасын өзге мемлекетке бағыттау кезінде осы тапсырманы жіберуші орган сол жіберуші мемлекетте әрекет етуші органдар мен олардың құзыреттерін – соттар, шаруашылық соттар, арбитражды соттар және т.б. басты назарға алуы қажет). Екі жағдайда да бейімделудің екі түрін жүзеге асыруда біз ұлттық сот өндірісіне тән емес жағдайға кездесеміз, мұның өзі халықаралық азаматтық процестің өзіндік саласының бар екендігін және осы сала шегіндегі реттеу әдісінің болуын растайды.

Кумуляция жай және үйлестірілген түрлерге бөлінуі мүмкін. Жай кумуляция шетелдік соттың тапсырмасын орындау кезінде отандық процессуалды құқықта болмағанмен де, оған қайшы келмейтін процессуалды ерекшеліктердің болуы кезінде орын алуы мүмкін, яғни біздің АІЖК (азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес жасалатын) сәйкес жасалуы мүмкін немесе жасалатын процессуалды әрекеттерді қандай-да бір түзетуді қажет етпейтін қосымша әрекеттерді (мысалы, түсініктемелерді таспаға жазу) жасауды сұранады. Яғни, мұндай әдіс лауазымды тұлғамен жасалатын бір процессуалды әрекетте отандық немесе шетелдік процессуалды құқықтың барлық қажетті нормаларын сақтауды жинақтайды.

Үйлестірілген кумуляция осы жағдайға немесе осы субъектілер үшін халықаралық шартпен ұлттық құқықтағыдан өзге нормаларды қолдану талап етілетін жағдайда орын алады. Осылайша, қалған отандық процессуалды нормалардың барлығы әрекет етуін жалғастырады, ал бұл халықаралық құқық тек қана тиісінше ұлттық құқықта уақытша орын алып қоймай, сондай-ақ ұлттық процеске қалған барлық процессуалды нормалармен үйлестіріле отырып енгізілуі қажет.

Жай кумуляцияның үйлестірілген кумуляциядан негізгі ерекшелігі бірінші кезекте шетел нормаларының отандық нормаларға ықпал етпей, бәсекелеспей жай ғана қосылуы орын алады, өйткені отандық нормада мұндай ұқсас норма жоқ, ал екіншіден – қолдану міндетті болып табылатын ұлттық

нормалар болып табылады және бұл жағдайда нормалардың қосылуы емес, нақты жағдай үшін нормалардың орнын басу орын алады, нәтижесінде бірқатар аралас отандық нормаларды жүзеге асыруда сот үшін маңызды күтпеген «түзетуге» алып келеді, яғни оларды нақты процесс үшін үйлестіруді талап етеді.

Әдістердің ерекше тобы кешенді сипатта, яғни құқықтың әртүрлі саласына тән сипатта болады. Бұл императивті және диспозитивті әдістер (тараптарға рұқсат беру, тараптарды міндеттеу, тыйым салу, мәжбүрлеу, тараптарға ұсыныс беру, тараптардың теңдігі мен олардың арасында субординацияның сақталуы) [7, 356-357 бб.]. Халықаралық азаматтық процесс саласы мен ғылымында салыстырмалы әдісді айту да маңызды, өйткені ол бұрын аталған әдістердің жүзеге асуына жәрдемдеседі.

Осылайша, халықаралық азаматтық процестің өзіндік әдісі мен құқықтық реттеу әдістері туралы мәселені қоя отырып халықаралық азаматтық процестің маңызды барлық сала құраушы белгілерінің бары туралы және халықаралық азаматтық процесті құқықтың жеке өзіндік саласы ретінде тану мүмкіндігі туралы қорытындыға келеді.

Әдебиеттер:

[1] Яблочков Т.М. Курс международного гражданского процессуального права. - Ярославль: Тип. Губерн. Правл. - 1909.

[2] Звеков В.П. Международное частное право. Курс лекций. - М.: Норма-Инфра. - 2001.

[3] Ерпылева Н.Ю. Актуальные проблемы теории и практики международного гражданского процесса. / Арбитражный и гражданский процесс. - 2003. - № 11.

[4] Szaszy I. International Civil Procedure. Budapest. 1976. p.223; Schack H. Internationales Zivilverfahrensrecht: Ein Studienbuch. München: C.H. Beck'sche Verlagsbuchhandlung, 1996. S. 87; Н. Шак Х. Международное гражданское процессуальное право: учебник пер. с нем. - М.: Бек, 2001. - 3 б.

[5] Ануфриева Л.П. Международное частное право. В 3 т. Ч. 1. - М.: Бек. - 2000.

[6] Международное частное право / под ред. проф. Г.К. Дмитриевой. - М.: Проспект. - 2003.

[7] Теория государства и права. Курс лекций. / Под ред. Н.И. Матузова, А.В. Малько. - М.: Юрист. - 2002.



Турсынқұлова Д.А.

заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті

**ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
ҚҰҚЫҚТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ**

***Түйін.** Жұмыста құқықтық мемлекетте құқықтық идеологияның маңыздылығының мазмұндық тұстары ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар, құқықтық идеологияның қалыптасуы мен даму ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттелінеді. Сондай ақ мақаланың авторы құқықтық идеологияның маңызына аса назар бөледі.*

***Тірек сөздер:** мемлекет, құқықтық мемлекет, құқықтық мәдениет, құқықтық тәрбие, мемлекет, мемлекеттік орган, мемлекеттің қызметі*

***Резюме.** В работе рассматриваются содержательные стороны правовой идеологии в правовом государстве. Также в работе всесторонне исследуются особенности становления и развития правовой идеологии.*

***Ключевые слова:** государство, правовое государство, правовая культура, правовое воспитание, государство, государственный орган, деятельность государства*

***Summary.** The paper deals with the content side of the legal ideology in legal state. Also in the work comprehensively investigated features of formation and development of legal ideology.*

***Keywords:** state, legal state, legal culture, legal education, the state, the public authority, the activities of the State.*

Қазіргі заманғы дүниенің қарама-қайшылығы күн санап күшейіп, тереңдей түсуі, бүгінгі өркениет болмысының этникалық, нәсілдік, әлеуметтік, экономикалық және саяси жағынан «бұзылуы», экологиялық проблемалардың ушыға түсуі әртүрлі елдер мен халықтардың, олардың идеологиялары мен мәдениеттерінің өзара үйлесімді болуы мен дамуының мүмкіндігін күрделендіре түседі.

Бірақта қанша жерден таңданарлық жағдай болса да, олар бірігіп, тізе қосқан күйде сапалы жаңа өркениетті, адамзат индивидтері болмысының, мәдениеттің және бүкіл қазіргі адамзаттың әрекет етуі мен тыныс-тіршілігінің принципті түрдегі жаңа парадигмасы бейнесінде түсіндірілетін өркениетті дүниеге келтіру және оны қалыптастыру үшін қажетті әрі сөзсіз негіз бен күш- мүмкіндік болады.

Адамзаттың қазіргі технотрондық ақиқат тығырығынан анып шығуға қабілетті бұл өркениеттің қажетті және жеткілікті ментальдық, психологиялық және басқа негіздерін іздеуге деген талпыныс жан-жақтан күшейе түскен кезде онда оны құрушы мен пайдаланушының өзіне деген орын тарыла түсуде.

Міне, осы тұрғыдан алғанда қазіргі күн тәртібіндегі мәселелерге жауапты өткен заманнан, бұрынғы ата-бабаларымыздың және көне заманның даналығы тәжірибесінен табуға болады.

Идеология арқылы және идеология саласында әлеуметтік топ, класс, халық, мемлекеттің қажеттіліктері көрініс табады. Алайда құқықтық идеология құқықтық психологияны құқықтың сипаты мен деңгейін тану бойынша басып озады. Құқықтық психология көбіне сыртқы, үстіртін-сезімдік, күнделікті тіршілік тәжірибесіне кіретін құқықтың қиықтарын көрсететін болса, құқықтық идеология құқықтың мазмұнын, әлеуметтік мәнін, құқық табиғатын анықтауға тырысады, оны аяқталған мәдени-тарихи философия, догма ретінде бергісі келеді.

Бүгінгі құқықтық идеология құқықтық қалыптасқан жағдайды түсіну әдісі ретінде сан қырлы болып келеді. Оған табиғи құқықтық, позитивистік, мемлекет пен құқықтың марксистік доктринасы, құқықтық танудың көптеген заманауи тұжырымдамалары кіреді. Құқықтық идеологияның қолданыс саласы құқықтық психологияға тән индивидуалды, массалық адамдар қатынасы емес, класс, саяси партия, қоғамдық қозғалыс, мемлекетаралық бірлестіктер секілді институтты әлеуметтік қауымдастықтардың мүдделері мен қажеттіліктерін көрсетуге бағытталған. Бүгінгі таңда билік қатынастарына араласатын кез келген саяси ұйымдар қандай да бір: консервативтік, либералдық, марксистік, христиандық секілді саяси құқықтық идеология негізінде құрылатынын айта кеткен жөн. Бұл жағдайда құқықтық идеология өзінің негізгі мақсатын орындайды: партия, қозғалыс, адамдардың саяси жүйесіне ұйымдасқан қызметтердің өзіндік жоспар бағдарламасы болып табылды. Әлеуметтік және құқықтық идеалдарына жетуде мақсатты және саналы түрде әрекет етуге мүмкіндік береді.

Мемлекет қолдаған құқықтық идеология мемлекеттік құқықтық рәсімделуі мүмкін.

Демократиялық, әлеуметтік, тарихи, мәдени негізделген мемлекеттік құқықтық идеологияның болуы кез келген мемлекет қызметінің маңызды шарты болып табылады. Заманауи типтегі қоғам мемлекеттік идеологиясыз өмір сүре алмайды. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдері экономикалық, саяси тұрғыдан ғана емес, идеологиялық тұрғыдан да өз азаматтары мен басқа мемлекеттерге тартымды мемлекет жасауға ұмтылған.

Қазақстанда жасалып жатқан модернизациялар тек экономикалық реформалармен қоғамды өзгертуге болмайтындығын көрсетті. Бүгінде біз мемлекеттік құқықтық идеологияны құқықтық реформаны жүргізу мен қоғамды демократизациялаудағы негізгі құралдардың бірі дей аламыз. Қазақстанда құқықтық идеологияны қалыптастыру азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті құрудың қажетті шарты болып отыр. Өйткені қоғамның деидеологиясыздандырылуынан, экономикалық дағдарыс салдарынан да қауіпті жағдай қалыптасты. Ол рухани қуыстық сезімі бейберекеттілік, мәнсіздікпен көрініс табуға және барған сайын халықтың көп бөлігін қамтуда. Соның салдарынан адамды жануардан айырып тұрған құндылықтардан айырылудамыз. Мұндай рухани әлсіз негізге мықты мемлекет пен күшті тәртіпті орнатуға болмайды. Сондықтан да тез арада диктатпен қатысы жоқ, таңылмайтын, мемлекеттік және жалғыз дұрыс жол ретінде анықталмайтын жаңа, демократиялық мемлекеттік құқықтық идеологияны жасайтын уақыт жетті. Нақты утилитарлық бағдарлама, ұран, жоспар, уәделерге қарағанда құқықтық идеология ұзақ мерзім процестерге бағытталады, сондықтан да ол ұрпақтарды, олардың қызметтерінің мәнін әлеуметтік, биік мақсаттарға біріктіреді, бағыттайды.

ҚР Конституцияның 5-бабында былай делінген: «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандылық танылады». Бұл конституциялық норма мемлекет көптеген идеялық ағымдардың ішінен топтық емес, жалпы мүдделерге сәйкес келетіндерін таңдап алып, жалпы ұлттық идея ретінде ұсына алады. «Сәйкесінше, бізде мемлекеттік идеология қазақ мемлекетінің табиғаты мен болмысына қарсы келмейтін түрлі идеологиялардың конвергенциясын жансыта алады» [1, 12 с.].

Бүгінгі таңда Қазақстан идеологиясының қаңқасын құрайтын идеологияны қалыптастыру мәселе болып отыр. Оның негізін ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев салған ұлттық идея құрайды. Ұлттық идеяның негізгі құрылымы - демократия, теңдік, саяси тұрақтылық, қауіпсіздік, экономикалық өсім, жалпы адамдық құндылықтардың басымдығы.

Біріктіруші ұлттық идея жетекші этнос ретінде қазақтарды алуы тиіс және әділетті, табиғи түрде олардың көшбасшылық ролін мойындауы тиіс. Бірақ бұл жағдай басқа ұлттардың ақпараттық, білім

саласындағы, экономикалық, саяси және биліктік мүмкіндіктерін шектемеуі тиіс. Керісінше жағдайда ұлттық идея біржақты сипатқа ие болады.

Мемлекеттік құқықтық идеология ұлттық бірлік идеясына демократияның негізгі себебі ретінде қарауы тиіс. Бұл идея ішкі саяси тұрақтылық пен консолидацияның кепілі. Этникалық басым стереотиптері орнына Қазақстанда тең серіктестік тұжырымдамасы бекуде. Әңгіме тарихи мұра, патриотизм, халық руханияты, дәстүрлі құқықтық құндылықтар синтезі, халықаралық жағдай және тәжірибе жайлы болып отыр. Осылардың жиынтығы қазақстандық қоғамның жаңа мемлекеттік идеологиясына айналуы тиіс [2, 23 с.].

Қазақстандық патриотизм этностардың интеграциясына, бірлігіне, рухани атмосферасын жасауға, тұтастыққа табылған күш секілді. Патриотизм мемлекет пен оның институттарының беки түсуіне негіз жасайды. Әлеуметтік әділет, рухани және интеллектуалдық потенциалға баса назар аудару, қазақстандықтардың қауіпсіздігі мен мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғаудың жақсы деңгейі, шынайы өмір сүру минимумын енгізу, әлеуметтік кепілдік, осылардың халықаралық стандарттарға сай болуы болып келеді.

Бүгінгі таңдағы қазақстандықтардың көзқарасы өткеннің патриотизмінен бөлек. Мұнда демократия құндылықтары басымдық көрсетуде. Ұлттық мәдени жаңару, ұлттық психология оған ерекше мән беруде, ол жаңартылған мемлекеттіліктен бастау алуға.

Тек идеологиялық жаңару ғана нормалардың жаңа жүйесін құрай алады, ол қоғамды интеграциялайтын, жаңа құндылықтар жүйесін ұстай алатын болуы тиіс. Бұл жағдайда мемлекеттік идеология-мемлекет өзінің қызметін жүргізуге мүмкіндік алатын идея, теория, тұжырымдамалар жиынтығы болып табылады. Бұл жерде мемлекет шартты теория туындамасынан болып табылады.

Мемлекет - қоғамның бір бөлігінің ғана мүддесін білдіретін, басып-жаншу аппараты емес, қоғамды басқару аппараты, компромиске жету құралы. Сәйкесінше, мемлекеттік құқықтық идеология дегеніміз осы қоғамның адамдары арасындағы басты қағидалар туралы келісім, қоғамның мүшелері бұзбауға уәделесетін «ойын ережелері», қоғамдық қатынас жүйесі негізделетін норма, идея, тұжырымдамалар болып табылады.

Алайда бұл жерде мемлекеттік билік басындағылар мен жалпы халықтық идеологияны ажырата білуіміз қажет. Олардың арасындағы шек өте нәзік болып келеді, ол сақталынбаса жалпыхалықтық идеологияның адамдарды басып-жаншу құралы, бөтен ойды тежеу тетігіне алмастырылуы ғажап емес. Мұның қауіптілігі күшке ие билік арқылы орнатылған бұл идеология халық тарапынан өз идеологиялары ретінде қабылданып кетуі болып табылады.

Біздің пікірімізше, мемлекеттік құқықтық идео-

логияның маңызды компоненті құқықтық жаңадан тану тұжырымдамасы болуы тиіс, яки оны тар позитивті танымнан «өміршең, тірі құқыққа» айналдыру. Бұл жүргізіліп жатқан модернизациялардың берілген қоғам дәстүрлерімен сәйкес келіп, мәдениетімен заңдастырылуы үшін қажет.

Бүгінгі таңда жүзеге асырылып жатқан реформаларың сәттілігі олардың кешенділігіне байланысты, яки ол дамыған демократиялық мемлекеттердің сыртқы- билік бөлінісі, парламентаризм, өзін-өзі басқару секілді көріністерін ғана емес, мемлекеттік идеология арқылы құқықтық менталитетін өзгерту болып табылады.

Құқықтық мемлекетте құқықтық идеология адамның құқықтары мен еркіндігіне негізделуі тиіс. Құқықтық идеологияның қоғам мүдделеріне сәйкестігін анықтайтын фактор адам құқықтары болып табылады. Егер идеология адам құқықтары мен еркіндіктеріне титтей де болса да зиян келтіретін болса, ондай идеологиялар түзетілуі керек.

Егер демократия экономикалық өзгерістердің жемісі болса, соңғысының тұрақтылығы заңның сөзсіз билігі мен қоғамның тұрақтылығына, халықтың мемлекеттік билікке, ҚР Президентіне деген сенімділігіне байланысты.

Ұлттың, мемлекеттің бірлігі, қоғамның тұрақтылығының символы ретінде Президент институты қоғамдық санада үлкен рөл атқарады. Президент институты елдің мүддесі үшін қазақстандық халықтың бірлігі мен тұрақтылығының символына айнала алады және айналуы тиіс. Еуразиялық эксперттік институттың мәліметтері бойынша халықтың Қазақстан Президентіне сенімі артуда.

Мемлекеттік құқықтық идеологияға оралу дегеніміз бөтен ойға теріс қарайтын, ой мен сөз бостандығын шектейтін бұрынғы тәжірибеге оралуымыз қажет деген сөз емес. Мемлекеттік идеология демократиялық саяси шарттар жағдайында қалыптасуы тиіс. Осы жағдайда ғана ол бір топ адамның емес, мемлекеттік идеологияға айналады.

Мемлекеттік идеология қарапайым шындықтардан басталуы қажет:

1. Адалдық және әділеттілік; бұл құндылықтардың қоғамға сіндірілуін бақылау. Әрине, бұл өз кезегінде, құқықтық тәрбиелеу жұмыстарын тиісті лайықты деңгейде жүргізген жағдайда ғана жүзеге асады;

2. Мектептерде ізгілік қатынастардың тазалығын насихаттайтын рухани курстарды жүргізу;

3. Тұлғаның құқықтары мен еркіндіктері негізіндегі құқықтық қатынастардың шынайлығы;

4. Әлеумет мүшелерінің рухани тұрғыдан қалыпқа келетін ортақ атмосферасын жасау, әлем мәдениеті негізінде барлық азаматтардың бірлікке деген көзқарасын қалыптастыру;

5. Бірлік пен компромисс идеологиясын қамтамасыз ететін жаңа құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Құқықтық идеология тұжырымдамалық күйде тек мамандарға емес, әрбір адамға, жалпы халыққа түсінікті, құқықтық білім синтезі. Ол өмір, жұмыс мәнін түсіндіріп, адамдарды қарама-қайшылығы көп қоғамда бағыттап отырады. Құқықтық ұлттық доктрина қоғамның құқықтық санасының жоғарғы көрсеткіші, ол ең маңызды мәдени-құқықтық құндылықтарды сипаттайды.

Қазақстанның болашақта жүйелі, толыққанды дамуына мыналар ықпал етуі мүмкін:

1. Құқықтық идеология бөліп, алалау негізінде, бір әлеуметтік тапты екіншісіне қарама-қарсы қою арқылы жүргізілмеуі тиіс. Керісінше идеология халықты біріктіруге, өзара келісімге жетуге, саяси консолидацияны мақсат етуге тиіс;

2. Құқықтық идеология тарихи ұлттық тәжірибені қабылдауға дайын болуы қажет. Ол өз бойына кешегі мен бүгінгінің ең жақсы теориясы мен тәжірибесін сіңіруі тиіс;

3. Тұлғаның қоғамға қатысты «егемендендіру» қағидасы да, оның дербестігінің басылып, мемлекеттендірілуі де Қазақстан идеологиясының құқықтық негізі бола алмайды. Дербестік тек әлеуметтену арқылы жүреді. Тұлға мүдделері мен мемлекет мүддесінің бір-бірінен басым болуы емес, керісінше олардың арасында тиімді арақатынас болуы керек. Тұлғаның толыққанды дамуы, құқық пен міндеттерінің қамтамасыз етілу үйлесімі, адамның қоғамға араласуы арқылы жүзеге асады;

4. Құқықтық идеология мемлекетті қорғау мен нығайту қағидаларына сүйенуі керек. Ал мемлекет демократиялық, құқықтық, әлеуметтік, күшті әрі тиімді болып, қоғамның үстінен қарамай, оған қызмет етуші болуы қажет.

Осылайша, қазақстандық қоғам біртіндеп мемлекеттік құқықтық идеологияның қажеттігін ұғынуда.

Құқықтық мемлекет құру үшін азаматтық қоғам орнату қажет. Азаматтық қоғам мүшелерінің құқықтық санасымен мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасуы керек. Адамның қоғамға, әлеуметтік топқа қатысты болуына қарай оның тікелей әлеуметтік рөлі мен атқарар қызметі, құқығы мен міндеті белгіленеді. Жеке тұлғаның құқықтық дамуы - құқықтық тәрбиенің арнайы мақсаты.

Еліміздің алтын бастауын XV ғасырдан бері жібектей таратып келе жатқан «Қасым салған қасқа жол», «Есім салған ескі жол», одан бері Тәуке ханның «Жеті Жарғысы». Міне, осылар- біздің ту көтерер әділдігіміздің тірегі.

Өзіміз ғұмыр кешіп отырған елдің белсенді және игілік өндіруші мүшесі болу үшін қоғамның бізге қандай үміт артатынын білуіміз қажет.

Азамат болу үшін өз мемлекетігіне ие әлдебір елде туу жеткілікті деп ойлау жаңсақтық. Азамат болу - өз құқықтарыңды, міндеттеріңді саналы да сындарлы түрде ұғыну. Адамдар тұрмысынан ажырамас болып табылатын құқықтарға ие болары

сөзсіз. Алайда, оларды қорғайтын заң шығарушы жүйелер жұмыс істемесе, ондай құқықтардың құны жоқ. Уақыт ағымымен бірге дамып отырған күрделі саяси құрылымдар жүйелері зорлық-зомбылықтан сақтап қана қоймайды, сонымен қатар біздің әрқайсымызға өз дарынымызды жетілдіріп, баянды бақыт табуымызға жол ашады.

Адамның өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, рухани күш беру- құқықтық тәрбиенің басты міндеті.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілігі жағынан жаны таза, жан-жақты, мәдениетті етіп тәрбиелеу- бүгінгі заманның басты талабы.

Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет деп жариялаған Ата Заңымыз, оның ең жоғарғы құндылығы - адам, адам өмірі, құқығы мен бостандығы деп ерекше атап өтті.

Мұның өзі қоғамдағы көп жақты, көп сатылы, қарым-қатынастарды реттеудің негізгі құралы ретінде құқықтық даму маңызының арта түсуіне жол ашты.

Республикада азаматтардың құқықтық тәрбиесін көтеру мақсатында көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Қазіргі заманда білім беру жүйесі білім беру мекемелерінде жеке адам басқа адамдармен қалыпты жүйеленген азаматтық ережелерге сай әрекет етуі тиіс. Басқаша айтқанда, қалыптасқан нормалар мен ережелерді қадірлеу қалыптастырылады. Дәстүрлі қоғамда білім беру жекелей әсер ету арқылы шеберден оқушыға, үлкеннен кішіге өтіп отырса, ал қазіргі қоғамда стандартты формада дамудың «Білімді оқушы», «Әдепті азамат», «Ерікті Қазақстанның ерікті азаматы» және өзге де әлеуметтік түрлері игерілуде.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген қоғамымызды одан әрі демократияландыру, құқықтық мемлекет құру ісі құқықтық оқыту мен тәрбиені жетілдіру, халықтың барлық топтарын және ең алдымен оқушы жастарды қамтитын, оқытудың барлық кезеңінде үздіксіз құқықтық даярлау тұрғысында пәрменді шараларды талап етеді.

Құқықтық негізгі принциптер адамгершілік қасиеттермен байланысты екенін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінде балаларға қоғамдық нормалар «әліппесін» оқыту қажет, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу ерекшеліктерін ұғыну қисынын, жауапкершілігін ескере отырып, бастауыш мектепке тән адамгершілік-құқықтық тәрбие берудің түрлі нысандарының міндеті.

Орта оқу орындарында құқықтық тәрбие беру мен оқыту сапалық жаңа деңгеймен сипатталады. Оны игеруде, адамның қоғамдағы мінез-құлық тәртібін түсінуде едәуір жүйелікке ие бола түседі, тікелей өмір ахуалдарында заң тұрғысындағы сауаттылық пен құқықтық білімнің рөлі арта түседі.

Білім берудің осы кезеңінің басты мақсаты жастарды келешек еңбек қызметі үшін қажетті

құқықтық біліммен және машықтармен қаруландыру болып табылады.

Заң бойынша жастардың осы тобының мәртебесі елеулі өзгерістерге ұшырайды. 18 жаста кәмелеттік кезеңі басталады. Жастардың сайлау, өз мүлкіне дербес иелік ету, неке қатынасына тұру, қалыпты еңбек қызметімен айналысқан кезде тиісті материалдық жауапкершілік құқығы пайда болады. Жалпы білім беру барысында құқықты оқытудың тұтастығы мен толықтығы Азаматтық болмысты қалыптастыруда төмендегі мақсаттарды қарастырады:

1. Адамның биік азаматтығын, оның жалпы құқықтық мәдениеті мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруды;

2. Құқық бұзушылықтың дер кезінде алдын алуды;

3. Таңдаған еңбек қызметіне даярлық барысында жастардың арнаулы құқықтық білім алуын көздейді.

Жастарға құқықтық тәрбие берудің тікелей міндеті - оларды адамгершілікке және құқықтық тәртіпке жат қылықтар жасаудан сақтандыратын жүйені қалыптастыру. Осындай аса маңызды міндетті іске асыруға жастарға құқықтық тәрбие беруге ықпал етуге тиіс.

Жастардың көпшілігі заңның маңызын жете бағаламайды. Олардың көбісі тәртіп бұзудың жазасыз қалмайтынына сенімсіздікпен қарайды. Бұл оқу орындарындағы құқықтық тәрбие мен ағарту ісін қайта қарауды талап етеді [3, 138 б.]

Емкость конституционных ценностей Основного Закона Казахстана, в т.ч. как демократия и разделение властей, статус главы государства как гаранта Конституции, согласующего их взаимодействие, не исключает возможность «точечных» изменений и дополнений норм Конституции, устанавливающих парламентаризм и расширяющих представительную демократию, включая выработку механизмов формирования Правительства с учетом позиций парламентского большинства и гарантиями мнения большинства [6].

Однако, будучи открытыми для официального толкования Конституционным Советом, эти ценности позволяют развивать и реализовывать Конституцию без импульсивного вторжения в ее живую ткань, сохраняя незыблемость основ конституционного строя и стабильность конституционного регулирования общественных отношений. Содержащиеся в мотивировочных и резолютивных частях постановлений правоположения Конституционного Совета восполняют «умолчания» Основного Закона. В постановлении от 9 апреля 2004 года №5 о проверке Конституционного закона «О внесении изменений и дополнений в Конституционный закон Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» на соответствие Конституции, Советом анализируется также полнота учета законодателем правовых позиций предыдущих постановлений Конституционного Совета, касающихся избирательного права [7]. В этом Конституционном законе они получили закрепление в виде новых юридических норм, которые установили соответствующие официальному толкованию Конституции правила, права и обязанности участников избирательного процесса.

Совет объективно не может не иметь предмет толкования законы, вносящие изменения и дополнения в Конституцию, поскольку их содержание становится внутренней, органической частью. Так, праворазъясняющим по характеру явилось постановление Совета от 4 декабря 1998 года «Об официальном толковании подпункта 1) статьи 53 и пункта 1 статьи 91 Конституции Республики Казахстан, в части норм, касающихся внесения Парламентом Республики Казахстан изменений и дополнений в Конституцию» [8].

Для большей согласованности норм Конституции и норм, продолжающих (развивающих и дополняющих) содержание Конституции за пределами ее собственно текстуального выражения, имело бы смысл предоставить Конституционному Совету право официального толкования конституционных законов и актов равной им юридической силы. Тем самым, на основе принципа соответствия букве и духу Конституции, интегрировалось бы единое конституционно-правовое поле в границах прецедентного конституционного права.

«Обычные» законы, составляющие порядка 80 процентов массива законодательных актов, должны, как никакие другие, быть ясными. Нередко сомнения в смысле действующего законодательства – завуалированная форма интереса перетолковать его нормы в корпоративных целях. Сама возможность опосредования прямого действия законов, соответствующих Конституции, конъюнктурным перетолковыванием серьезно затруднит единообразное правоприменение. Закон не подлежит официальному толкованию, но может быть изменен или отменен законодателем. Возможность официального казуального разъяснения законов для правоприменительной практики в Казахстане преодолена в прокуратуре, а обязательные разъяснения судам по результатам обобщения их практики дает Верховный Суд в нормативных постановлениях [9].

Для усиления охранительной правоспособности Конституционного Совета, считаем необходимым, дополнить его юрисдикцию (ст. 72 Конституции) официальным толкованием конституционных законов и актов равной им юридической силы, а также обязательным вынесением заключений на соответствие проектов изменений и дополнений Конституции нормам статьи 91 Основного Закона (о порядке их внесения и о неизменности единства территориальной целостности и формы

правления Республики) и пунктов 2 и 3 статьи 39 Конституции (о признании неконституционными любых действий, способных нарушить межнациональное согласие, и о недопустимости ограничений прав и свобод граждан по политическим мотивам). Акты, издаваемые в порядке делегированного законодательства, также должны представляться Конституционному Совету для проверки на соответствие Конституции.

Таким образом, нормативные постановления Конституционного Совета, сочетая характерные черты «писанного» и «прецедентного» права, вместе с Конституцией предстают системообразующей основой конституционного права и практики конституционализма в Казахстане.

Литературы:

1. Котов А.К. Конституция и Конституционный Совет Республики Казахстан. – Астана. 2005.- С. 12.
2. Вестник Конституционного Совета Республики Казахстан. Выпуск 1. Алматы. 1998.- С. 201-202.
3. Котов А.К. Указ.раб. -С.32-34
4. Юридическая газета. 2004.- 25 июня.
5. Зорькин В.Д. Прецедентный характер решений Конституционного Суда Российской Федерации. – Журнал Российского права. 2004.12.- С.72.
6. Назарбаев Н.А. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации. Послание Президента Республики народу Казахстана 18 февраля 2005 года. – Казахстанская правда. 2005.- 19 февраля.
7. Казахстанская правда. 2004. -13 апреля.
8. Вестник Конституционного Совета Республики Казахстан. Выпуск 2. Алматы. 1999. -С. 140-142.
9. Котов А.К. Указ.раб. -С. 42

Шуланбекова Гулмира

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Заң факультетінің аға оқытушысы, gull15-73@mail.ru

АГРАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАЛАР

Ұзақ жылдар бойы Қазақстанда жүргізіліп жатқан аграрлық саланы реттеуге бағытталған реформалар күрделі әрі жетілдіруді қажет етеді. Бүгінгі таңда аграрлық құқық бір-бірімен тығыз байланысты екі саланы құқықтық тұрғыдан реттейді. Біріншісі-жерді өңдеуде, өсімдік және мал шаруашылық өнімдерін өндіруде пайда болатын дәстүрлі аграрлық қатынастар. Аграрлық құқық реттейтін келесі қоғамдық қатынастар азық-түлік өнімдерін өндіретін қосалқы кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың қызметі барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттейді.

Сонымен, мал шаруашылығы аграрлық құқықтың бір саласы ретінде құқықтық реттеу барысында құқықтық реттеудің негізі болып табылатын қайнар көздері бар.

Мал шаруашылығына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуде мынадай негізгі қайнар көздер басшылыққа алынады: ҚР-ның Конституциясы, ҚР-ның Азаматтық Кодексі, ҚР-ның Жер Кодексі, Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы Заң, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы мал шаруашылығын субсидиялау туралы нормативтік актілері және т.б. нормативтік құқықтық актілер.

Аталған Заңнамалық актілердің ішінде мал шаруашылығына байланысты, дәлірек айтқанда асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған Заңды тереңірек қарастырсақ.

Осы Заң асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында қызметті жүзеге асырудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық негіздерін белгілейді, асыл тұқымды малдың тектік қорын сақтауға және көбейтуге, сондай-ақ оны өз төлінен өсіруге және өнімдік сапасын жақсартуға бағытталған, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласымен айналысатын мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін реттейді.

Ауыл шаруашылығы жануарлары иелерінің құрылымын ауыл шаруашылығы құрылымдарының пайдасына қарай өзгерткен дұрыс болмақ. Тек өнеркәсіптік, кәсіби өндіріс қана шығындарды төмендету есебінен қажетті бәсекеге қабілетті өнімді бере алады. Бірақ бұл фермерлер міндетті түрде ірі болуы тиіс дегенді білдірмейтінін атап өтуіміз қажет. Керісінше, АШМ-нің көзқарасы бойынша фермерлік шаруашылықтарда ІҚМ аналық басының саны орташа есеппен 50-ден 200-ге дейін болуы тиіс. Және аналық басты субсидиялау кезінде мал санына ешқандай талаптар қойылма-

уы тиіс. Ірі қара мал бойынша жақсы тәжірибе бар. ІҚМ етін өндірудің экспорттық әлеуетін арттыру жөніндегі бағдарлама қазірдің өзінде жемісін беруде:

Мал шаруашылығына тежеуші факторлардың бірі жемшөп саласының дамымағандығы.

Кеңестік кезеңнен кейінгі мал шаруашылығы саласындағы құлдырау жемшөпке деген сұраныстың төмендеуіне және тиісінше олардың өндіріс көлемінің 4,5 есеге қысқаруына әкелді. Мұнда әңгіме жалпы жеткілікті азықтың мөлшерінде емес, шырынды және құнарлы азықтардың жеткіліксіздігінде болып отыр. Жалпы мал шаруашылығының дамуымен бірге жүретін жемшөпке деген сұраныс өз-өзінен жемшөп өндірісінің өсуіне екпін береді. Қазіргі таңда осы өсуді ынталандыру бойынша қосымша шаралар қабылдануда.

Бірінші кезекте бұл жайылымдық мал шаруашылығын дамыту, ол арзан және бәсекеге қабілетті өнім өндіруге мүмкіндік береді.

Республиканың жайылымдық әлеуетін толық пайдалану үшін салалық бағдарлама шеңберінде жайылымдарды суландыру көзделеді. 2014-2020 жылдар кезеңінде шамамен 4000 жуық шахталы және құбырлы құдықты салу және қалпына келтіру болжанып отыр. Бұл шығындарды өтеу үшін 2014 жылдан бастап құдықтарды салу бойынша шығындардың 80%-ына дейін өтеу жолымен инвестициялық субсидиялар тетігі енгізіледі.

Су ресурстарын басқару өкілеттігі берілген Қоршаған ортаны қорғау министрлігі су шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаны әзірлеу бойынша басталған жұмыстарды жалғастыруда, ол бағдарлама ауыл шаруашылығының, оның ішінде, мал шаруашылығының мұқтаждықтары үшін гидротехникалық құрылыстарды салуға және қайта жаңартуға мемлекеттік инвестицияларды көздейді.

Сонымен қатар, мал шаруашылығының дамуы ветеринариямен тығыз байланысты және оның жай-күйіне тәуелді.

Аграрлық кадрлардың жетіспеушілігі саланың дамуын тежейтін фактор болып табылады. Мал шаруашылығында жұмыс істеп жатқан мамандардың орташа жасы зейнеткерлік жасқа жетіп қалған, ал аграрлық жоғары оқу орындарының түлектері ауылға барғылары келмейді және мамандықтары бойынша жұмыс істеп жатқан жоқ.

«Агробизнес – 2020» бағдарламасында салалардың тартымдылығын арттыру үшін мынадай шаралар көзделген:

1) Мал шаруашылығында басым бағыттар бойынша іске асырылатын инвестициялық субсидиялар. Сүт тауар фермалары, құс фабрикалары, шошқа кешендері, отбасылық фермалар сияқты;

2) Кредит бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау арқылы қаржыға қол жеткізуді кеңейту;

3) Кепілдік қамтамасыз етудің жоқтығын шешуге арналған қарыздарға кепілдік беру және сақтандыру тетіктерін енгізу [2].

Осы шаралар салаға қазіргі уақытта қол жетпейтін мемлекеттік емес инвестицияларды, оның ішінде екінші деңгейлі банктер арқылы тартуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Кеден одағы шеңберінде отандық мал шаруашылығын қорғау мақсатында еттің жекелеген түрлері бойынша тариф баждары енгізілді, бұл отандық мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының дамуына серпін береді. Бірыңғай кедендік тарифтерде еттің кейбір түрлеріне тарифтік бажды қолдану қарастырылған. Отандық нарықты сапасыз шетел өнімдерінен қорғау мақсатында жалпы тұтыну көлемінде отандық өнімнің үлесін көтерумен қатар, мал шаруашылығы өнімдерін әкелу квоталарын төмендету, сондай-ақ квотадан тыс әкелінетін өнімдерге баждарды көбейту қажет.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мал шаруашылығы үшін маңызды. Ол үшін жерлерді нарықтық айналымға шығаруға бағытталған бірқатар шаралар қабылданды. Жерлердің белсенді нарықтық айналымын ынталандыру және жер қорының экономикалық қайтарымын арттыру мақсатында 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңымен Жер кодексіне бірқатар өзгертулер енгізілді.

ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 мамырдағы N 248 Жарлығына сәйкес шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жалдау шарттарымен уақытша жер пайдалану құқығын беруге 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін мораторий жарияланды [3].

Үкіметтің арнайы «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ еліміз бойынша агроөнеркәсіп нысандарына етті бағыттағы жас малдарды өсіру үшін ірі қара (аналық мал) мен тұқымдық бұқаларды сатып алуға несие бермекші. Аталмыш несие берілу «Сыбаға» бағдарламасы аясында жүзеге асады. Бұл несие атынан да көрініп тұрғанындай, ауыл шаруашылығында қазір кенжелеп тұрған ірі қараның етті бағыттағы тұқым табынын көбейтуге бағытталған. Осы төңіректе жасалып

жатқан жұмыстар жөнінде «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Батыс Қазақстан филиалының директоры Қайриден Жәкиев былайша әңгімелеп берді. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» несие тұлғасын көтергісі келген (мал сатып алуға, бау-бақшамен айналысуға т.б.) шаруагерге, халыққа, тұрмыстық қызмет көрсетумен және шағын кәсіпкерлікпен айналысқысы келетіндерге бастапқы қаражат алуға мүмкіндік береді. Бүгінде жеке тұлғаларға берілетін несиенің көлемі бір миллион теңгеге дейін жетті [4].

Сонымен қорыта келгенде, бүгінгі таңда әр елдің ұлттық өндірістері негізінде дүниежүзілік біртұтас тауарлы ауыл шаруашылығы қалыптасып келеді. Өндірілген жалпы өнім мөлшері жөнінен Қытай, АҚШ, Жапония, Аустралия сияқты елдер жетекші орын алады. Жан басына шаққанда ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етілу дәрежесі жөнінен Батыс Еуропаның дамыған елдері мен Канада, АҚШ, Жапония және Аустралия ерекше көзге түседі. Дамушы елдерде бұл көрсеткіш өте төмен, тіпті жалпы өнімді аса көп өндіретін Қытай мен Үндістанда ол Канада және АҚШ-пен салыстырғанда 5-6 есе төмен.

Мал шаруашылығы халықты азық-түлікпен (сүт, май, ет, т.б.) жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін шикізатпен (жүн, тері, ет өнімдері қалдықтары, т.б.) ауыл шаруашылығы өндірісін күш-көлік (ат, өгіз, түйе, т.б.) және тыңайтқышпен қамтамасыз етеді. Мал шаруашылығы өнімдері мен оның қалдықтарынан мал азықтары (майы алынған сүт, ет-сүйек және сүйек ұндары, т.б.), дәрі-дәрмектер мен биологиялық белсенді (активті) заттар (емдік сарысулар, гормонды қосылыстар, т.б.) алынады. Мал шаруашылығы салаларына сиыр, қой, ешкі, жылқы және түйе, шошқа шаруашылықтары жатады.

Әлемдік халық саны өсуінің жоғары қарқыны азық-түлік проблемасын күрт шиеленістіріп отырғаны барімізге мәлім.

Бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек.

Біз үшін бұл сын-қатер астарында орасан зор мүмкіндіктер бар. Біз қазірдің өзінде астық дақылдарын аса ірі экспорттаушылар қатарына ендік. Бізде аса ірі экологиялық таза аумақтар бар және экологиялық таза тағам өнімдерін шығара аламыз. Мал шаруашылығында да жеткен жетістіктер аз емес. Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау толықтай қолымыздағы нәрсе. Бұл үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет болады.

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі қашан да қа-

зақстандық қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын факторы болып келді және әлі де болып келеді. Республика экономикасы дамуының басым бағыттарының бірі бола отырып, ауыл шаруашылығы аса зор әлеует пен үлкен қорға ие.

Ел тұрғындарының негізгі қызметі мен тіршілік көзі ауылдық жер болып табылады, олардың көпшілігі үшін жер - негізгі өндіріс құралы. Аграрлық өндірістің тұрақтылығы - елдің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі. Астық, ет, сүт және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдері - әлемдік нарықта экжәне валюталық түсім көздерінің бірі.

Ел Президентінің Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» атты халыққа Жолдауында: «Сүт және сүт өнімдері өндірісін дамыту үшін стратегиялық инвесторлар тарту. Негізгі міндет: үш жыл мерзімде ТМД елдері нарығына шығарылатын өнімдерінің жартысына дейінгі экспортын қамтамасыз ету. Жұмыс селода кооперативтік өндірісті дамыту арқылы жаңазеландиялық Fronterra және даниялық Arla үлгісімен ұйымдастырылды.

Ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту. Негізгі міндет шикізат базасын дамыту және өңделген өнімдерді экспорттау», - деп көрсетілген [1]. Қазақстанда мал шаруашылығына байланысты туындайтын қоғамдық

қатынастардың түсінігі тікелей өсімдік және мал шаруашылығын біріктіретін күрделі аграрлық құқықпен байланысты. Сол себепті ауыл шаруашылығының алдында әлі де оңтайлы шешімін таппаған мәселелер баршылық. Ең бастысы - халықты сапалы, құнарлы әрі арзан азық-түлікпен қамтамасыз ету; айналадағы ортаны ластанудан қорғау және табиғат байлықтарын пайдалануды жетілдіру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 *Ұлт жоспары – 100 нақты қадам. Астана, 2015 жылғы 1 наурыз //ҚР Президентінің ресми сайты: http://www.akorda.kz/kz/category/poslaniya_narody. 2016.*

2 *Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы №151 қаулысы. <http://adilet.zan.kz>. -2016.*

3 *Қазақстан Республикасының Жер кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Кодексі. <http://adilet.zan.kz>. -2016.*

4 *<http://www.inform.kz/kaz/article/2353987>.*

Рахметов Есил Шарипбаевич

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Заң факультеті, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.д.

Қараулова Г.Д.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Заң факультеті, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының 1 курс магистранты

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІ САЛАСЫНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ ҚАТЫНАСЫ

Әлемде экономиканың дамуымен мүліктік мүдделердің артуынан сақтандыру ұйымдарының саны өсті, олардың шаруашылықтың басқа да салаларына салымдары және айналымдағы капиталы өсті. XVIII ғ. 60-жылдары басында Батыста 100 түрлі мүліктік және жеке сақтандырудың түрлері болды. Сақтандыру дамып экономиканың қажеттіліктеріне толық жауап берді және адамның барлық қызмет саласында сақтандыру жылдам тарады. Сақтандырудың түрлері мен әдістері уақыт қажеттілігіне қарай өзгеріп отырды. Мысалы, 1706 ж. өмірді сақтандыратын бірінші қоғам құрылған болатын, ал XVII-XIX ғғ. сақтандыру қызметтерінің жаңа түрлері пайда болды, оларға малдарды сақтандыру, бұзу арқылы ұрлықтан, қаржылық шығындардан, жазатайым оқиғалардан және сақтандырудың басқа түрлері.

Қазақстан халқының күнделікті өмірінде және экономикасына сақтандырудың нақты енуі төңкерістен кейінгі кезеңде орын алды.

«Сақтандыру» деген сөз «сақтан» не «үрей» деген сөзден шыққан. А.И.Худяковтың пікірінше, «сақтандыру термині «үрей» деген сөзден пайда болды. Кез келген саналы адам өзінің тіршілік жағдайлары мен шарттарының нашарлауынан қорқады (өмір жағдайының, өндіріс шарттарының және т.б.) және өзінің келешектегі қамын ойлай барынша өзін қауіпсіздендіруге ұмтылады (сақтандырады)» [1, с. 7]. Сонымен қатар, «сақтандыру» деген сөз (сақтандыру, сақтандырылу) қандай болмасын істе кейде сүйеу мағынасында қолданылады, қай кезде де сәттіліктің кепілдіктері және т.б. Қазіргі уақытта осы терминді барлық жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау құралы ретіндегі мағынада жиірек қолданылады.

Сақтандырудың алғашқы түрлері ерте заманда пайда болды. Қазіргі уақыттағы қайнар көздерге сүйенсек, сақтандыру сипаты бар келісімдер құл иеленушілік қоғамда да кездескен. Бұл келісімдер жылжымайтын мүлікке, саудаға, қарыз шарттарына, сонымен қатар теңізде кеме жүзуде кездеседі. Келісімдердің ең басты мәні болып, теңіз кемелері және теңіз жүктерін тасуға байланысты мүмкін болатын зиянның тәуекелін осы келісімдерге мүдделі тұлғалар арасындағы бөлу. Сақтандырудың ең ертедегі ережелерінің бірі Талмуд кітаптарыда баяндалған. Егер бір малшының малы жоғалып кетсе,

Талмуд басқа малшыларға жоғалған малдың орнына тек мал беруге бұйрық берді, бірақ не болса да ақша емес. Сол кезде негізгі қағидалар қаланған болатын: сақтандыру – тәуекелден сақтану, ол еш жағдайда байытуға қызмет ете алмайды.

Сақтандыру пайда бола бастаған кезінде, бастапқы түрлерінің негізінде өзара міндеттемелермен қамтамасыз етілетін өзара ұжымдық көмек болды.

«Сақтандыру» ұғымы көп қырлы болып келеді және әртүрлі жағдайларда әртүрлі мағынаға ие болады. Сақтандыру теориясында сақтандыру түсінігіне байланысты даулар туындайды: олар сақтандыруды тәсіл, нысан, әдіс, реттеуші, шаралардың немесе құқықтық қатынастардың жиынтығы ретінде.

Сақтандыру – бұл тек табиғи апаттар мен өндірістік жаракат немесе басқа да кездейсоқ жағдайлардың орын алуы кезінде келтірілген зияндарды өтеуге арналған арнайы ақша қорларын (мемлекеттік немесе жеке) құру ғана емес. Сақтандыру (экономикалық санат ретінде) – бұл ең біріншіден, экономикалық қатынас, мұнда субъект ретінде сақтанушы мен сақтандырушы болады, сақтандырушы сақтандыру сыйақысы төлемі түрінде сақтандырылған тұлғаның сақтандыру қорғанысын материалданған сақтандыру төлемімен қамтамасыз етеді. Сақтандыру қатынасы жоқ болса, сақтандырудың өзі де болмайды». Сонымен қатар, сақтандыру қатынастары экономикалық тұрғыда өз алдына капиталдардың қоғамдық қайта бөлуін білдіреді, ал бұл қызметке мемлекет арнайы қадағалауды жүзеге асырады» [2, с. 10].

Сондықтан да, сақтандыру қызметін тар және кең мағынада қарастыруға болады.

Ауыл шаруашылық өндірісі саласындағы сақтандыру өз алдына сақтандырудың бөлігін құрайды, демек сақтандыруға тән негізгі белгілер осы сақтандыру түріне де тән. Бірақ, аграрлық сақтандыруға ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ерекшеліктермен байланысты өзіндік ерекшеліктер тән.

Л.К. Еркінбаеваның еңбегінде келесідей ауыл шаруашылығының ерекшеліктері анықталған.

Ауыл шаруашылығының бірінші ерекшелігі, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең маңызды және ең осал экономиканың

секторы болып табылады. Көрсетілген ерекшелік ерекше протекционизм саясатын тудырады [3].

Екінші ерекшелік, ауыл шаруашылығында белсенді түрде табиғи ресурстардың қолдануымен көрініс табады. Өнеркәсіптің негізгі, алмастырылмайтын және мәңгі құралы ретінде жер қолданылады. Өндіріс құралы тірі организмдер - өсімдіктер мен жануарлар болып табылады.

Үшінші ерекшелік, қолданылатын өндіріс құралдарының сапасына байланысты болуы – жер, өсімдіктер, үй жануарлары.

Топырақ сапасы жиналған өнімге тікелей әсер етеді. Топырақ өнімділігі төмендегенде, егін шаруашылығының өнімділігі төмендейді. Ауру, генетикалық зиян жануарлар тұқымдыққа жарамсыз болады.

Төртінші ерекшелік, ауыл шаруашылығы өндірісінің объективті жағдайларға - табиғи-климаттық жағдайларға (құрғақшылық, жаңбырдың шамдан тыс жаууы, сел және т.б.) тәуелділігі.

Бесінші ерекшелік өндірістің, жеке алғанда өсімдік шарашылығының маусымдылығы. Яғни, негізгі жұмыстар табиғатпен белгіленген уақыт аралығында өндіріледі.

Демек, ауыл шаруашылығындағы сақтандыру объективті жағдайлар шегінде мемлекеттік қолдауды талап етеді.

Ауыл шаруашылық өндірісін сақтандыру саласындағы қатынастың ұғымын сипаттай келе, біз келесідей анықтама ұсына аламыз:

Ауыл шаруашылық өндірісі саласындағы сақтандыру қатынасы бұл келісім-шартта немесе заңнамада қарастырылған сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандырылған ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге мүлктік және мүлктік емес мүдделерін қорғау ретінде сақтандырушымен өндірілген сақтандыру сыйақысын төлеу және басқа да төлемдер төлеу бойынша сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы қоғамдық қатынастар болып табылады.

Сақтанушы – сақтандырушыға сақтандыру қорғанысын алу мақсатында сақтандыру төлемін төлейтін тұлға.

Сақтандырушы – сақтандырылған тұлғаға сақтанушыдан сақтандыру төлемі есебі негізінде сақтандыру қорғанысын камтамасыз ететін тұлға.

Сақтандырылған – оның мүддесі сақтандыру объектісі болатын тұлға. Біздің жағдайымызда сақтандырылғандар болып ауыл шаруашылық тауар өндірушілер табылады. Сақтанушы мен сақтандырылған бір адам ретінде орын алуы мүмкін, алмауы да мүмкін (егер сақтанушы басқа бір тұлғаның мүддесін сақтандырса).

Сақтандыру төлемі - жинақтаушы сақтандыру шартында анықталған, сақтандыру жағдайының келіп түсуінде немесе мерзімнің келіп түсуіндегі сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтанды-

рушымен сақтанушыға (пайда алушыға) төленетін ақша сомасы. Сөйтіп, сақтандыру төлемі сақтандырушы іс жүзінде төлетін ақшалай сомасы болып келеді.

Сақтандыру жағдайы – сақтандыру шарты сақтандыру төлемін қарастыратын жағдай. Сақтандыру жағдайы табиғи әсер, техногенді сипат және нақта адам әрекеті ретінде өз пайда болу себебін иемденетін жағдай. Сонымен қатар, сақтандыру жағдайы ретіндегі қарастырылатын жағдай кездейсоқтылық және ықтималдық белгілерін иемдену керек. Сақтандыру жағдайының түсу ықтималдығының деңгейі шарт тараптарымен өз бетінше бағаланады, сонымен қатар жағдайдың болмай қоймайтындыққа жақын болмауы қажет, егер соңғысы орын алса ол жағдай кездейсоқтық болмайды. Жағдай орын алудың ықтималдылығы мен кездейсоқтығының талаптары жинақтау сақтандыру шарттары бойынша қарастырылатын жағдайларға қолданылмайды. Сақтандыру жағдайларының түрі заң актілерімен (сақтандыру міндеті болып келген кезде) және шарттармен (сақтандыру ерікті болып келген кезде) анықталады.

Сақтандыру объектісі сақтандыру қорғанысына (яғни, сақтандыру неге бағытталған) жататын сақтандырылғанның мүддесі болып табылады.

Сақтандыру пәні – сақтандыру объектісі болып табылатын материалды құндылықтар, сондай-ақ жеке мүлктік емес құқықтар.

Ауылшаруашылық өндірісін сақтандыру саласындағы құқықтық қатынастар жай сақтандыру құқықтық қатынас ретінде де және аграрлық құқықтық қатынас ретінде де белгілерге ие болады.

Сақтандыру құқықтық қатынастар – азаматтық құқықтық қатынастардың бір түрі болғандықтан оларға жалпы және арнайы белгілері тән болады. Оларды құқықпен реттелетін қатынастар ретінде атауға болатын жалпы белгілер ретінде келесілерді жатқызуға болады:

- сақтандыру құқықтық қатынас жігерлі сипатта болады;

- ол салыстырмалы қатынас болып табылады, оған әрқашан нақты тараптар қатысады;

- заңи және фактілік іс-әрекет сақтандыру құқықтық қатынастың объектісі болап табылады;

- субъективті азаматтық құқықтардың және заңи міндеттемелердің болуы.

Ғылыми және оқу әдебиеттерінде азаматтық құқықтық қатынастардың басқа да жалпы белгілері көрсетілген.

Сақтандыру құқықтық қатынастардың ерекшелігі кез келген құқықтық қатынастардың (субъективті құрам, объект және мазмұны) дәстүрлі элементтер призмасы арқылы көрінеді. Алайда осы (жалпы) қасиетпен қатар сақтандыру құқығы мен сақтандыру бизнесінің теориясы мен тәжірибесі сақтандыру құқықтық қатынастары үшін «сақтан-

дыру мүддесі», «сақтандыру жағдайы», «сақтандыру тәуекелі», «сақтандыру төлемі» және т.б. секілді негізгі элементтерді өңдіріп шығарды.

Көрсетілген теңдестіру сақтанушы жауапкершілігімен байланысты сақтандыру құқықтық қатынастары сақтандыру міндеттемесінің өз бетінше дербес екендігіне күмән тудырады.

Осы авторлардың пікірінше, сақтандыру құқықтық қатынастарды азматтық-құқықтық міндеттеме ретінде анықтауға болады, ол бойынша сақтандырушы (борышкер) тиімсіз зардаптардың сақтандыру тәуекеліне сәйкес сақтанушының (сақтандырылған тұлға) оған (кредиторға) сақтандыру төлемін немесе сақтануды қамсыздандыруын (сақтандыру сомасын) төлеу арқылы сақтандыру мүддесін жүзеге асыру тиіс, ал сақтанушы сақтандырушының міндеттерінің орындалуын талап етуге құқылы.

Аграрлық сақтандыру құқықтық қатынастардың бір уақытта аграрлық құқықтық қатынастар болуы оның ерекшелігі болып табылады.

Аграрлық сақтандыру құқықтық қатынастары - бұл құқық нормалармен реттелген қоғамдық аграрлық қатынастар, олардың субъектілері аграрлық құқықтар мен міндеттерге ие болады.

Аграрлық сақтандыру құқықтық қатынастарына қатысты келесіні айтуға болады: олардың үлкен бөлігі мүліктік қатынастар құқығы табиғатына жатқызылса, ал қалғаны - ауылшаруашылық өндіріс үрдісінде жинақталатын ұйымдастырушы-басқарушы құқығы табиғатына жатады. Сонымен қатар, аграрлық сақтандыру құқықтық

қатынастары сақтандыру қатынастардың ерекшелігіне ие болғандықтан, аталғандардың ішінде жоғалып кетпейді.

Сонымен, аграрлық сақтандыру құқықтық қатынастардың жай сақтандыру құқық қатынастармен салыстыру бойынша ерекшелігі келесі жағдайларда болады:

Біріншіден, сақтандырылған тұлға ретінде аграрлық құқық субъектісінің қасиеттерін иемденген тұлға нақты субъектілер болуы керек - ауыл шаруашылық тауар өндірушілер.

Екіншіден, ерекше сақтандыру объектісі- ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің мүддесі.

Үшіншіден, сақтандыру аясы - ауыл шаруашылығы.

Жүргізілген зерттеулер келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік берді: Қазіргі таңда айналымға «аграрлық сақтандыру» немесе «ауыл шаруашылық өндірісін сақтандыру» түсінігін енгізген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Худяков А.И. *Страхование право Республики Казахстан.* – Алматы, 2008. – 456 с.

2 *Сақтандыру қызметі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. 2000 жылғы 18 желтоқсан N 126-II //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126_*

3 Л.К. *Аграрные правоотношения в Республике Казахстан: дис. ... докт. юрид. наук.* - Алматы, 2008. – 354 с.

Умбетбаева Ж.Б.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультеті
халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, umbetbaeva@mail.ru

Тұрсын Н.Б.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті халықаралық қатынастар факультеті
халықаралық құқық мамандығының 4-курс студенті, tursyn.nazerke@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ҒАРЫШ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Түйін. Бұл мақалада Қазақстан Республикасы мен шет елдердің ғарыш қызметі саласындағы ұлттық заңнамаларына талдау жүргізілген. Авторлар ғарыш қызметі саласындағы әр түрлі елдердің лицензиялау тәртібіне ерекше назар аударады.

Резюме. В данной статье проведен анализ национальных законодательств Республики Казахстан и зарубежных государств в сфере космической деятельности. Авторы уделяют особое внимание порядку лицензирования космической деятельности в разных государствах.

Summary. This article analyzes the national legislation of the Republic of Kazakhstan and foreign countries in the field of space activities. The authors pay special attention to the order of licensing of space activities in the different states.

Қазіргі таңда ғарыш қызметі адамзат үшін ең басымды және ғылымды қажетсінетін салалардың бірі болып табылады. Бұл қазіргі заманғы кез келген мемлекеттің даму деңгейінің, оның экономикалық, ғылыми, техникалық және қорғаныс әлеуетінің нағыз көрсеткіші [1].

Ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалануды қазіргі кезде мемлекеттердің кең және жан-жақты ынтымақтастығынсыз қарқынды дамуын елестету қиын. Мемлекетаралық ынтымақтастықты дамытуда ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық қағидасы ерекше рөлді алады [2].

Алайда 1979 жылғы 18 желтоқсанда Нью-Йоркте қол қойылған Мемлекеттердің Айдағы және аспан денелеріндегі қызметі туралы Келісімде ғарыш кеңістігі бүкіл адамзаттың қол жеткізген жетістігі деп көрсетілгенімен, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап оны зерттеу мен пайдалану жекелеген мемлекеттердің құзіретіне кіріп отыр.

Халықаралық міндеттемелерді орындау мақсатымен, сонымен қатар өз азаматтарының денсаулығы мен қауіпсіздігін, олардың меншігін және қоршаған органы қорғау мен коммерциялық ғарыштық қызметті дамыту ниеті нәтижесінде әлемнің көптеген мемлекеттері коммерциялық ғарыштық қызметтерді реттейтін ұлттық заңнамаларды қабылдап жатыр. Осыған байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Ғарыш Кеңістігін Бейбіт Пайдалану жөніндегі Комитеті (COPUOS) де: «Ғарыш қызметі құзыретті мемлекеттік орган рұқсатымен жүзеге асырылуы тиіс; өкілеттіктер мен рәсімдер, сонымен бірге рұқсатты беру, өзгерту, тоқтату мен жою нақты

нормативті-құқықтық базаны қалыптастыру керек. Рұқсат шарттары халықаралық міндеттемелер мен БҰҰ-ның Ғарыш туралы Келісімі аясында мемлекеттердің міндеттемелерімен сәйкес келуі қажет» деп ұсынады.

Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше-мемлекеттердің кем дегенде 26-сы – 14%-ы ғарыш қызметін реттейді. Ұлттық ғарыш заңнамаларын қабылдаған мемлекеттер қатарына: Алжир, Аргентина, Австралия, Австрия, Бельгия, Бразилия, Канада, Чили, Қытай Халық Республикасы, Колумбия, Франция, Германия, Үндістан, Ирландия, Италия, Жапония, Қазақстан, Нидерланд, Нигерия, Норвегия, Ресей Федерациясы, Оңтүстік Африка, Корея Республикасы, Испания, Швеция, Украина, Ұлыбритания, АҚШ және Венесуэла жатады. Гонконг та ғарыш қызметін реттейді [3].

Ғарыш саласының шартты, құқықтық және нормативті-техникалық базасын құрастыру аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігі «Ғарыш қызметі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғарыш қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының жобасын дайындау бойынша елеулі жұмыс атқарды. 2011 жылы ішінде заң жобалары алдымен Мәжілісте, кейін Сенатта қаралды. 2012 жылы 6 қаңтарда заң жобаларына Президент қол қойды.

Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жыл ішінде алғаш рет мемлекеттің ғарыш саласы заң негізінде жүзеге асырылып отырғандығын ерекше атап өту керек (осыған дейін ғарыш саласы мәселелерін реттеуде мемлекеттік бағдарламалардың, стратегиялық жоспарлардың және т.б. тиісті ережелері негізге алынатын) [4].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Ресей, Украина, Франция, Германия, Израиль сияқты мемлекеттермен ғарышты бейбіт мақсатта пайдалану мен зерттеу аясында тығыз байланыстар орнатқан.

«Ғарыш қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының құрылымы 7 тарау, 37 баптан тұрады:

1. Жалпы ережелер
2. Ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік реттеу және бақылау
3. Ғарыш қызметін жүзеге асыру
- 3.1. Ғарыш жүйелерінің ұлттық операторлары

4. Ғарыш инфрақұрылымы

5. Ғарыш қызметінің қауіпсіздігі

6. Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің құқықтық жағдайы және оларды әлеуметтік қамсыздандыру шаралары.

7. Қорытынды ережелер.

Заңның 1-бабының 7) тармақшасына сәйкес ғарыш қызметі ретінде ғылыми, экономикалық, экологиялық, қорғаныс, ақпараттық және коммерциялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ғарыш кеңістігін зерттеуге және пайдалануға бағытталған қызмет табылады. Республика аумағы мен ғарыш кеңістігінде ғарыш қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар ғарыш қызметіне қатысушылар болып табылады.

Ғарыш қызметін жүзеге асырудың бастапқы талаптарының бірі болып лицензиялау болып табылады. Жеке және заңды тұлғалардың ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметі Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңнамасына сәйкес берілетін лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында лицензиялар лицензиардың орналасқан жері бойынша беріледі. Лицензияны алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

- өтініш;
- заңды тұлға үшін – өтініш беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы;
- жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- жеке кәсіпкер үшін – өтініш берушіні жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
- лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- заңнамаларда көрсетілген жағдайларда біліктілік талаптарын растайтын құжаттар.

Шетелдік заңды тұлға, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын өтініш берушінің аталған құжаттары болмаған кезде осыған ұқсас мәліметтерді қамтитын басқа да құжаттарды ұсынады. Лицензияны беру туралы өтініштерді қарау мерзімі – 15 күн.

Лицензияны беруден бас тарту келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- жеке және заңды тұлғаларға заңдарда көрсетілген жағдайда осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;
- лицензиялық алым енгізілмеген;
- өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;
- лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органдан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған;
- өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заң-

ды күшіне енген сот шешімі болған;

- сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған.

Ғарыш қызметі саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы бұйрыққа сәйкес «Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ғарыш аппаратын басқару» кәсіби стандарты Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің ғарыш аппаратын басқару бойынша кәсіптік қызмет саласындағы маманға, оның дағдыларына, біліктеріне және құзыреттеріне қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді. Кәсіби стандарт таралатын негізгі топ: физикалық және инженерлік қызмет бағыттары саласындағы біліктілік деңгейі орташа мамандар, табиғи және инженерлік ғылымдар саласының мамандары, ұйымдардың және олардың құрылымдық бөлімшелерінің (қызметтерінің) басшылары.

Мемлекеттер өздерінің халықаралық міндеттемелерімен сәйкес келгенге дейін ішкі заңдарының деңгейі мен дәрежесін анықтауға ерікті. Мысалы, лицензиялау әртүрлі елдерде барлық қызмет түріне бірыңғай болуы мүмкін немесе ғарыш объектілерін ұшыру және қайталап кіруі сияқты әртүрлі қызмет түріне байланысты әртүрлі бола алады. Ұлттық ғарыш қызметтерін анықтауда ұлттылық және аумақтық қағидалар басым тенденцияға айналып жатыр. Жоғарыда аталған мемлекеттердің заңнамаларымен лицензия беру тәртібін салыстыра отырып қарастыратын болсақ.

Австралияда лицензияға өтініш беруші алдын ала ғарыш лицензиясын, ұшыруға рұқсатты немесе шетелден ұшыруға сертификатты сатып алуы қажет. Австралияның өзінде және Австралия шегінен тыс жерлерде жүзеге асырылатын ғарыш қызметтері оның лицензиялау режимі негізінде жүзеге асырылады. Австралияда ғарыш объектісін ұшыру деп ғарыш объектісін орташа теңіз деңгейінен 100 км аса қашықтыққа ұшыру түсініледі. Лицензиялау органы ұшыру рұқсатын өтініш берушінің біліктілігі мен ұшырудың қоғамның денсаулығы мен қауіпсіздігіне, меншігіне елеулі зиян келтірмейтініне қанағаттанған соң береді. Сонымен қатар, ғарыш объектісін ұшыру Австралияның ұлттық қауіпсіздігіне, сыртқы саясатына немесе халықаралық міндеттемесіне қарсы келмеуі қажет, өтініш беруші қаржылық және сақтандыру талаптарын орындауы тиіс. Өтініш беруші бағдарламаларды басқару жоспарын, қауіпсіздік технология жоспарын, оның ішінде төтенше жағдай жоспарын анықтауы міндетті [5].

Франция лицензияны Франция аумағынан ғарыш объектісін ұшыруды көздегісі немесе қамтамасыз еткісі келетін жеке тұлғадан немесе штаб-пәтері Францияда орналасқан заңды тұлғадан талап етеді. Лицензия алуға өтініш беруі міндетті тұлғалар қатарына: 1) француз аумағынан ұшыратын немесе объектісі Францияның юрисдикциясына қарайтын кез келген тұлғалар;

2) ұшыру жеріне қарамастан кез келген француздық оператор;

3) кез келген Францияның азаматы және штаб-пәтері Францияда орналасқан корпорация,

4) ғарыш объектісін басқаруды тапсырғысы келетін француз заңымен құрылған кез келген тұлғалар жағады.

Лицензияға рұқсат Францияның Әкімшілік органы өтініш берушінің моральдық, қаржылық және кәсіби кепілдіктерін тексерген соң беріледі [6].

Ұлыбританияда ғарыш объектісін ұшыруға ұмтылатын, оны пайдалануға немесе ғарыш кеңістігінде кез келген қызметке қатысуға ниет білдірген кез келген Ұлыбритания азаматынан, субъектісінен немесе тиісті заңдарға сәйкес тіркелген заңды тұлғалардан лицензия талап етіледі. 1986 жылғы ғарыш кеңістігі туралы Заң Ұлыбритания азаматтарына, шотландиялық фирмаларға және Британияда тіркелген заңды тұлғаларға тарайды. Осылайша, бұл заң ғарыш қызметін жүзеге асыратын Ұлыбританияның азаматтары болып табылмайтын тұлғаларға қолданылмайды.

Нидерланд елінің заңы лицензияны голландия жерінен немесе голландиялық кемеден жүзеге асырылған ғарыш объектісін ұшыру, ұшу немесе басқару үшін талап етіледі. Лицензия алуға құқық өтініш берушінің білімі мен тәжірибесіне байланысты. Ол жоспарланған ғарыш қызметі бойынша жан-жақты ақпаратты ұсынуға, қаржылық тәуекелдерді саралауға, жауапкершілікті сақтандыруға, радиожилілік рұқсат анықтауға міндетті [7].

Оңтүстік Кореяда ғарыш қызметімен айналысуға лицензияны берумен Ғылым және технология Министрлігі айналысады. Рұқсатты беру кезінде министр ұшыру мақсатын, көлік құралдарының қауіпсіздігін және жауапкершілік бойынша сақтандыру мәселелеріне аса көңіл бөледі. Өтініш берушінің біліксіз немесе квази-біліксіз саналуы, банкрот болып танылса, соңғы екі жылда түрмеде отырған және ғарыш қызметін анықтайтын заңды бұзғаны үшін сынақ мерзімінде болуы лицензия беруден бас тарту негіздері ретінде қарастырылады [8].

Швеция аумағында немесе Швеция азаматына лицензиясыз ғарыш қызметін жүзеге асыруға жол берілмейді. Өтініш жазбаша нысанда Швед ұлттық ғарыш Кеңесіне беріледі. Заңмен көрсетілген тиісті жағдайларда лицензия шектеулі болуы мүмкін. Дегенмен, заңнамада қоғамдық мүдде, қауіпсіздік, қоғамдық денсаулық пен қоршаған орта қалай қорғалуы тиіс жағдайлары айтылмаған [9].

Америка Құрама Штаттарында 1984 жылғы Коммерциялық Ғарыштық Ұшырулар туралы Заңы бойынша лицензия беруге Федералды азаматтық авиация басқармасы өкілетті. Ғарыш қызметі Америка азаматымен немесе кез келген тұлғамен Құрама Штаттар аумағында жүзеге асырылуы тиіс және коммерциялық тұрғыдан ғарыштың дамуына үлес қосуы тиіс. Сонымен бірге лицензия аэроғарыш

аппараттарын немесе қауіпсіздікті сертификациялауға қатысты емес. Лицензияға өтініш берілгеннен кейін, Федералды азаматтық авиация басқармасы оны 180 күннің ішінде қарастырады. Оператордың лицензияға берілген күннен кейін 2 жыл мен 5 жылдың арасында жарамды болып есептеледі. Жалпы лицензиялау процесі бірнеше кезеңдерден тұрады:

- алдын-ала өтініш беру кеңесі
- саясатты қарап тексеру мен бекіту
- қауіпсіздікті тексеру мен бекіту
- пайдалы жүктемені анықтау мен саралау
- қаржылық жауапкершілікті анықтау
- экологиялық сараптама
- сәйкестілік мониторингі.

Байқағанымыздай, ұлттық ғарыш заңнамаларын қолдану аясы юрисдикция бойынша ажыратылады.

Ғарыш саласы қазіргі заманда жылдық табысы 250 млрд доллардан асатын ең қарқынды өсіп келе жатқан өнеркәсіптердің бірі. Ғарыш-зымыран саласына инвестициялар коммуникация, ауа-райын болжау мен мониторингі және қорғаныс инфрақұрылымы үшін де маңызды болып табылады. Трансұлттық корпорациялар сияқты, ғарыштың жаһандық сипаты белгілі бір мемлекеттің бұл саланы жекелей реттеуі қиындықтар туғызады. Тіпті ұлттық ғарыш заңнамалары бар мемлекеттерде қауіпсіздік, қоршаған орта, жауапкершілік сияқты мәселелер әр түрлі реттеледі. Бұл келісілмеген шаралар ғарыш қызметінің толық потенциалына жетуіне кедергі болып табылады. Дегенмен, 1944 жылғы Халықаралық авиация туралы Чикаго Конвенциясы авиациялық қауіпсіздік пен навигация бойынша келісілген халықаралық стандарттарды белгілеген сияқты ұлттық ғарыш заңнамалары халықаралық ғарыш құқығының дамуына үлес қосады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Үкімет сағаты. Қазақстан Республикасында ғарыш саласын құрудың өзекті мәселелері. Астана, 2012 ж.*
2. *Сылкина С.М. Принцип межгосударственного сотрудничества в области исследования и использования космического пространства // Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан. – 2013 №13. – Б. 122*
3. *Paul Stephen Dempsey. National Laws Governing Commercial Space Activities: Legislation, Regulation & Enforcement (1 winter 2016) <http://scholarlycommons.law.northwestern.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1792&context=njilb>*
4. *Куликпаева М.Ж. Международное космическое право и Закон Республики Казахстан «О космической деятельности» от 6 января 2012 г. // Международно-правовые вопросы освоения космоса – М.: РУДН, 2012 – Б. 78*
5. *Space Activities Act 1998 <https://www.legislation.gov.au/Details/C2004C01013>*
6. *Loi du 3 juin 2008 relative aux operations spatiales <https://www.legifrance.gouv.fr/affichTexte.do?cidTexte=LEGITEXT000018939303>*
7. *<http://wetten.overheid.nl/BWBR0021418/2014-01-25>*
8. *Space Development Promotion Act of Republic of Korea 2005*
9. *Act on space activities of Sweden 1982*

Байжуманова Айгерим Мажидбековна

м.ю.н., ст. преподаватель, Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова
г. Талдыкорган, Nurai310707@mail.ru

ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ И КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИИ

Түйін. Мақалада автор саяси партия және конституциялық-құқықтық институттарда саяси партиялардың жауаптылық институтының құқықтық аспектілерін зерттеген.

Резюме. В данной статье автор исследует правовые аспекты института ответственности политических партий в конституционном праве.

Ключевые слова: политическая партия, правовой институт, конституционное право, конституционно-правовая ответственность.

Summary. In this article author considered legal aspects of responsibility Institute of the political parties in constitutional law, also defined legal evidences political parties in Republic of Kazakhstan.

В теории права существует несколько видов социальной ответственности: политическая, юридическая, моральная и т. д. Политическая ответственность вытекает из особенностей политических отношений.

Юридическая ответственность неразрывно связана с государством, правовыми нормами, обязанностью и противоправным поведением граждан и их объединений. Основанием юридической ответственности является правонарушение, когда особое значение имеет его состав. Состав правонарушения – это фактическое основание для юридической ответственности, а норма права правовое предписание, без которого немислима юридическая ответственность.

Юридическая ответственность представляет собой возникшее из правонарушения правовое отношение между государством в лице его специальных органов и правонарушителем, на которого возлагается обязанность претерпевать соответствующие лишения и неблагоприятные последствия за совершенное правонарушение, за нарушение требований, которые содержались в нормах права [1].

Теория права устанавливает пять видов юридической ответственности: уголовно-правовая, гражданско-правовая, административная, дисциплинарная и материальная. Некоторые ученые выделяют и такой вид, как конституционная ответственность.

По мнению В.А. Виноградова «конституционно-правовая ответственность - это самостоятельный вид юридической ответственности, осуществление мер которой (в виде различного рода

неблагоприятных последствий для субъектов) не только устанавливается конституционно-правовыми нормами, но и направлено, прежде всего, на защиту конституционно-правовых отношений. Ее конституционное и законодательное признание и установление как одного из видов юридической ответственности будет повышать эффективность конституционно-правовых норм, усиливать их влияние на общественно-политическую практику, т.е. способствовать решению одной из самых актуальных проблем конституционного права» [2, 103].

По нашему мнению, субъектами конституционной ответственности могут быть все участники конституционных правоотношений, в том числе и политические партии. Важно подчеркнуть, что субъектом конституционно-правовой ответственности является политическая партия, обладающая соответствующей правосубъектностью, правовым статусом, то есть надлежащим образом юридически оформленная и зарегистрированная Министерством юстиции политическая структура. Организация, претендующая на право называться политической партией, но не прошедшая процедуры юридической легитимации, признания со стороны государства, не может считаться субъектом конституционной ответственности, а применяемый в отношении неё отказ в регистрации не является санкцией конституционной ответственностью, и может рассматриваться лишь в качестве охранительной правовой меры, направленной на соблюдение режима конституционной законности.

Итак, ответственность политических партий.

Конституционная ответственность политических партий предусмотрена Ст. 13. Закона «О политических партиях» как приостановление деятельности политической партии и ст. 14. реорганизация и ликвидация политической партии [3].

Сущность конституционной ответственности политических партий состоит в ограничении или утрате партией своего конституционного статуса политического общественного объединения.

По смыслу ст 13. закона деятельность политической партии может быть приостановлена по решению суда в случае нарушения Конституции и законодательства Республики Казахстан; систематического осуществления деятельности, противоречащей уставу политической партии; публичного призыва и выступлений руководителей

политической партии, направленных на осуществление экстремизма; несоответствия численности членов политической партии требованиям закона.

Если приостановление деятельности политической партии влечёт существенное ограничение её конституционного статуса, ликвидация имеет результатом полную утрату такого статуса.

Ликвидация политической партии производится ликвидационной комиссией, назначаемой высшим органом политической партии, или судом.

Согласно пп 5.ст 14 закона о политических партиях по решению суда политическая партия может быть ликвидирована в случаях: «невыполнения требований Закона; неустранения в срок, установленный судом, нарушений, послуживших основанием для приостановления деятельности политической партии; систематического осуществления деятельности, противоречащей уставу политической партии; осуществления деятельности, запрещенной законодательными актами Республики Казахстан, либо с неоднократным (не менее двух раз) или грубым нарушением законодательства Республики Казахстан; признания недействительной государственной регистрации политической партии при установлении недостоверности сведений, содержащихся в документах, представленных для государственной регистрации, либо отмены государственной регистрации политической партии; двукратного подряд неучастия политической партии в выборах депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан; финансирования иностранными юридическими лицами и гражданами, иностранными государствами и международными организациями, принятия политической партией пожертвований, запрещенных законом; осуществления деятельности политической партии, ее структурных подразделений (филиалов и представительств) без перерегистрации в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан»[3].

Кроме закона о политических партиях есть и другие законы, которые регламентируют ответственность политических партий.

«7. Іске қатысушы және өзге де тұлғалар, сонымен қатар ашық сот отырысындағы бұқаралық ақпарат өкілдері сот отырысы барысында жазбалар жасауға құқықтары бар, және оларды аудиозаңба, өздерімен залда орын алатын сандық тасымалдаушылар арқылы жазып ала алады. Соттың және сот отырысына қатысушылардың келісімімен сот талқылау залында кино – және фото түсірілім, бейнежазба, тікелей радио және телетрансляция, ғаламтордағы ақпараттық-коммуникациялық желісіндегі бейнетрансляция рұқсат етіледі. Бұл туралы сот отырысының хаттамасына енгізілетін сот анықтамасында көрсетіледі. Бұл іс-әрекеттер сот отырысының қалыпты жүруіне кедергі келтірмеуі тиіс және сот уақытпен шектеуі мүмкін» [1].

104 баппен бірінші рет талап бойынша арнамыс, абыройды және іскерлік беделді қорғауда моральдық залал соммасын және мемлекеттік баж көлемін өндіріп алу арақатынасы енгізілуде:

«1. Талап-арыз бағасы анықталады:

1) өндіріп алу соммасына ұсынылған – ақша өндіріп алу туралы талап-арызбен;

2) өндіріп алу соммасына ұсынылған - арнамыс, абыройды және іскерлік беделді қорлайтын мәліметтерді тарату арқылы тигізген моральдық залал соммасын өндіріп алу туралы талап-арызбен;

3) өндіріп алу соммасына ұсынылған – іскерлік беделді қорлайтын мәліметтерді тарату арқылы келтірілген шығын соммаларын өндіріп алу туралы талап-арызбен» [1].

Осылайша 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексі күшіне енді, сотта өз арнамысын, абыройын немесе іскерлік беделін қорғаушы жеке тұлғалар қазіргідей 0,5 АЕК емес, ал өздері талаптанған сомманың 1% төлейді. Заңды тұлғалар өздерінің іскерлік беделін қорғау үшін талап-арыз соммасының 3% төлеулері керек. Басқаша айтқанда, қаншалықты көп қаласаң – соншалықты көп төле. Бұл жаңарту ойлан-

бай БАҚ және журналистерге қойылатын миллион және миллиард теңгелік талап-арыз берушілердің тәбетін азайтады деп сенеміз.

Қорыта келгенде, Азаматтық іс жүргізу кодексінің жаңа шығарылымы соттың іс қарауын жеңілдету және қарапайым адамдарға барлық шешімдер түсінікті болу үшін қабылданды. Азаматтық іс жүргізу кодексінің жаңа шығарылымда құрастырушылар ағымдағы кодекстің негізгі ережесін сақтап қалды. Өз кезегінде жаңашылдық уақыт талабымен келісілген және азаматтық сот ісін материалдық және моральдық шығынның минимальды түрде болуымен жүргізуге бағытталған. Жаңа енгізілім тараптардың дауды балама тәсілдермен шешумен байланысты азаматтық процесстігі айрықша заманауи институтын қарастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V ҚРЗ. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 200 б.*
2. *Статистика рассмотренных ювенальными судами дел в Республике Казахстан. //Вестник Пленума Верховного суда Республики Казахстан за 2014 г. - №12. – 107 с.*
3. *Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚРЗ. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 120 б.*

Қаудыров Төлеш Ерденович

з.ғ.д., профессор, «КАЗГЮУ университеті» АҚ Азаматтық құқықтық зерттеулер ғылыми зерттеу институтының директоры, азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық іс жүргізу кафедрасының профессоры.

Асанов Азамат Ерланович

заңтану магистрі, «КАЗГЮУ университеті» АҚ азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық іс жүргізу кафедрасының аға оқытушысы. boss.azamat.85@mail.ru

ЗАҢНЫҢ ҰЛЫҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛЫ: СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

***Түйін.** Бұл мақалада болашақ судьялыққа үміткерлерді дайындау және жүйелі түрде міндетін атқарушы судьялардың біліктігін арттыру мәселелері қарастырылады. Мақалада судьялыққа үміткерлер жасының олардың жұмыс өтіліне деген талаптардың жоғарлауы, жаңадан тағайындалған судьялар үшін сынақ мерзімінің еңгізілуі және т.б. ұсыныстар енгізіледі.*

***Резюме.** Статья посвящена вопросу подготовки претендентов на должность судьи и систематического повышения квалификации действующих судей. В статье содержатся предложения авторов по повышению требований к возрасту и трудовому стажу претендентов на должность судьи, по внедрению испытательного срока для вновь назначенных судей.*

***Summary.** The article covers the issues of advanced training of the candidates for the post of judges and systematic training of judges. The article contains proposals of the authors to improve the requirements for age and seniority of applicants for the post of judge, to introduce a trial period for newly appointed judges.*

Заманауи мемлекетті құру кезіндегі жүздеген қадамадардың арасында біздер үшін ең маңыздысы болып заңның ұлықтылығын қамтамасыз ету шаралары табылады, өйткені, Цицеронның айтуынша: «Еркін болу үшін заңдардың құлы болған жөн».

Экономикалық әл-ауқаттың жақсаруына байланысты қазақстан қоғамы рухани-адамгершілік тұрғысынан да елелулі түрде өркендейді. Заңды аттап өтіп «мақсатқа жету үшін барлық іс шаралар жарайды» деп ойлайтын және көбірек пайда алуды, игіліктерге жетуді немесе өз сұрақтарын шешуде кез келген амалдарды көздейтіндердің немқұрайлылық көзқарастарының орнына, оларға қол жеткізе алмай және оларды орындамай қазақстан мемлекеті мен қоғамының ары қарай ілгерілемелі қозғалысы мүмкін емес болатын тек шынайы заңдылық, әділ сот және кез келген қылмыс үшін жазадан бұлтартпауға қол жеткізу ғана нағыз игіліктер болып табылады деген пікірлер қоғамда қалыптасып нығаюда [4].

Тек әділ және бейтарап соттың жұмысы арқылы қол жеткізуге болатын заңдылықтың жоғары ден-

гейі маңызды игілік қана емес, сонымен бірге кәсіпкерліктің қарқынды дамуына тікелей әсер ететін фактор болып табылатынын көбі түсінеді. Құқықтық ортада әрекет етіп, өзінің нұқсан келген барлық құқықтарын, кірістері мен бизнесін тартып алуға деген талпыныстарды сотта сөзсіз және ойдағыдай даулауға болатынына сенімді бизнесмен, өз ісін беделділерге жалтақтамай тиімді атқаратын болады.

Институционалды реформалар бағдарламасының екінші тарауына кіретін 19 қадамдардың арасында сот жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар басым орын алады, қалған қадамдар полицияны, пенитенциарды мекемелерді және азаматтардың шағымдарын қарастыратын қоғамдық кеңестерге арналған. «Қылмыстық құқық бұзушылықтар картасы» деп аталатын интернет-портал құрастыру арқылы жасалған қылмыстар жөнінде қоғамды толық ақпараттандыру мәселелеріне де назар аударылған, және бұл халыққа ішкі істер органдары жұмысының тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді [2].

Бағдарламаның аталған ережелерін іске асыру үшін құқық қорғау органдары, мүдделі ұйымдар басшылары мен қоғам өкілдері арасынан құрамына сол аталған құқық қорғау органдары, қоғамдық ұйымдар өкілдері мен ғалым-заңгерлер кіретін екі жұмыс топшалардан тұратын заңның үстемдік етуін қатмасыз ету бойынша жұмыс тобы құрылған.

1. Кейбір сәттерде қызу даулар орын алған пікір алмасу барысында тәжірибесі бай мамандар мемлекетіміздің ары қарай дамуы үшін қажетті болатын болашақ сот жүйесінің үлгісін құрған. Талқылаудың басымдылықтарын анықтауда «бәрін кадрлар шешеді» деген социализм кезеңіндегі мақал бүгінде шынымен өзекті болатыны орынды белгіленген. Сондықтан да судьялық қызметіне іріктеу механизмын, судьялыққа үміткерлерді іріктеу және дайындау жүйесін, және де әрекеттегі судьяларды қайта дайындауды жетілдіруге назар аударылған.

Осы уақыттағы сияқты, болашақ судьяларды базалық дайындау Мемлекеттік басқару академиясының Әділ сот институтымен жүзеге асырылатын болады, бірақта оны Жоғарғы Сот қарамағына беру көзделеді. Бұл, оқыту үрдісінде орын алатын кемшіліктерді дереу анықтап жоюға, тәжірибе қа-

жеттіліктерін ескере отырып оның негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге Әділ сот институтының міндеттеріне судьялыққа үміткерлерді дайындау және жүйелі түрде әрекеттегі судьялардың біліктігін арттыру да жатқызылады.

Жұмыс комиссиясы «Судьялар кімдер болады?» деген орыс ақынының шешендік сұрағына жауап бере отыра судьялыққа үміткерлердің жасын осы уақыттағы 25 жастан 30 жасқа дейін көтеруді ұсынған. Сонымен бірге, бұл жас болса да тәжірибелі үміткердің сот өндірісіне қатысуымен байланысты (сот үрдісіне қатысушы сот отырысының хатшылары, прокурорлар мен адвокаттар) 5 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі болуы қажет [3].

Біздің ойымызша ол дұрыс шешім – 30 жаста адам кәсіби тұрғыдан қалыптасып, жұмыс тәжірибесіне ие болады және егер ол жұмыстың ауырлығына қарамастан судьялық жұмысқа баруға бел бұған болса, оның бұл қадамы саналы деуге болады.

Судьялыққа іріктеу үрдісі үміткерлердің жай ғана заңдардың талаптары түріндегі ақпараттарды жаттап алу қабілетін емес, сонымен қоса адамгершілік сапасын тексеруден басталуы үшін, заңдарды білу бойынша емтиханды тапсыруға дейін біз, осы уақыттағы психологиялық жарамдылығын тексеруді ұсынғамыз. Біздің тағы бір ойымызша – келешекте болашақ судьяларға тек дұрыс моральдық, заңға бағынышты ішкі ұстанымдары барлардың өтуі үшін міндетті түрде үміткерді «лақаптық детекторында» тексерген дұрыс болар еді...

Болашақ судьяларға арналған емтихан мазмұны да өзгереді – осы уақыттағы заңдар мазмұнын жаттап айтып беру қабілетін тексеру орнына өмірден алынып кейс түрінде ұсынылған күрделі тәжірибелік мәселені дұрыс шеше алу қабілетін тексеру өткізіледі.

Жалпы айтқанда, болашақ судья бүкіл өмірі бойы білімін жетілдіру қажет болады, сондықтан да әр үш жылда бір рет ол кәсіби дәрежесін арттырып отыруға міндетті болады...

2. Өндірістен қол үзбей өздігінен дайындалу нәтижесінде Әділ сот институтын ойдағыдай аяқтаған немесе емтиханды тапсырғандар бірден судья бола бермейді. Ол судьялыққа үміткер ретінде тағылымдамадан ойдағыдай өтуі тиіс. Судьялыққа үміткерлердің тағылымдамадан өту институтының тиімділігін арттыру міндеті қойылады және бұл негізгі жұмыс орынынан тыс өткізілетін болады.

Тағылымдамадан өту кезінде тағылымдамадан өтушілерге судьяның лауазымдық қызметіне шегінде еңбекақы белгілеу ұсынылады. Тағылымдамаға қабылдау олардың кадрларға мұқтаждығы ескеріле отырып аудандық соттар арасында тағылымдамадан өтушілердің санын бөлу кезінде квоталау негізінде өткізілетін болады.

Сот қызметімен айналысуға емтихан нәтиже-

лері әр қашан өзекті болуы үшін, емтихан нәтижелерінің әрекет ету мерзімін, тағылымдамадан өтуді және магистратурада оқу мерзімін 5 жылдан 3-4 жылға дейін қысқарту көзделеді, ал бұрын алған білімдері мен дағдыларын жаңғырту үшін судьялық қызметке ұсынылған тұлғалармен Әділ сот институты базасында міндетті түрде қысқа мерзімді дайындық курстарынан өту көзделеді. Аталған курстардан өтпеуі судьялық қызметке тағайындаудан бас тартуға негіз болады.

Бірінші рет тағайындалатын судьялар үшін бір жылдық сынақ мерзімінен өту көзделеді. Судья лауазымына ұсынылған тұлғаға сынақ мерзімі аяқталғанға дейін мемлекет Басшысының бұйрығымен судья міндеттері жүктеледі. Сонымен бірге сынақ мерзімі ішінде судьялар тек күрделі емес қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді қарайтын болады. Сынақ мерзімі аяқталысымен және сынақ мерзімі дұрыс нәтижемен аяқталған болса мемлекет Басшысының жарлығымен аталған тұлға тұрақты түрде судья болып тағайындалады. Сынақ мерзімінің нәтижесі қанағаттанарлықсыз болған жағдайда, судьяны қызметінен босату жөнінде мемлекет Басшысы актісін шығару қажет емес.

Сынақ мерзімінің нәтижелері жаңадан тағайындалған судьялардың қызметін кәсіби бағалау арқылы Сот төрешілерімен өткізілетін болады (тұлға судьялық қызметке тағайындалғаннан бастап 1 жыл өтісімен). Сонымен бірге, барлық қажетті өлшемдерді ескеретін судьяның кәсіби деңгейін анықтайтын негіздердің толық тізімі заңды түрде белгіленетін болады. Бағалау Сот алқасымен келесі өлшемдер негізінде жасалатын болады: сот әділдігін атқару сапасының көрсеткіштері (жоғары сот сатысымен күші жойылған немесе өзгертілген сот актілерінің саны); істерді қарау кезінде ақаулардың болуы; сот этикасы нормаларының және еңбек тәртібінің орындалуы.

Бағалаудың дрыс болуын қамтамасыз ету үшін мәселені Сот алқасында қарау кезінде Жоғарғы Сот Кеңесі мүшелерінің қатысуы мүмкін. Сонымен бірге, судьяны кәсіби бағалау нәтижелері Жоғары Сот Кеңесімен қаралуы қажет, өйткені жағымсыз баға алған жағдайда бұл судьяны қызметнен босатуға негіз болады.

3. Әрекеттегі судьялардың мансабын, кәсіби дәрежесін одан әрі алдын ала белгілі және ашық болуын қамтамасыз ету ұсынылған. Меритократияның белгілі және сенімді қағидасы енгізіледі: жоғары тұрған судьялар үміткерлерінде төменгі соттардағы жұмыс өтілі болуы қажет (облыстық сот судьясы үміткерлері үшін – 5 жылдық өтілі, ал Жоғарғы Сот судьялары үшін – 10 жылдық жұмыс өтілі, соның ішінде 5 жыл облыстық сот судьясы ретінде). Кадрларды іріктеу үрдісін өзіндік реттеудің және жауапкершілігін арттырудың өзге де тексерілген тәсіліне олармен берілген ұсыныстар-

дың дұрыстығы үшін кепіл болушылардың жауапкершілігі бекітіле отырып облыстық соттар мен Жоғарғы Сот судьяларына үміткерлері үшін жоғары тұрған соттар судьяларымен кепіл болушылық институты қолданылатын болады.

Ұсынылып отырған жаңалықтар үшін маңызды заңнамалық қамтамасыз ету де қажет: судьялыққа үміткерлер жасының олардың жұмыс өтіліне деген талаптардың жоғарлауы Конституцияның 79-бабының 3- тармағына өзгертулер енгізуді қажет ететін болады. Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық Заң мен «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» Заңға да өзгерістер енгізу қажет болады. Жаңадан тағайындалған судьялар үшін сынақ мерзімінің еңгізілуі Конституцияның 79-бабының 1-тармағын талқылауды немесе оған өзгерістер енгізуді қажет ететін болады. Сонымен қоса, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық Заңға және «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» Заңға; «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға өзгерістер енгізу қажет болады [1].

4. Мемлекеттің Жоғарғы Соты тек сот әділдігін атқару мәселелерімен, соттар тәжірибесін жинақтау және нормативтік қаулыларды қабылдаумен айналысуы үшін, судьялыққа үміткерлерді іріктеу оларды жылжыту бойынша мәселелердің басым бөлігін және т.б. оған дейін Жоғарғы Сот Кеңесін түбегейлі реформалауды өткізу арқылы, Жоғарғы Сот Кеңесінде жұмылдыру жөнінде шешім қабылданған. Жұмыс тобымен Жоғарғы Сот Кеңесін өзінің бюджеті мен жеке аппараты бар биліктің өзге бұтақтарынан тәуелсіз дербес мемлекеттік мекеме ретінде қайта құру ұсынылған. Екінші нұсқа бойынша Жоғарғы Сот Кеңесін өзінің бюджеті және жеке аппараты бар мемлекеттік мекеме ретінде қайта құру мүмкін болады [6].

Бұл шаралардың нәтижесінде Жоғарғы Сот Кеңесінің кадрлық уәкілеттілігінің кеңейуіне қол жеткізіліп, сонымен қоса оның құрамы да кеңиді – Жоғарғы Сот Кеңесі мүшелерінің жартысы Жоғарғы Соттың алқалы отырысында 2 жылдық мерзімге сайланатын судьялар болуы тиіс (соның ішінде отставкадағы судьялар да). Кеңестің кейбір мүшелері оның құрамына қызмет бабына (лауазымына) байланысты еңгізілетін болады (Жоғарғы Сот Төрағасы, Бас Прокурор, Әділет министрі, Жемқорлыққа қарсы әрекет ету және Мемлекеттік қызмет істері бойынша Агенттік Басшысы). Жаңа органның құрамына беделді ғалым-заңгерлер, соның ішінде шетел сарапшылары, және Қазақстан Республикасының судьялар Одағының өкілдері де кіретін болады.

Отставкадағы судьялар, құқық қорғау органдары қызметкерлері (соның ішінде прокуратура және Жемқорлыққа қарсы әрекет ету мен мемлекеттік

қызмет жұмысы бойынша агенттіктің жұмысшылары), әділет қызметкерлері, адвокаттар бірлестігі мен Судьялар одағы өкілдері, шетел сарапшылары арқылы Жоғарғы Сот Кеңесі тарапынан Судьялыққа емтихан тапсыру бойынша Біліктілік комиссия құрамын кеңейту де жоспарланған.

Кадрларды іріктеу бойынша Жоғарғы Сот Кеңесімен шешімдер қабылдануының демократиялық және шын болуын қамтамасыз ету үшін жеке бір нормативтік актіде Кеңес отырысы жұмысының ашық өткізілуі және судьялық пен соттар төрағалығына үміткерлерді іріктеу тәртібін толық жазу қажет болады, сонымен бірге Кеңес отырысытарын өткізу жұмысы еркін талқыланып ашық өткізілуі және де сот кадрларын іріктеудің барлық кезеңдерін өту жөнінде толық ақпарат жариялануы тиіс.

Жоғарғы Сот Кеңесі бойынша жасалатын жаңалықтарды заңды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 4 және 5 тармақтарына өзгерістер енгізу қажет болады, сонымен қоса «Қзақстан Республикасындағы соттар жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық Заңға да өзгерістер енгізіп «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» Заңын жаңа редакцияда қабылдаған жөн болады.

Судьялардың тәуелсіздігін қорғай, олармен өз заңдылығымен және әділдігімен ерекшеленетін шешімдер мен бұйрықтар шығаруға жағдай жасай отырып, судьялардың жауапкершілігі жөніндегі мәселені де шешу қажет болды. Сот этикасы нормаларын судьялармен бұзғаны жөнінде түскен олардың шағымдары бойынша сот этикасы жөніндегі комиссия мен облыстық сот басшылығы қажетті шаралар қабылдамаған жағдайларда, азаматтармен Соттар алқасына жүгіну құқығының заңмен қамтамасыз етілуі қарастырылады. Соттар алқасы соттар басшылығының қатысуынсыз судьялар қауымдастығының органдарымен құрылуы қажет. Сонымен қоса отставкадағы судьяларды қосу арқылы Соттар алқасы құрамын кеңейту көзделеді, сол арқылы осы органның тәуелсіздігі мен әділдігі нығайтуға мүмкіндік береді.

Осы уақытта көптеген заңгерлер арасында, судья ешкімге еш уақытта бағынбауы қажет деген пікір қалыптасқан. Бірақ бұл бір қатар сұрақтардың туындауына әкелдіреді: бұл жағдайда мемлекеттік орган болып табылатын сот жұмысын қалай ұйымдастыруға болады? Және де, істерді бөлу, науқастанып қалған судьяның, наразылық білдірілген судьяны ауыстыру және т.б. қалай реттелледі? Қазіргі уақытта бұл мәселелер өзі де оған бағынышты судьялар сияқты судья болып табылатын сот төрешісімен шешіледі (қиындық осында ғой!). Аталған мәселелерді талқылап отырып, жұмыс комиссиясы, судьялардың тәуелсіздігін нығайту және олардың мансаптарының өсуіне

соттар төрағаларының әсер ету мүмкіндігін жоққа шығару, судьяларды тәртіптік жауапкершілікке тарту тәртібін жетілдіру үшін, аталған мәселелер бойынша соттар төрешілерінің өкілеттілігін жоюды ұсынады.

Сонымен бірге, соттар төрешілері құзырында сот жұмысын ұйымдастыру бойынша өкілеттілігі қалуы тиіс. Соның өзінде соттар төрешілері жанама түрде болса да судьяларға әсер ететін өкілеттілікке ие бола алмауы тиіс (тұрғын үй бөлу, судьяларды мадақтау сияқты). Бұл өкілеттіктер сот органдарына берген жөн болады. Мысалы, салынған тұрғын үйлер мен тұрғын үйге мұқтаж судьялардың тізімі соттар қызметін қамтамасыз ету бойынша Департаментімен қалыптастырылып алқалы отырыстың қарауына берілетін болады.

Судья тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін болатын бұзушылықтар тізімінің жылпы сипатта емес толық реттелген болуы қажет болатыны жөніндегі ереже енгізіледі (мысалы, осы уақыттағы сияқты «заңды өрескел бұзу, кәсіптік жарамсыздығы»); жаза тағайындалған судья тәртіп жазаға тарту жөніндегі Соттар алқасының шешімдерін Жоғарғы Сот Кеңесіне шағымдау мүмкіндігіне ие болады.

Енгізілген ұсынымдар келесі заңды өзгерістерді талап ететін болады: «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық Заңға өзгерістер енгізу, және де «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі туралы» Заңның жаңа редакциясын қабылдау.

6. Сот жүйесінің демократиялық сипатта болуының және сот әділдігін жүзеге асыруға халықты кеңінен тарту тиімділігінің көрсеткіші болып Қазақстанда сот отырыстарының алқалы сот қатысуымен өткізілуі табылады. Біздің мемлекетте бұл үрдістің даму заңдылықтары жөнінде көптеген мәселелер бар және әртүрлі ойлар айтылады. Бірақта алқалы соттар – әлемге танымды құбылыс болып табылады, сот әділдігінің сенімді құралы және сондықтан да сот отырыстарының алқалы сот қатысуымен өткізілуін кеңейту жөнінде шешім қабылданған.

Осы уақыттағы, олардың қаралуына алқалы соттардың қатысуымен өткізілетін қылмыстардың 15 құрамына қосымша олардың соттылығына келесі істердің жатқызылу көзделеді (5 құрам): 1) қылмыстық топпен жасалған адам өлтіру қылмысы (төтенше жағдайларда және жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған адам өлтіру қылмысын қоспағанда); 2) қылмыстық топпен немесе ұрланғанды қанау мақсатымен адамды ұрлау, немесе жәбірленушіні абайсызда өлтіріп алу немесе өзге де ауыр салдарларға әкелдіру (ҚК 128 б. 4 т.); 3) қылмыстық топпен жасалған адам саудасы қылмысы, немесе абайсызда жәбірленушіні өлтіріп алу немесе өзге де ауыр салдарларға әкелдіру (ҚК 128 б. 4 т.) 4) кәмелетке толмағанды қылмыстық

топтың қылмыстық әрекеттеріне тарту туралы (ҚК 132 б. 5 т.); 5) қылмыстық топпен жасалған кәмелетке толмағанды сату туралы қылмыс, немесе жәбірленушіні абайсызда өлтіріп алу немесе өзге де ауыр салдарларға әкелдіру (ҚК 135 б. 4 т.).

Соттардың алдағы тәжірибесінен байқалатындай, ланкестік және экстремистік қылмыстар, мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, есірткі қылмыстары сияқты істердің сотта қаралуына алқалы соттардың қатысуын шектеу сақталуы қажет. Сонымен қатар, жергілікті әсер етулерді жою, қарау әділдігіне қол жеткізу мақсатында алқалы соттың қатысуымен қаралатын істердің бір соттан басқа сотқа берілу мүмкіндігі көзделетін болады. Сонымен бірге, қазіргі уақытта әділ сот үрдісіне халықты тарту қиындықтарын ескеріле отырып, алқалы сотқа үміткерлерді іріктеу тәртібі де жетілдірілетін болады. Бұл барлық шаралар, Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстарына және де «Алқалы соттар туралы» Заңға өзгерістер енгізу арқылы заңды қамтамасыз етуді қажет етеді.

7. Сот іс жүргізудің жарысты болуын дамытуға, және де кейбір органдардың орын алуы мүмкін болатын озбырлығынан азаматтардың құқықтарын қорғаудағы қосымша кепілі болып, прокуратураға, адвокатураға енгізілген жаңалықтар мен қылмыстық сот өндірісіне жаңа қатысушыны – тергеуші судьяның енгізілуі әсер етуі қажет. Мысалы, азаматтық істердің сотта қаралуы прокурордың міндетті қатысуымен болатын жағдайлар тізімі де елеулі түрде қысқартылған. Істердің қаралуына прокурордың міндетті қатысуы келесі жағдайларда көзделеді: прокурордың немесе соттың бастамасымен; мемлекет мүддесіне қатысты істерге; азаматтар өз құқықтарын өз бетімен қорғай алмайтын жағдайларда (мүгедектер, жетімдер, үлескерлер және өзге де әлеуметтік қорғауды қажет ететін тұлғалар); қоғам мүддесін қорғау қажет болғанда (айналымы белгісіз тұлғалардың құқықтарын қорғау кезінде, жұмыстан жаппай босату, еңбек ұжымына еңбек жалақы төленбеу). Керісінше, адвокаттардың қатысуымен жасалатын заңды әрекеттердің айналымы кеңейген: азаматтардың құқықтарының қорғалуының кепілін қамтамасыз ету үшін, адам мен азаматтың конституциялық құқықтарына қатысты тергеу әрекеттерін өткізуді сотпен санкциялау кезінде, олардың міндетті қатысуын көздей отырып, сотқа дейінгі өндірістегі адвокаттардың ролін арттыру көзделеді.

Жұмыс тобының ұсыныстары сотқа дейінгі өндірістегі соттың бақылауын кеңейтуге бағытталған. Осы уақыттағы заңдылық-маңыздылығы бар әрекеттер тізіміне қосымша ретінде алу, тінту (соның ішінде жеке басын тінтуді), зерттеу әрекеттерін санкциялауды тергеуші судьяға беру ұсынылады. Берілетін тергеу әрекеттерін санкциялау жөніндегі өтініштерді тергеуші судьяға жіберу,

осы уақытта судьямен санкцияланатын өзге тергеу әрекеттері сияқты прокурор арқылы жүзеге асырылуы ұсынылады.

Сот жүйесі мен соттар қызметін ары қарай жетілдіру бойынша барлық бастамалар жөнінде айтып өту, барлық мәселелерді бір ғана мақалада қамту қиын болады. Сотқа жүгіну кезіндегі қаржылық шығындарды азайту, сот әділдігінің толығымен ашық болуына қол жеткізуге қажетті шаралар, инвестициялық соттар құру саласындағы әрекеттер жеке тоқталуды қажет етеді. Бірақта, айтылып өткеннің өзі де – Қазақстан Республикасы мемлекет өмірінің барлық салаларында заңның басшылық етуіне қол жеткізу үшін, адам мен азамат құқықтарының толық қорғалуы және заңдылық, әділдік қағидаларына негізделген әділ сот жүйесін құруда кезекті қадамдарын жасауда деуге жеткілікті болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года). <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000>.
2. План нации - 100 конкретных шагов. Программа Президента Республики Казахстан от 20 мая 2015 года. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000100/info>.
3. О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан. Конституционный закон Республики Казахстан от 25 декабря 2000 года N 132. http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000132_.
4. Сман А. Правовое положение личности в Республике Казахстан (конституционно-правовой аспект). Монография-Астана: КазГЮУ, 2008 г.- С.315-320.
5. Джанишев Г.А. Основы судебной реформы: Сборник статей.-М.: «Статут»;РАП,2004.-С.33-46.
6. Судебная реформа в прошлом и настоящем.-М.: СТАТУТ;РАП,2007ю.-С.10-22

Онаева Гульмира Талгатовна

Магистр юридических наук, Академия «Болашақ», gulmira_onaeva@mail.ru

Дулатбеков Нурлан Орынбасарович

Доктор юридических наук, профессор

Какимжанов Турсынбай Сегизбаевич

Доцент, г.Караганды

РЕАЛИЗАЦИЯ ИНСТИТУТА СПЕЦИАЛЬНОГО ОСВОБОЖДЕНИЯ ОТ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ И ЕГО СООТНОШЕНИЕ С ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕМ ПРЕСТУПНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Резюме. В статье авторами рассматриваются вопросы реализации института специального освобождения от уголовной ответственности и его соотношение с предупреждением преступности в Республике Казахстан.

Түйін. Мақалада авторлар қылмыстық жауапкершіліктен босатудың арнайы институтын жүзеге асыруды және Қазақстан Республикасындағы қылмыстылықтың алдын алудың арақатынасын қарастырған.

Summary. In the article the author deals with the implementation of the institution of a special exemption from criminal liability and its relation to crime prevention in the Republic of Kazakhstan.

Ныне действующий УК РК, введенный в действие с 01.01.2015 года значительно расширил положения, заложенные в ранее действовавший УК РК, принятый в 1997 г. и внес несомненный вклад в казахстанскую уголовно-правовую науку, обогатив её новыми идеями и понятиями. Ныне он является объектом пристального внимания мировой общест-венности.

Для законодателей многих стран ближнего и дальнего зарубежья УК РК стал основой для реформирования уголовного законодательства. И здесь, как нам думается, будет вполне уместным проанализировать нормы действующего уголовного законодательства Республики Казахстан, регулирующие вопросы освобождения от уголовной ответственности.

Как мы ранее уже отмечали, понятия «освобождение от уголовной ответственности» и «освобождение от уголовного наказания» несут в своей основе принципиальные отличия и в этой связи сегодня возникла необходимость проведения четкого раздела между данными нормами. Такая необходимость возникла в связи с тем, с что, указанные институты принципиально отличаются друг от друга по:

- кругу участников процесса, уполномоченных принимать решение об освобождении от уголовной ответственности и наказания;

- стадиям уголовного судопроизводства, в ходе

которых допускается освобождение от уголовной ответственности.

Сегодняшнее уголовное законодательство Республики Казахстан в Общей части уголовного кодекса устанавливает девять видов освобождения от уголовной ответственности (ст.ст. 65-71, 78 и 83 УК РК), против семи (ст.ст. 65-69, 76 и 81 УК РК), закрепленных в ранее действовавшем УК 1997 года. Следует отметить, что каждая из данных видов имеет свою специфику, однако независимо от различия правовых оснований и условий их применения, все эти нормы, как и примечания к отдельным статьям Особенной части УК РК, предусматривающие возможность освобождения от уголовной ответственности, являются, в первую очередь, нормативно закрепленным отражением идеи компромисса в концепции современной уголовно-правовой науки и практики Республики Казахстан [1, с. 92].

Обусловлено это, прежде всего, насущными потребностями правоприменительной практики, и связана с нередкой переоценкой законодателем социального смысла наказания и ограничения ответственности причастных к преступлениям и уголовным правонарушениям виновным лицам. Здесь насущно необходимо сотрудничество с правоохранительными органами так называемых «менее виновных» лиц. Вместе с тем, как показывает практика деятельности правоохранительных органов по раскрытию и расследованию преступлений и уголовных правонарушений такие лица не всегда идут на такое сотрудничество, а порой и открыто противятся ему. И здесь правоприменителю постоянно приходится делать выбор между более или менее социально значимыми результатами. До сегодняшнего дня, к сожалению, возможность такого выбора была законодательно урегулирована не в полном объеме, что доставляло значительные трудности. Для решения данной проблемы законодатель пересмотрел весь комплекс исходных положений уголовной политики, норм и институтов материального права с тем, чтобы они предусматривали и реализовывали идею компромисса в борьбе с преступностью в стране [2, с. 85].

Не останавливаясь на этом, законодатель, посредством института компромисса постарался решить и такие задачи уголовно-правового характера, как: сэкономить уголовную репрессию и снизить удельный вес осужденных в обществе; сократить материальные затраты общества на содержание правоохранительных органов; разгрузить переполненные следственные изоляторы и места лишения свободы, ибо государство, сегодня, не в состоянии обеспечивать лицам содержащимся там элементарные необходимые минимальные условия; уменьшить количество уголовных дел, направляемых в суд, с обвинительным заключением и тем самым разгрузить его работу, а усилия суда сосредоточить на разбирательстве уголовных дел о преступлениях, представляющих для общества повышенную опасность; ократить сроки расследования, затрату сил и средств правоохранительных органов на выявление латентных и раскрытие зарегистрированных неочевидных преступлений, собирание доказательств по делу и обеспечение правильного его разрешения; снизить уровень рецидивной преступности посредством сокращения круга лиц, осужденных судом и направленных в места лишения свободы для отбывания наказания; склонить отдельные категории лиц, совершивших преступления и уголовные правонарушения к добровольному отказу и устранению, либо смягчению вредных последствий содеянного, предупредить с их стороны совершение новых умышленных преступлений и уголовных правонарушений; заинтересовать виновных, в том числе и отдельных участников преступных групп, в сотрудничестве с правоохранительными органами; защитить граждан от угрозы реального посягательства, когда безопасность их жизни и здоровья зависит от усмотрения виновного; ограничить вмешательство правоохранительных органов в межличностные отношения, связанные с семейной, хозяйственной, бытовой, интимной и иными сферами личной жизни людей, вторжение в которые без призыва к тому потерпевшего часто является излишней, а порой и недопустимой, со стороны государства, его органов и должностных лиц.

Это далеко не полный перечень целей и задач законодателя, которые он стремится достичь посредством анализируемого института. Вместе с тем, он наглядно показывает, что предусмотренные в Общей и Особенных частях УК РК нормы об освобождении от уголовной ответственности продиктованы не столько чувством гуманизма законодателя, сколько его стремлением вооружить правоприменителя, нередко нестандартными, уголовно-правовыми методами борьбы с преступностью, основанными, прежде всего, на идее компромисса. Ради справедливости следует отметить, что решить все эти вопросы первостепенной важности законодателю удалось не в полной мере. Обуслов-

лено это рядом как субъективных, так и объективных причин, первую строчку среди которых занимают допущенные концептуальные просчеты и редакционные погрешности. В силу этого антикриминогенный потенциал института освобождения от уголовной ответственности реализуется на практике лишь частично.

И здесь трудно не согласиться с мнением Ахметовой А.К., о том, что недостаток раздела УК РК об освобождении от уголовной ответственности и наказания видится в том, что в ней не предусмотрена специальная норма, которая позволяла бы правоохранительным органам освобождать от уголовной ответственности отдельных членов преступных формирований в обмен на их свидетельские показания изобличающие организаторов и других активных участников организованных преступных групп в не зависимости от ранее совершенных им преступных деяний [3, с. 126]. Здесь, как нам представляется, было бы более целесообразно в некоторых примечаниях к статьям Особенной части УК РК предусмотреть институт реабилитации за ранее совершенные преступные деяния, если они не несут в себе особо крупных последствий или сущностного значения, при условии, что виновные лица добровольно идут на сотрудничество с правоохранительными органами в целях предотвращения или недопущения более тяжких последствий или ущерба. Эти позиции необходимо заложить, как мы ранее предлагали, в отдельной статье раздела 5 «Освобождение от уголовной ответственности и наказания» УК РК. Об этом же говорит и правоприменительная практика.

Представляется необходимым расширить положения, предусмотренные в ст. 69 УК РК «Освобождение от уголовной ответственности с установлением поручительства», предусмотрев ответственность поручителя допустившего совершение лицом освобожденным от уголовной ответственности с установлением поручительства нового уголовного правонарушения либо преступления. В этих целях дополнить ч. 2 ст. 69 УК РК после слов: «за совершенное уголовное правонарушение» следующими словами: «и установлении ответственности поручителя за недопущение совершения нового уголовного правонарушения либо преступления лицом, взятым им под поручительство». Это положения значительно усилят ответственность поручителя за вверенного ему под поручение виновное лицо.

Анализ действующего Уголовного кодекса Республики Казахстан показывает, что в его нормах и редакции имеется еще ряд иных недостатков и просчетов. В частности:

1. Законодатель необоснованно ограничил категорию преступлений, на которые могут распространяться нормы рассматриваемой главы УК РК. Как нам видится, без какого - либо ущерба рассма-

триваемые нормы могли бы распространяться и на некоторые преступления, отнесенные к категории тяжких и средней тяжести (например, умышленные имущественные преступления и преступления, совершенные по неосторожности, которые не повлекли за собой гибель или какие-либо иные тяжкие последствия).

2. Реализация большинства норм Общей части УК РК, в отличие от аналогичных норм Особенной части УК РК, законодателем оставлена, к сожалению, на усмотрение правоприменителя. Так, нам представляется ошибочной формулировка «лицо может быть освобождено от уголовной ответственности», закрепленная в ст. 65-71 УК РК, т.к. она предлагает в качестве основания освобождения от уголовной ответственности не столько положительные посткриминальные поступки виновного, сколько усмотрение правоприменителя (суда, прокурора, следователя, лица, производящего дознание), что вряд ли является верным, т.к. его усмотрение нередко бывает необъективным из-за частую несправедливым [4, с. 69].

Нерешенность данных проблем приводит к тому, что зачастую бывает крайне сложно, а нередко и вообще невозможно склонить лиц, совершивших уголовное правонарушение или преступление, в обмен на выполнение им условий, перечисленных в законе к выполнению положительных посткриминальных поступков связанных с добровольным погашением реально причиненного ущерба, способствованию быстрому и полному раскрытию и расследованию преступлений и уголовных правонарушений, отказу от дальнейшей противоправной деятельности и т.д. В этой связи, как нам представляется, было бы вполне обоснованно и целесообразно формулировку, указанную в действующем уголовном законе - «лицо может быть освобождено от уголовной ответственности», заменить на более четкую, конкретную — «лицо освобождается от уголовной ответственности». Кроме того, крайне спорным представляется решение законодателя, который предусмотрел в ст. 65-71 УК РК безусловные последствия освобождения от уголовной ответственности. Это может привести и нередко приводит к неоднократному освобождению от уголовной ответственности лиц, которые ранее совершали преступления и уголовные правонарушения, но были освобождены от уголовной ответственности по основаниям, перечисленным в нормах анализируемой главы УК. Если учесть, что положительные посткриминальные поступки виновного не всегда являются следствием его раскаяния, а напротив, порой выступают как возможность избежания уголовной ответственности за совершенное преступление, получается, что такие лица остаются фактически безнаказанными за содеянное, что вряд ли согласуется с целями

уголовного закона и способствуют предупреждению новых преступлений и уголовных правонарушений со стороны таких лиц. Поэтому, по нашему мнению, было бы целесообразно нормы Общей части УК РК, допускающие компромисс с виновным в обмен на его явку с повинной, примирение с потерпевшим, устранение вредных последствий содеянного, предусматривали бы условность освобождения виновного от уголовной ответственности и предусматривали бы возможность применения более строгой меры уголовного наказания (выше установленного предела), если оно после освобождения от него вновь совершит преступление либо уголовное правонарушение.

Этот далеко не полный перечень пробелов названного раздела УК РК диктует настоятельную необходимость их устранения в процессе дальнейшей реформы уголовного законодательства страны.

Проведенный анализ нормативных правовых актов, регламентирующих уголовное наказание и освобождение от него позволяет нам сделать некоторые выводы и вывести ряд дефиниций. В частности, они обусловлены с тем, что специальное освобождение от уголовной ответственности – это особая форма реагирования со стороны государственных органов на случаи совершения преступлений, способствующее исправлению лица, совершившему впервые тяжкие и особо тяжкие преступления; замена уголовного наказания специальным освобождением от уголовной ответственности не лишена элементов принуждения в отношении лица совершившего преступление, а также специальное освобождение от уголовной ответственности характеризуется специфическими условиями правового регулирования, которое охватывает не только деятельность правоохранительных органов, но всю систему в целом.

Список использованных источников:

- 1 Каиржанов Е. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник: Общая часть / Отв. ред. Учебник по курсу. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. – 792 с.
- 2 Борчашвили И. Ш. Субъект преступления. – Алм.: Жеті Жарғы, 2007. – 96 с.
- 3 Ахметова А. К. Специальные виды освобождения от уголовной ответственности: вопросы применения: Монография. – Караганда: Болашақ-Баспа, 2011. – 175 с.
- 4 Роль амнистии и помилования в осуществлении уголовно-правовой политики РК: автореферат диссертации на соискание учен. степ. канд. юридических наук / Рысмагамбетова Г. М. – Карагандинский ин-т актуального образования "Болашақ", 2007. – С. 29.

Биебаева Ардақ Әлімханқызы

«ҚАЗГЗУ Университеті» АҚ доценті, заң ғылымдарының кандидаты

Жақсыбекова Фарид Сатбергеновна

«ҚАЗГЗУ Университеті» АҚ доценті, заң ғылымдарының кандидаты

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАЗАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Мақалада Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексі бойынша кәмелетке толмағандарға қолданылатын жаза түрлеріне талдау жасалады. Авторлар мәселенің қолданыстағы қылмыстық заңнамада жеткілікті деңгейде реттелмеген қырларына назар аударады, кейбір жаза түрлерінің кәмелетке толмағандарға қолданылатын жазалар тізімінде көзделуінің орындылығына күмән келтіреді.

Түйін сөздер: кәмелетке толмағандарға қолданылатын жазалар, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру, кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау.

Резюме. В статье анализируются виды наказания, применяемые к несовершеннолетним, по Уголовному кодексу Республики Казахстан 2014 года. Авторы обращают внимание на те аспекты проблемы, которые не нашли должного правового регулирования в действующем уголовном законодательстве, выражают сомнения относительно целесообразности включения отдельных видов наказания в перечень наказаний, применяемых к несовершеннолетним.

Ключевые слова: наказания, применяемые к несовершеннолетним, лишение права заниматься определенной деятельностью, штраф, исправительные работы, привлечение к общественным работам, ограничение свободы, лишение свободы, назначение наказания несовершеннолетним.

Summary. The article analyzes the punishments applicable to minors under the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan in 2014. The authors draw attention to those aspects that are not adequately in the current legal regulation of criminal law, express their doubts about the inclusion of certain types of punishment to the list of penalties applicable to minors.

Keywords: the punishments applied to minors, deprivation of the right to engage in certain activities, fine, remedial work, community work, restraint of liberty, deprivation of liberty, the appointment of a minor penalty.

Қолданыстағы қылмыстық заңнама кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігінің шарттары мен шектерін Қылмыстық кодексте арнайы бөлімді көздеу арқылы реттейді. Қылмыстық

заң оларға қылмыстық жазаларды қолдану аясын шектейді (ҚР ҚК 81-83-баптары), кәмелетке толмағандарға қолданылуы мүмкін жазалаушылық әсері төмен жазалардың тұйықталған тізімін белгілейді (ҚР ҚК 81-бабы), жаза тағайындаудың арнайы ережелерін бекітеді (ҚР ҚК 82-бабы). Сонымен бірге, кінәлінің кәмелеттік жасқа толмауы қылмыстық жауапкершілік пен жазаны жеңілдететін мән-жай ретінде ҚР ҚК 53-бабының 2)-тармағында қарастырылған. Заңшығарушының кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігін реттегенде бір жеңілдететін мән-жайды бірнеше рет ескеруге жол беруі ізгілік қағида-сымен түсіндіріледі.

Отандық қылмыстық заңнамада кәмелетке толмағандарға қолданылатын ерекше жаза түрлері көзделмеген [1; 453]. Кәмелетке толмағандарға қолдануға болатын жаза түрлерінің тұйықталған тізімі Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексінің 81-бабында бекітілген. Олардың қатарына мыналар жатады: 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 2) айыппұл; 3) түзеу жұмыстары; 4) қоғамдық жұмыстарға тарту; 5) бас бостандығын шектеу; 6) бас бостандығынан айыру.

Қылмыстық заңның сәйкес жаза түрлерінің жазалаушылық мазмұнын ашатын жалпы нормаларына жүгіне отырып, кәмелетке толмағандарға қолданылатын жаза түрлерінің жеке-жеке сипаттамасын беріп көрейік:

1) Белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру. Осы қосымша жазаның ересектерге қолданылатын аналогы «Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру» деп аталады (ҚР ҚК 50-бабы). Кәмелетке толмағандар жас шамасына байланысты мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында лауазымдарды атқара алмайтындықтан, бұл жазаның жазалаушылық мазмұнын кәсіби қызметтің белгілі бір түрлерімен айналысуға тыйым салу құрайды.

Ересектерге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге белгіленеді. Ал кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделеріне қарсы кейбір қылмыстар үшін (ҚР ҚК 120-баб. 3-бөл. 5) тарм. және 4-бөлігінде; 121-баб. 3-бөл. 5) тарм. және 4-бөлігін-

де; 122-баб. 2 және 3-бөл.; 124-баб. 2 және 3-бөлігінде; 132-баб. 2, 3, 4 және 5-бөлігінде; 133-баб. 2 және 3-бөлігінде; 134-баб. 4-бөл. 2) тармағында; 312-баб. 3-бөл. 1) және 2) тармағында көзделген), сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін бұл жаза өмір бойына тағайындалады.

ҚР ҚК 50-баб. 3-бөлігінде бекітілген жалпы ереже бойынша белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру қосымша жаза ретінде Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін қосымша жаза ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін. Демек, бұл жазаны қосымша жаза ретінде тағайындау-тағайындамау мәселесін соттың өзі шешеді. Алайда кәмілетке толмағандардың құқықтары мен мүдделеріне қарсы кейбір қылмыстар үшін және сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін бұл жаза міндетті түрде тағайындалуы тиіс.

Қылмыстық заңда кәмілетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын қолданудың бір ғана ерекшелігі айтылған: ол бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге ғана тағайындалады.

Белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру кәмілетке толмағандарға қолданылатын жаза түрлерінің ішіндегі жалғыз қосымша жаза. Сот тәжірибесінде кәмілетке толмағандарға қарастырылып отырған жаза түрі мүлде қолданылмайды. Жалпы ғалымдар қауымы да, тәжірибе қызметкерлері де кәмілетке толмағандарға қосымша жаза тағайындау қажеттігіне күмәнмен қарайды.

2) Айыппұл. Айыппұлдың жазалаушылық мазмұнын сотталған адамнан мемлекеттің кірісіне ақша өндіріп алу арқылы оны мүліктік шектеулерге ұшырату құрайды, осы себепті айыппұл мүліктік жазалар қатарына жатады (ҚР ҚК 41-бабы).

Айыппұлдың мөлшері қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санымен есептеледі, сонымен қатар қолданыстағы қылмыстық заңнамада айыппұлды пара сомасына немесе құнына еселеп есептеу мүмкіндігі көзделген.

Айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін де, қылмыстар үшін де тағайындалатын бір реттік негізгі жаза түріне жатады. Қылмыстық теріс қылықтар үшін айыппұл айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде, ал қылмыстар үшін – айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде тағайындалады. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексі айыппұл жазасын қолдану аясын елеулі түрде кеңейтті: қолданыстағы қылмыстық заңнамада айыппұл ауыр қылмыстар үшін де көзделеді.

Айыппұл мөлшерін жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын және сотталған адамның мүліктік жағдайын ескере отырып, сот

айқындайды.

ҚР ҚК-нің 81-баб. 3-бөлігінде кәмілетке толмағандарға айыппұл қолданудың екі ерекшелігі аталған:

а) Кәмілетке толмағандарға айыппұл айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады. Көріп отырғанымыздай, айыппұлдың мөлшері кәмілетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың түріне (теріс қылық немесе қылмыс) тәуелді емес.

ә) Айыппұл кәмілетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Бұл ереже жеке жауаптылық қағидасына орай тұжырымдалған, яғни қылмыстық құқық бұзушылық үшін сол құқық бұзушылықты жасаған адамның өзі ғана жауап беруі керек. Жазаның үшінші адамдарға кері ықпал тигізуіне жол беруге болмайды. Егер кәмілетке толмағанның дербес табысы немесе мүлкі болмаса, сот тағайындаған жазамен байланысты құқықтық шектеулерге оның ата-анасы, қорғаншылары мен қамқоршылары ұшыраған болар еді.

3) Түзеу жұмыстары. Түзеу жұмыстары Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасында айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жаза түрлерінің қатарына жатады. Қазір түзеу жұмыстарының жазалаушылық мазмұнын сотталған адамның жалақысынан айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде мемлекет кірісіне ақша өндіріп ала отырып, оны негізгі жұмыс орны бойынша еңбекке тарту және сотталған адамның жалақысының (ақшалай үлесінің) жиырмадан қырық пайызға дейінгі мөлшерін ай сайын мемлекет кірісіне аударып отыру құрайды (ҚР ҚК 42-бабы). Демек, түзеу жұмыстары тағайындалған адам да мүліктік шектеулерге ұшырайды.

Түзеу жұмыстары қылмыстық теріс қылықтар үшін де, қылмыстар үшін де тағайындалатын негізгі жаза түріне жатады. Қылмыстық теріс қылықтар үшін түзеу жұмыстары айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде, ал қылмыстар үшін – айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде тағайындалады.

ҚР ҚК-нің 81-баб. 4-бөлігінде кәмілетке толмағандарға түзеу жұмыстарын қолданудың екі ерекшелігі аталған:

а) Кәмілетке толмағандарға түзеу жұмыстары айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады. Көріп отырғанымыздай, бұл жазаның мөлшері де кәмілетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың түріне (теріс қылық немесе қылмыс) қарай жіктелмейді.

ә) Түзеу жұмыстары кәмілетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе тұрақты кірісі бар болған жағдайларда ғана тағайындалады.

Сонымен қатар түзеу жұмыстары еңбекке қа-

білетсіз деп танылған адамдарға, тұрақты жұмысы жоқ адамдарға немесе өндірістен қол үзіп оқу орындарында оқитын адамдарға (оқу орындарының күндізгі бөлімінде оқитындарға) тағайындала алмайды. 17-18 жас шамасына дейін кәмелетке толмағандардың басым бөлігі, әдетте, орта мектепте немесе колледжде оқиды. Демек, кәмелетке толмағандардың басым бөлігіне түзеу жұмыстары объективті себептерге байланысты тағайындала алмайды.

Біздің ойымызша, қоғамдық қауіптілік дәрежесі әртөктес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға айыппұл жазасының бірдей мөлшерінің көзделуі әділдік қағидасына кереғар келеді. Сол себепті қылмыстық заңнамада айыппұл және түзеу жұмыстары түріндегі жазалардың қылмыстық теріс қылықтар үшін бір бөлек, қылмыстар үшін бір бөлек мерзімін көздеу қажет деп санаймыз.

4) Қоғамдық жұмыстарға тарту. Қоғамдық жұмыстар сотталған адамның жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады (ҚР ҚК 43-бабы).

Халықаралық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар, өздері азаматы болып табылатын мемлекеттер осы қылмыстармен күресу жөніндегі тиісті конвенцияларға қосылу-қосылмайтындығына қарамастан, жауаптылықта болады. Бұл тәртіп жай ереже сияқты мемлекеттер арасында кеңінен таралып, мұндай тұлғалардың жауапкершілігінің заңды негізі-халықаралық қауымдастық тарапынан қылмыстылық пен оның жазаланатындығының танылуы болып есептеледі, ал олармен күресу міндеті халықаралық құқықтың императивті ережесі болып табылады.

Халықаралық қылмыстық құқықта қылмыс жасаған тұлғаны жан-жақты қудалау, оның жазасының болмай қоймайтындығы туралы қағидаттар әрекет етеді, яғни олар қылмыстың жасалу орнына, азаматтығына және тұрғылықты жеріне қарамастан, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Халықаралық қылмыстық құқық қазіргі таңда халықаралық жария құқықтың арнайы бір саласы ретінде орнығып, оның даму процесі жалғасуда. [9].

Ұлттық қылмыстық құқықпен салыстырғанда ХҚҚ бірқатар ерекшеліктері бар. Біріншіден, оның реттеу пәні-халықаралық қылмыстықпен күресудегі мемлекеттердің ынтымақтастығы. Екіншіден, ұлттық қылмыстық құқыққа қарағанда халықаралық қылмыстық құқық кешенді сипатта болады, яғни оның қайнар көздері қылмыстық құқықтың, қылмыстық іс жүргізушілік және қылмыстық атқарушылық құқық ережелері жатады. Үшіншіден, қылмыстық пен жазаны белгілейтін халықаралық қылмыстық құқық ережелерінің кейбір жағдайда кері күші бар. Бұл халықаралық трибуналдар жарғыларының материалдық ережелері. Төртіншіден, халықаралық қылмыстық құқықтың субъектілері тек жеке тұлғалар емес, сонымен қатар заңды тұлғалар мен мемлекеттер болады.

Халықаралық қылмыстық құқықты, халықаралық шарттармен көзделген мемлекеттердің қылмыстылықты ескерту жөніндегі ынтымақтастығын, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетуді хәне қылмыстар үшін жазалауды реттейтін қағидаттар мен ережелердің жиынтығы деп анықтауға болады.

1996 ж. БҰҰ-ның халықаралық құқық комиссиясы «Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар туралы» кодекстің саны бойынша үшінші жобасын қабылдады. Оның ережелері Кодекстің әрекет ету аясын, тұлғалардың жеке жауапкершілік қағидатын, қылмысқа қатысушылықты, мемлекеттердің жауапкершілігін, қылмыстық бұйрықтың түсінігін, қылмыстық процес пен жаза тағайындау мәселелерін (1-15-баптан) анықтайды. 15-20 баптарда басқыншылық актілер, гено-

цид үшін, адамзатқа қарсы қылмыстар үшін, БҰҰ құрамына қарсы қылмыстар мен әскери қылмыстар үшін жауапкершіліктер белгіленген. [10].

1992 ж. БҰҰ-ның халықаралық құқық комиссиясы 60 баптан тұратын халықаралық қылмыстық соттың мәртебесі туралы жобаны қабылдап, Бас Ассамблеяға берді. Мәртебеге сәйкес соттың құзиреті, сотқа БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесімен берілген әскери қылмыстарға, адам құқықтарын жүйелі түрде және жаппай бұзу, қинау, кепілге алушылық, заңсыз есірткі айналымы, халықаралық терроризм және басқа қылмыстарға таралды. Бірақ бұл үшін мемлекеттер соттың құзиретін тану қажет. 1998 ж. 17 шілдесінде Римде өкілетті өкілдердің БҰҰ-ның саясында өткізген Дипломатиялық конференциясында Халықаралық қылмыстық сот құрылып, оның заңы қабылданды.

Дегенмен мұндай сотты құру қажеттілігін барлық мемлекеттер қолдаған жоқ. 1999 ж. 1 қазанын қоса санағанда, Халықаралық Қылмыстық Сот заңына 78 мемлекет қол қойды. Өйткені, олар мұны мемлекеттің ішкі ісіне араласу құралы деп есептеді. Сондықтан халықаралық қылмыстықпен күресудің негізгі міндеті мемлекеттерге тиесілі.

Халықаралық құқықта қабылданған топтамаға сәйкес мыналарды ажырата білу керек: 1. Халықаралық қылмыстар және 2. Халықаралық сипаттағы қылмыстар.

Халықаралық қылмыстар жасалғанда жауапкершілікті мемлекеттер көтереді. Жеке тұлғалар, егер олардың әрекеттері мемлекеттің қылмыстық қызметімен байланысты болса ғана жауапқа тартылады. Халықаралық қылмыстар деп-бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін жеке тұлғаны қорғау және тұтастай алғанда халықаралық қауымдастықтың өмірлік маңызы бар мүдделері үшін негізгі маңызға ие болатын, халықаралық құқықтың адамзат дамуына аса қауіпті қағидаттары мен ережелерін бұзу танылады. Осылардың ішінде іс жүзінде мемлекеттердің қылмыстық саясатын жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері аса қауіпті болып табылады. Мемлекеттермен қатар, бұл қылмыстар үшін халықаралық саяси және материалдық жауапкершілік көтеретін субъектілер болып мемлекеттердің басшылары, жоғарғы лауазымды тұлғалар мен басқа да қылмыстық саясатты орындаушылар танылады.

Алғаш рет халықаралық қылмыстардың тізімі 1945 ж. халықаралық әскери трибуналдың жарғысында белгіленді. Халықаралық әскери трибунал жарғысының 6-бабында халықаралық қылмыстар 3 топқа топтастырылған: [11].

Бейбітшілікке қарсы қылмыстар-басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, бастау немесе жүргізу, соғысты халықаралық шарттарды, келісімдерді бұзу арқылы жүргізу;

Әскери қылмыстар-әскери заңдар мен әдет-ғұрыптарды бұзушылықтар: кісі өлтіру, жаулап

алынған аймақтағы бейбіт тұрғындарды қорлау немесе құлдыққа әкету, әскери тұтқындарды өлтіру немесе қорлау, кепілге алынғандарды өлтіру, қоғамдық немесе жеке меншікті тонау, және т.б.

Адамзатқа қарсы қылмыстар-кісі өлтіру, соғысқа дейінгі немесе соғыс кезеңінде бейбіт тұрғындарға қатысты қырып-жою, құлдыққа айналдыру, жер аудару және басқа да қаттыгездіктер; саяси, діни немесе нәсілдік себептер бойынша қудалау және т.б. Халықаралық қылмыстарға геноцид, апартеид, нәсілшілдік, отаршылдық, экоцид, биоцид т.б. жатады.

Халықаралық сипаттағы қылмыстар нақты бір мемлекеттің қылмыстық қызметіне байланысты болмайды, бірақ олар бір уақытта халықаралық және ұлттық құқықтық тәртіпке, мемлекеттердің экономика, мәдени, сауда саласындағы бейбіт ынтымақтастығына, адамның құқықары мен бостандықтарына қол сұғады және көптеген мемлекеттерге қауіп төндіреді. Бұлар жалпы қылмыстық қылмыстар, бірақ «шетелдік элементпен».

Осы қылмыстарды жасау нәтижесінде мемлекеттер арасында күрделі азаматтық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық және іс жүргізушілік қатынастар пайда болады. Қылмыс жасау нәтижесінде пайда болған мәселелерді шешу қажеттілігі көптеген халықаралық-құқықтық актілер қабылдауды, арнайы халықаралық ұйымдар мен олардың өкілетті органдарының қызметін, мемлекеттердің белсенді ынтымақтастығы мен олардың әрекеттерінің өзара үйлесімділігі қажет етеді.

Халықаралық сипаттағы қылмыстарды халықаралық қауіптілік дәрежесі мен қылмыстық құл сұғынушылықтың объектісіне байланысты шартты түрде мынадай негізгі топтарға бөлуге болады:

Халықаралық қатынастардың тұрақтылығына қатысты қылмыстар: халықаралық терроризм, кепілге алушылық, әуе кемесіндегі қылмыстар, ядролық материалды ұрлау, жалданушылық, заңсыз радиохабарлар тарату, т.б.

Мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік дамуына нұқсан келтіретін қылмыстар: жалған ақша жасаушылық, есірткі және психотропты заттармен жасалатын заңсыз операциялар, контрабанда, заңсыз эмиграция, қоршаған орта, мәдениет құндылықтарына қылмыстық қол сұғынушылық;

Адамның жеке құқықтары мен бостандықтарына қылмыстық қол сұғынатын қылмыстар: құлдық, құл саудасы, әйелдер мен балалар саудасы, үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануы, порнографияны тарату, қинау;

Теңізде жасалатын қылмыстар: қарақшылық, су асты құбырын бұзу, зақымдау, теңіз кемелерінің соқтығысуы, теңізде көмек көрсетпеу, теңізді зиянды заттармен ластау, континенттік қайраң мен ерекше экономикалық аймақтың құқықтық режимін бұзу, теңізде балық аулау ережелерін бұзу және т.б.

Қылмыстықпен күресудегі мемлекеттер ын-

тымақтастығының салалары. Мемлекеттер терроризм, ақша белгілерін қолдан жасау, әуе кемелерін басып алу және айдап кету, есірткі және психотропты заттардың заңсыз айналымы, қарақшылық және басқа халықаралық сипаттағы қылмыс түрлерімен күресуде ынтымақтастықты белсенді түрде жүзеге асырады. [12].

Халықаралық терроризм халықаралық қылмыстардың ауыр түрлерінің біріне жатады. Қылмыстың бұл түрімен күрес 1937 жылы басталды. Осы жылы «Терроризмнің алдын алу және оны болдырмау» Женева конвенциясы қабылданды. Бұл конвенцияда террористік деп танылған және жазалануға жататын әрекеттердің тізімі көрсетілді. Аталған конвенция күшіне енгеннен бері, ол терроризммен күресуге бағытталған кейінгі конвенциялардың қабылдануына негіз болды.

Терроризм латынның «terror»-қорқыныш деген сөзінен шыққан. Дипломатиялық сөздікте халықаралық терроризмге мынандай анықтама берген: «Адамдардың орынсыз өліміне әкеп соғатын, мемлекеттер мен олардың өкілдерінің қалыпты дипломатиялық қызметін бұзатын және халықаралық байланыстардың, кездесулердің, сондай-ақ, мемлекеттер арасындағы көлік байланыстарының жүзеге асуын қиындататын халықаралық көлемдегі қоғамға қауіпті әрекет. [13].

Қытай мен Қазақстан қауіпсіздік пен тұрақтылық саласында бір-бірін ешқалай бәсекелес ретінде көре алмайды. Көрші еліндегі тұрақтылық пен бейбітшілікке қос мемлекет те ерекше ынталы. Бұған 2009 жылы Шыңжаң өлкесінде болған ұлтаралық қақтығыстар дәлел бола алады. Осы бір ғана оқиғаның екі мемлекет экономикалық қатынастарына қаншалықты нұқсан келтіргендігі белгілі. Сол себептен де Қазақстан мен Қытай өз елдеріндегі және өзге елдегі тұрақтылық пен тыныштыққа аса мұқтаж.

Қытай Халық Республикасының батыс өлкесінің жанжал туу ықтималдығы аса жоғары өлке болып табылады. Бұл өңірде сан түрлі ұлт өкілдері тұрғандықтан емес, тек ұйғыр сепаратистерінің өзі аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа нұқсан келтіретін жағдай. Бұлай деуге ұйғыр ұлтының саны мен аталмыш өңірдегі радикалдық ислам қозғалыстарының әрекеті себеп. «Шығыс Түркістан ислам қозғалысы» аса қауіпті террористік ұйымдар қатарына жатады. Бұл ұйым Қытай Халық Республикасы Қоғамдық қауіпсіздік министрлігінің 2003 жылы 15 желтоқсанда жариялаған террористік ұйымдар жайлы тізімінде алдыңғы қатарларда тұр. 1993 жылы құрылған бұл ұйым белсенділері әлемнің көптеген жерлерінде арнайы жаттығулардан өтіп, көптеген ірі лаңкестік ұйымдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Кез келген елдің қауіпсіздік мәселесіне қатысты «қара тізімінде» бірінші тұратын «аль-Кайданың» бұрынғы жетекшісі, бүгінде ислам лаңкестерінің

рухани көсеміне айналып бара жатқан Усама бен Ладен «Шығыс Түркістан ислам қозғалысының» жетекшісі Айсан Махсуммен 1999 және 2001 жылдары кездесуінде оған «Өзбекстанды аза ету ислам қозғалысы» және «Талибан» қозғалысымен бірлесе қимылдауға шақырған еді[14]. Осыдан-ақ бұл ұйымның тек ҚХР үшін ғана емес, өңір елдері ұлттық қауіпсіздігі үшін аса қатерлі екенін көруге болады.

Халықаралық терроризммен күрес ҚХР мен ҚР арасындағы ынтымақтастықтың маңызды бір саласы болып есептеледі. Екі мемлекет екіжақты да және аймақтық-халықаралық ұйым шеңберінде де терроризммен күресте тығыз ынтымақтастықта. ШЫҒУ шеңберінде халықаралық терроризмге қарсы ұйымға мүше мемлекеттердің қарулы күштері қатысқан оқу-жаттығу шаралары өткізіліп тұрады. Халықаралық терроризммен күресте ШЫҒУ-на мүше елдер үшін басты құжат – 2001 жылы 15 маусымда қабылданған «Терроризм, экстремизм және сепаратизммен күрес туралы Шаңхай Конвенциясы».[14].

Қазақстан Республикасы Нью-Йоркте 2000 жылғы 10 қаңтарда жасалған Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы халықаралық конвенциясы. Мақсаты-терроризмді қаржыландыру жалпы алғанда халықаралық қауымдастыққа елеулі алаңдаушылық туғызатынын ескере отырып, халықаралық терроризм актілерінің саны мен ауырлығы терроршылардың қол жеткізулері мүмкін болатын қаржыландыруға байланысты болатындығын атап көрсете отырып, сондай-ақ қолданылып жүрген көпжақты құқықтық құжаттарда мұндай қаржыландыру нақты қарастырылмайтындығын көрсете отырып, терроршылдықты қаржыландыруға жол бермеу, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды іздеу және жазалау арқылы олармен күресу бойынша тиімді шаралар әзірлеу және қолдану ісінде мемлекеттер арасындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажет.

Шаңхайда 2001 жылғы 15 маусымда жасалған терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шаңхай конвенциясы . Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы (бұдан әрі Тараптар), ең алдымен Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) жарғысындағы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау, мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды және ынтымақтастықты дамыту мақсаттары мен принциптерін басшылыққа ала отырып; терроршылдықтың, сепаратизмнің және экстремизмнің халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке, мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға, сонымен қатар адамның негізгі құқықтары мен бостандығын жүзеге асыруына қауіп-қатерін сезіне отырып; аталған құбылыстар Тараптардың

аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігіне, сондай-ақ олардың саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықтарына айтарлықтай қауіпін мойындай отырып; 1998 жылғы 3 шілдедегі Алматыдағы біріккен мәлімдеменің, 1999 жылғы 25 тамыздағы Бішкек декларациясының, 2000 жылғы 5 шілдедегі Душанбе декларациясының және 2001 жылғы 15 маусымдағы "Шаңхай ынтымақтастық ұйымын" құру жөніндегі декларацияның принциптерін басшылыққа ала отырып; терроршылдықтың, сепаратизмнің және экстремизмнің, осы Конвенцияда анықталғандай, олардың себептеріне қарамастан, ешқандай жағдайда ақталмайтындығына, ал осындай әрекеттердің жасалғанына айыпты адамның міндетті түрде заңға сәйкес жауапқа тартылатынына берік сенім білдіре отырып; осы Конвенция шеңберінде Тараптардың бірігіп күш жұмсауы терроршылдыққа, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күресудің тиімді нысаны екеніне сенім білдіреді.(Г.Б,И.Г.Хан, Р.Р.Кунгейбаев «Терроризм и антитеррористические законы).

Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың Халықаралық институционалды жүйесі шеңберінде 1995 жылы бейресми форматта жаңа қаржы бақылау бөлімшелерін құру және олардың арасында ынтымақтастықты дамыту мақсатында «Эгмонт» тобы құрылды. Топ мүшелері мәртебесіне ие елдер саны 127 бұл халықаралық күшейген ұйымдардың ауқымды жұмысы мен маңызды рөлін көрсетеді. Қазақстан 2011 жылдың шілдесінде «Эгмонт» Тобының толық құқылы мүшесі болды.

Есірткі құралдарымен және психотропты заттармен заңсыз операциялар жасау – халықаралық қылмыстардың ішіндегі кең таралған түрі. Қылмыстың бұл түрімен күрес мемлекеттердің күштерін біріктіргенде және олардың осы саладағы ынтымақтастығы нәтижесінде ғана тиімді болады.

2004 жылғы 10-20 наурыз аралығында Шымкент қаласында Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы қауіпсіздік органдары басшыларының жұмыс кездесуі болып өтті. Кездесу барысында аймақтағы қылмыстық жағдай, сондай-ақ трансұлттық ұйымдасқан қылмыстан және есірткі құралдарының, психотропты заттардың және прекурсорлардың (ары қарай - есірткілер) заңсыз айналымынан туындайтын жалпы қауіп-қатерлер талқыланды. Іс-шараның қорытындысы бойынша тараптардың өзара әрекеттестігін, бар мәселелерді талдау және ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар дайындауды үйлестіру бойынша бірлескен жұмыс тобын құруды қарастыратын Қаулыға қол қойылды. Қол жеткізілген келісімдерді дамыту мақсатында 2005 жылы кенейген құрамда Екінші мәжіліс өткізу жоспарланды[15].

2004 жылғы 6-8 маусымда Орал қаласында ҚР ҰҚК және РФ ФҚК өкілдерінің қатысуымен болып өткен екінші Мәжілісте есірткі бизнесімен күрес желісі бойынша екі арнайы қызметтің одан арғы өзара әрекеттестігінің бағыттары жеке мәселе ретінде талқыланып, белгіленді. Мәжіліс нәтижелері бойынша Ауғанстаннан және Тәжікстаннан Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан аумақтары арқылы Ресейге есірткі тасымалының контрабандалық арналарын ұйымдастырған Орта Азиялық аймақта және Ресей Федерациясы аумақтарында қызмет етуші трансұлттық есірткі қоғамдастықтары қызметінің жолын кесу бойынша бірқатар нақты шаралар жоспарланды.

- 2004 жылғы тамызда ҰҚК қолға түсірген мәліметтерді РФ ФҚК бірлесіп жүзеге асыру нәтижесінде Қарағанды облысынан Ресейге анашаның ірі партиясын жеткізуді ұйымдастырып отырған трансұлттық есірткі тобы жойылды. Қарағанды-Челябинск-Санкт-Петербург бағыты бойынша есірткілердің бақылаудағы жеткізілуін өткізу нәтижесінде заңсыз айналымнан 1210 кг астам анаша тәркіленді, Челябинск облысындағы есірткі қоймасы анықталды, курьерлер мен есірткі жүгін алушылар қылмыс үстінде ұсталды. [16].

Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықтың мүшесі ретінде, қылмыстылықпен күресуде осы халықаралық ынтымақтастыққа толықтай кірді. Қазақстан жас мемлекет болғанымен, күнделікті өсіп жатқан және өз түрін өзгертетін қылмыстылықпен күрес аса қиынға түсуде, дегенмен мемлекеттер өзара біріге отырып бұл зұлымдықты жеңуі тиіс. Қазіргі әлемнің қауіп-қатерлеріне тиімді қарсы тұру, қылмыстылықпен күрестегі аймақтық мәселелерді шешуге жалпыға бірдей ұстанымдарды жасау үшін өзара іс-қимылды одан әрі тереңдету қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Халықаралық құқық. Дәрістер курсы./Г.Б. Хан және т.б. редак. – Алматы: ҚазГЗУ, 2003. - 472 б.

2. Кулжабаева Ж.О. *Международное публичное право.* - Алматы, 2002. - 467 с.

3. Бойцов А.И. *Выдача преступников.* – СПб.: Пресс заң орталығы, 2004

4. Досжанова Г.С. *Халықаралық құқық бойынша терминдердің түсіндірме сөздігі.* - Алматы: Заң әдебиеті, 2003. - 67 б.

5. Садықанова Ж.Е. *Халықаралық бұқаралық құқық. Электрондық оқулық.* - Өскемен, 2008.

6. Костенко Н.И. *Международная уголовная юстиция: проблемы развития.* - М.: 2002. – 448 с.

7. Т.К.Ерджанов. *Международное публичное право.* Алматы, 2006 жыл. 521- 592 беттер.

8. Сарсенбаев М.А. *Международное право.* – Алматы: Жеті Жарғы, 1996.

9. Халықаралық қылмыстық соттың ресми веб-сайты: <http://www.icc-cpi.int/Menus/ICC/Error/404>

10. Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми веб-сайты: <http://www.un.org/russian/events/11thcongress/documents.html>

11. Сунтаев Т. *По линии Интерпола // Казахстанская правда.* – 2002. - 7 сентября. - № 194-195 (23843-23844).

12. Г.Атаханова, *әл – Фараби ат. ҚазҰУ. Әділ соты журналы 2010ж; «Мүлікті талан - таражға салумен күресу бағыттары» атты өзекті ой.*

13. Богачева Е. *Экстрадиция Законность.* 2000. № 5

14. *Терроризм, сепаратизм және экстермизммен күресу жөнінде Шанхай Конвенциясы (Шанхай, 2001жыл 15 маусым).*

15. *Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының мүше мемлекеттері арасындағы Жергілікті Антиланкестік құрылымның Мәліметтер Банкі жөніндегі Келісім. (Ташкент, 17 маусым, 2004 жыл).*

16. Бұғыбай Д.Б. *Қылмыстық жауаптылық ұғымы туралы /Проф.Қайыржанов Е.І. 70 жасқа толу мерейтойына арналған "Қылмыстылықпен күресудің қазіргі заманға мәселелері" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.* – Алматы, 2003. 15066.

Жакупова Г.А.

мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

Қонысбекова М.Р.

қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі,

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.

E-mail: Gulima888888@mail.ru, makpal_konusbekova@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ЭКСТРАДИЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ - ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ӨЗАРА КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ЕРЕКШЕ ТҮРІ

Түйін. Бұл ғылыми мақалада экстрадиция түсінігі, қылмыскерлерді ұстап беру, беру, қылмыскерлерді өзара негізде ұстап беру принциптері, құқықтық көмек көрсету саласында екіжақты, аймақтық және көпжақты халықаралық шарттар, экстрадиция институты, Қазақстан құқықтық көмек көрсету саласында көптеген екіжақты, аймақтық және көпжақты халықаралық шарттарға мүшелігі, Қазақстан Республикасының шет елдерге қылмыскерлерді ұстап беру туралы жолдаған талаптары, қылмыскерлерді ұстап беруге жататын қоғамға қауіпті әрекеттер, мемлекеттер арасындағы екіжақты, қылмыстылықпен күрес, барабар принциптері, мемлекеттер қылмыскерді ұстап бермеген жағдайда онда істі өзінің құзіретті органдарына жіберу, қылмыстық қудалау шаралары туралы мәселелер қарастырылған.

Негізгі сөздер: Экстрадиция, экстрадиция институты, қылмыскерлерді ұстап беру, беру, құқықтық көмек көрсету, қылмыскерлерді өзара негізде ұстап беру принциптері, интерпол, халықаралық өзара көмек көрсету туралы шарттар және конвенциялар.

Резюме. В данной статье рассмотрены актуальные проблемы экстрадиции, выдача преступников, передача, принципы выдачи преступников на взаимной основе, двусторонние региональные и многосторонние международные договоры в сфере оказания правовой помощи, а также институт экстрадиции, условие ареста и передачи преступников другому государству, причинение вреда обществу при задержании преступника, двухсторонняя борьба с преступностью.

Ключевые слова: экстрадиция, выдача преступников, передача, принципы выдачи преступников на взаимной основе, двусторонние, региональные и многосторонние международные договора.

Resume. Annotation. This article describes the current extradition issues, extradition, transfer, principles of extradition reciprocity, bilateral, regional and multilateral international treaties in the field of legal assistance and extradition Institute, bilateral and multilateral international treaties for legal assistance, subject to arrest and transfer RK another state offenders, causing harm to society during the

arrest the offender, realization of human and civil rights at realization of extradition, in accordance with the Covenant on civil and human rights, the country from which there is no extradition of offenders who use torture and cruel treatment of prisoners on grounds of origin, sex, race, nationality, language, religion, opinion or any other circumstances.

Keywords: suspect, suspect's detention, remedial order, preventive measure, coercive procedural measures.

«Экстрадиция» түсінігі халықаралық-құқықтық, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық ғылымдарға тікелей қатысы бар ғылыми түсінік ретінде соңғы жылдары өзекті бола бастады. Бұл, ең алдымен, халықаралық аренада ұйымдасқан қылмыстылықтың ықпал ету және әсер ету саласының кеңеюімен, сонымен қатар, халықаралық полиция қауымдастықтарының трансұлттық қылмыстылыққа қарсы әрекет етуімен байланысты.

Қылмыскерлерді ұстап беру - осы қылмыстық істер бойынша өзара көмек көрсетудің ерекше түрі. Ұстап беру экстрадиция (extradition – латын сөзі) – бұл бір мемлекеттің өз аумағындағы айыпталған немесе сотталған тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін немесе үкімді орындауды жүзеге асыру үшін басқа мемлекетке беруі. Қылмыскерлерді ұстап беруден, беру түсінігін ажырата білу керек. Халықаралық қылмыстық соттың Статутының 102 бабына сәйкес «беру» деп мемлекеттің тұлғаны сотқа жеткізіп беруін, ал «ұстап беру» деп бір мемлекеттің екінші мемлекетке шарт бойынша немесе ұлттық заң бойынша жеткізіп беруі деп ажыратылады. [1, 78].

Ұстап беру aut dedere aut tenere (не ұстап бер, не жазала) қағидасының негізінде жүзеге асырылады. Қылмыскер аумағында орналасқан мемлекет оны қамауға алады немесе ұлттық құқық нормаларына сәйкес басқа да шаралармен оның болуын қамтамасыз етеді. Егер мемлекеттер қылмыскерді ұстап бермеген жағдайда онда істі өзінің құзіретті органдарына қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін беруге тиіс. Ұстап беру тек сұрап отырған және беріп отырған мемлекеттердің заңдарына сәйкес бір жылдан артық бас бостандығынан айыруды немесе басқа ауыр жаза қолдануды көздейтін

қылмыс жасағанда ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Өз азаматтары мен баспана берілген тұлғалар ұстап берілмейді. [2, 178].

Мемлекеттердің ұлттық ерекшеліктерін есепке ала отырып, қылмыскерлерді ұстап бермеу үшін көптеген негіздер көңілге қонымды болып табылатынына қарамастан, теорияда да, практикада да жеткілікті даулы мәселелер бар. Солардың кейбіреулеріне тоқталайық. [3, 56].

Өз азаматтарын ұстап бермеу принципі. Осы принципке сәйкес көптеген мемлекеттер экстрадиция туралы сұрау салу бойынша өз азаматтарын ұстап бермейді. Ұстап беру туралы шарттың болған жағдайдың өзінде де мемлекетке қылмыскерді ұстап беруден бас тартатын өз азаматтарын ұстап бермеу практикасы экстрадиция институтына бұрыннан белгілі. Экстрадиция туралы шарттар мен конвенциялардағы осы принциптің көпшілікке танылуына қарамастан, оның теориялық негіздемесі белгілі бір қиындықты туғызады. Көбінесе көптеген мемлекеттер халықаралық шарттар мен конвенцияларды жасасқан уақытта, негізінен, қылмыскерлерді ұстап бермеу туралы мынадай ережелерді ұстанады:

1. Егер экстрадициялауды талап ететін тұлға экстрадициялау туралы талап етілген тараптың азаматы болып табылса;

2. Егер қылмыс экстрадициялау туралы талап етілген тараптың аумағында жасалса;

3. Егер тараптардың бірінің заңнамасына сәйкес қылмыстық қудалау туралы іс қозғалмаса немесе сот үкімі мерзімі өтіп кетуі салдарынан немесе өзге заңнама негіздемесіне байланысты орындалмаса;

4. Экстрадициялауды талап ететін тұлға саяси сипаттағы қылмыс жасаса;

5. Егер сол қылмыс бойынша сот үкімі шығарылса немесе экстрадициялау туралы талаптар қойылған тараптың аумағында экстрадиция жасауды талап ететін тұлғаға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылса;

6. Егер сол қылмыс үшін экстрадициялау туралы талаптар қойылған тараптың аумағында экстрадиция жасауды талап ететін тұлғаға қатысты алдын ала тергеу ісі қозғалса және жүргізілсе;

7. Егер талап етуші тараптың заңнамасы бойынша, экстрадициялау туралы талаптар қойылған тараптың заңына қарағанда, қудаланатын қылмыс үшін өлім жазасы қарастырылса; [4].

Экстрадиция аясында әлі толығымен өңделмеген, алайда халықаралық ғылыми қоғамдастық тарапынан мойындалған келесідей бірнеше негізгі қағида бар:

1) Экстрадиция туралы келісімдерде адам құқықтарының жүйелі орындалуы, олардың адам құқықтары туралы пактілерге сәйкестігі;

2) Экстрадиция туралы халықаралық конвенциялар мен келісімдерде қарастырылған адамның не-

гізгі құқықтарын ішкі заңнамаға инкорпорациялау;

3) жалпы өлім жазасына деген қарсылықты есепке ала отырып, жазалаудың бұл шарасын қолдану мүмкіндігі жағдайларында экстрадицияға абай қарау (кейбір елдердің заңнамалық актілерінде егер қылмыскерді бергеннен кейін оған өлім жазасы қолданылатын болса, экстрадицияның болмайтыны тура көрсетілген);

4) экстрадиция туралы келісімдерде және оны қолдану тәжірибесінде БҰҰ ұсынған тұтқындармен қатынасудың ең төменгі ережелерін қатаң орындау;

5) Сотталғандарды қинау немесе қатал қарау қолданылатын елдерге экстрадицияның қолданылмауы;

6) нәсілдік, діни немесе басқа негіздер бойынша шектеу бар елдерге экстрадицияның қолданылмауы;

7) адамгершілік қағидасы орын алатын, соның ішінде қылмыс жасағандарға да, елдерде экстрадицияны қолдау. [5].

Біздің мемлекет қылмыскерді экстрадициялау мәселесінде ұлттық қатыстылығына және Қазақстан Республикасы мемлекетімен тұрақты құқықтық байланысына қарамастан, жазалаудың заңды принциптерін іске асыру мақсатында өзіндік нақты ұстанымы бар. Біздің мемлекетіміздің Конституциясының айырықша ерекшелігі оның нормалары халықаралық шарттарға бағдарланғаны болып табылады. Бұл Қазақстанның халықаралық-құқықтық нормаларын ұстанатындығын және басқа мемлекеттердің егемендігін сыйлайтындығын білдіреді. Сонымен, Конституцияның 4-бабының 3-тармағында: «Республикамен бекітілген халықаралық шарттардың оның заңдары алдында басымдығы бар және тікелей қолданылады» [6].

Қылмыскерді экстрадициялау мәселесі Интерполға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнама актілерімен, сондай-ақ халықаралық конвенциялар мен шарттармен (келісімдермен) реттелетіндігін атап өткеніміз жөн. Қылмыскерді экстрадициялаудың құқықтық негізі 1957 жылғы экстрадициялау бойынша Еуропа конвенциясы (барлық Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттермен қол қойылған және 20-дан артық мемлекетпен бекітілген), 1990 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының экстрадициялау туралы типтік шартымен және 1994 жылғы ECOWAS экстрадициялау бойынша конвенциясымен (Батыс Африка мемлекеттерінің экономикалық қауымдастығы) реттеледі. Сонымен қатар, ешбір халықаралық конвенция және шартта экстрадиция институтының мінсіз сипаты болмайтынын мойындауымыз керек. Экстрадиция туралы осы халықаралық актілердің жағдайының маңызы қылмыскерлердің жазаланбай қалмауы керек дегенге келеді, яғни барлық мемлекеттер өз қызметін заңды жазалау принципін іске асыруға бағыттау керек. Осы халықаралық актілерде мемлекеттерге

экстрадиция туралы шартты жасасу жолымен жүру ұсынылады. Осындай шарттардың болмағанында мемлекет іздестіріліп жүрген қылмыскерлерді бермеуге құқығы бар. Сонымен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 11-бабының 1-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының азаматы Республиканың халықаралық шарттарымен белгіленбесе, шетел мемлекетіне берілмейді» [6].

Қазіргі таңда Қазақстан құқықтық көмек көрсету саласында көптеген екіжақты, аймақтық және көпжақты халықаралық шарттарға қосылған.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша [7], 2000-2008 жылдары аралығында қылмыскерлерді ұстап беру мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық жағдайы мынадай:

Кесте 1 - Қазақстан Республикасының шет елдерге қылмыскерлерді ұстап беру туралы жолдаған талаптары

Жылдар Шет елдерге қылмыскерлерді ұстап беру туралы жіберілген талаптардың саны Қанағаттан-дырылған

талаптар саны Қанағаттан-дырылмаған

талаптар саны

1	2	3	4
2000	365	207	80
2001	359	264	49
2002	258	209	25
2003	179	128	9
2004	161	107	10
2005	153	120	16
2006	122	76	5
2007	65	39	4
2008	100	56	-

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, екіжақты шарттар мемлекеттердің тығыз қатынасуына жағдайлар туғызады. Олардың қатарында:

- 1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы келісім (Республика Президентінің 1995 жылғы 30 мамырдағы № 2309 Жарлығымен ратификацияланған);

- 1995 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және адамдарды ұстап беру туралы келісім (Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 6 сәуірдегі № 367-І Заңымен ратификацияланған);

- 1995 жылғы 23 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Пәкістан Мұсылман Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісім (Қазақстан Республикасының 1998

жылғы 9 қарашадағы № 293-І Заңымен ратификацияланған);

- 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қылмыскерлерді беру туралы келісім (Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 маусымдағы № 123-І Заңымен ратификацияланған);

- 1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісім (Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 30 маусымдағы № 142-І Заңымен ратификацияланған);

- 1996 жылғы 17 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Грузия Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісім (Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 14 қаңтардағы № 119-ІІІ Заңымен ратификацияланған);

- 1997 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Корей Халықтық-демократиялық Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісім (Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 қарашадағы № 291-І Заңымен ратификацияланған);

- 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция (Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы № 531-ІІ Заңымен ратификацияланған), 2001 жылғы 15 маусымдағы Терроршылдыққа, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы және т.б. [8].

Оларда экстрадициялық қылмыстардың, яғни қылмыскерлерді ұстап беруге жататын қоғамға қауіпті әрекеттердің қатары анықталады. Бұл орайда, мемлекеттердің арасында әртүрлі аталып жүрген («екіжақты айыптау», «екіжақты қылмыстылық», «барабар») принцип нық орнаған. Ол бір мемлекеттен екінші мемлекетке экстрадицияланғалы отырған адамның әрекеттері олардың екеуінің заңнамасы бойынша қылмыс деп танылуы керек дегенді білдіреді. 2002 жылғы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша көмек пен құқықтық қатынастар туралы Кишинев конвенциясы 66-бабының 2 және 3-тармақтарында сұрау салған және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптардың ішкі заңдары бойынша әрекет қылмыстық жазаланатын болып табылатын және ол үшін кемінде бір жыл немесе одан да көп мерзімде бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделетін қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ұстап беру жүргізіледі, ал үкімді орындау үшін ұстап беру сұрау салған және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптардың ішкі заңдарына сәйкес жазаланатын болып табылса және оны жасағаны үшін ұстап берілуі сұрау салынып отырған адам

кемінде алты ай мерзімге немесе одан қатаң жазаға жазаланған қылмыстар үшін жасалады делінген. [9, 128].

Қылмыстық кодекстің 8-бабында («Қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру») басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, ол мемлекетке ұстап берілмеуге тиіс деп жазылған. Бұл норма Ата Заң 11-бабының 1-тармағын нақтылайды. Екеуінің де мазмұнында Қазақстан азаматтарының шет мемлекеттерге берілмейтіндігі принципі бекітілген. Бірақ, Республика таныған халықаралық шартта тікелей көзделсе, азамат шет мемлекетке берілуі мүмкін. Бұндай ереже жалпы құқық елдеріне тән. Олар халықаралық құқықтың өз азаматтарын бермеу туралы әдет-ғұрып нормасын танымайды және қылмыскерді (өз елінің азаматы болса да) ұстап беру мәселесін шешуді тараптардың өздерінің қарауларына қалдырады. Олай болатын себебі, бұл елдерде тарихи аумақтық юрисдикция принципі үстемдік етті [10].

Жоғарыда көрсетілген халықаралық шарттардың бірсыпырасын талдап, оларда да азаматтардың шет мемлекеттерге берілмейтіндігі принципі бекітілгеніне көз жеткіздік. Мысалы, 1995 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және адамдарды ұстап беру туралы келісімнің 14-бабында сұрау салынған мемлекеттің қылмыскерді ұстап беруден бас тартуының негіздері аталған, соның бірі – сол адамның сұрау салынған мемлекеттің азаматы болып табылатындығы. Бұндай негіз 1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы келісімнің 59-бабының а)-тармақшасында, 1997 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Корей Халықтық-демократиялық Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісімнің 30-бабы 1-тармағының 1)-тармақшасында және басқа халықаралық шарттарда көзделген.

«5. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар жасаған шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген жағдайларда, егер олар басқа мемлекетте не халықаралық сот органымен сотталмаған болса және Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық жауапқа тартылса, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс». [11].

Қазіргі таңда Халықаралық қылмыстық соттың қарауында төрт қылмыстық іс бар: Конго Демокра-

тиялық Республикасындағы, Угандадағы, Орталық Африка Республикасындағы және Дарфурдағы (Судан) жағдайдар бойынша.

Угандадағы, Конго Демократиялық Республикасындағы және Орталық Африка Республикасындағы жағдайлар Халықаралық қылмыстық сотқа Рим Статутына қатысушы-мемлекеттердің өздерінің өтініштері бойынша 2004 жылы тиісінше 29 қаңтарда, 19 сәуірде және 22 желтоқсанда берілсе, Прокурор сол өтініштерге сәйкес, тиісінше 2004 жылы 29 шілдеде, 2004 жылы 23 маусымда және 2007 жылы 22 мамырда қылмыстық істер бойынша тергеуді бастаған болатын.

Қазақстанның қылмыстық заңында бұндай норма жоқ. Қылмыстық кодекстің 8-бабының 2-тармағында Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауапқа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап беру мүмкіндігі бекітілген, яғни бұл норма қылмыскерлерді ұстап беруді жасалған халықаралық шарттармен байланыстырады. [12].

Сөйтсе де, қылмыс жасап, шет елдерде қашып жүрген қылмыскерлерді, мемлекеттердің арасында халықаралық шарттың жоқтығына қарамастан өзара негізде ұстап беру тәжірибеде кездеседі. Мысалы, 2002 жылы Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросының, Бас прокуратураның, Ішкі істер және Сыртқы істер министрліктерінің бірлескен шараларының нәтижесінде Біріккен Араб Әмірліктерінен Ресей азаматы Сорокин, Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің арасында тиісті халықаралық шарттың жасалмауына қарамастан, ұстап берілді. Ол бұрын Шығыс-Қазақстан облысы Ішкі істер бас басқармасының бастамасы бойынша Интерполдың халықаралық іздеуінде болған еді [13].

Бір назар аударатын жері, қылмыскерлерді өзара негізде ұстап беру принципі, Қылмыстық кодексте бекітілмесе де, Қылмыстық іс жүргізу кодексінде қарастырылған. Оның 521-бабының 1-тармағына сәйкес, құқықтық көмек көрсету ретімен Қазақстан Республикасы құқықтық көмек туралы халықаралық шарт жасасқан шетел мемлекеттерінің тергеу органдарына және соттарына не өзара негізде осы Кодексте көзделген іс жүргізушілік іс-әрекеттер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен халықаралық шарттарында көзделген өзге де іс-әрекеттер жүргізілуі мүмкін. [14, 78].

Баяндалғанды ескере отырып, Қылмыстық кодекстің 8-бабын мынадай редакцияда бергенді дұрыс деп санаймыз:

«8-бап. Қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру немесе табыстау

1. Басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары,

егер халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, ол мемлекетке не халықаралық сот органына ұстап берілмеуге не табысталмауға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес не өзара негізде қылмыстық жауапқа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке немесе халықаралық сот органына тиісінше ұстап берілуі не табысталуы мүмкін.». [15].

Өзара қылмыскерлерді ұстап беру қарастырылатын екі жақты шарттарға талдау жасай отырып бірнеше экстрадицияның жалпы танылған қағидаларын шығаруға болады. Біріншіден қылмыс жасады деп күдік келген, айыпталған тұлғаны ұстап беру – бұл мемлекеттің егеменді құқығы, ол өз юрисдикциясындағы тұлғаның құқықтық мәртебесін өзі анықтайды. Өзара халықаралық міндеттемелер жүктейтін халықаралық шарттардың болуы да бұл қағиданы жоққа шығара алмайды, себебі ұстап беру барлық жағдайда ұстап беруге қойылатын көптеген талаптар бойынша жүзеге асырылады. Атап айтсақ, ұстап беруші мемлекет сұрап отырған мемлекеттің негіздерін сенімсіз деп тапса ұстап беруден бас тарта алады. Бұған қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы үшін өзекті болып отырған бұрынғы Австрия елшісі Рахат Әлиевті Австрия мемлекетінің ұстап беруден бас тартуын мысалға келтіруге болады. [16, 78].

Екіншіден қылмыскерді ұстап беру тек қылмыскер қылмыс жасаған жағдайда немесе оған қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енген жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін. Құқық бұзушылықтың басқа түрлерін жасаған жағдайда (азаматтық, әкімшілік) ұстап беру жүзеге асырылмайды. Сондай-ақ жасалған әрекет сұрап отырған және сұралып отырған мемлекеттің де заңы бойынша қылмыс болып танылуы тиіс. Бірақ кейбір жағдайларда әрекет қылмыс болып танылғанымен, сұрап отырылған мемлекеттің кешірім жасау туралы актісі болған немесе қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімі біткен жағдайда, сондай-ақ ауырлық дәрежесі бойынша кішігірім қылмыстар үшін қылмыскер ұстап берілмейді. [17].

Үшіншіден, экстрадиция институты келісуші мемлекеттердің бірбіріне қатысты бірдей міндеттемелер алуын білдіретін екі жақтылық қағидасы негізінде қолданылады. Төртіншіден, ұстап берілген тұлға тек ұстап беруге негіз болған қылмысы үшін ғана қылмыстық жауапкершілікке тартылуы немесе жазалануы мүмкін. Басқаша айтқанда қылмыскерді ұстап беру туралы өтініш жасаған кезде сұрап отырған мемлекет ұстап берілуге тиіс тұлғаға қатысты өзінің қылмыстық заңын қолдануды тек экстрадициялауға негіз болған жағдайға қолданумен шектеу туралы сұралып отырған

мемлекет алдында міндеттеме алады. Бірақ тұлға мүмкіндігі бола тұрып қылмыстық іс жүргізу аяқталғаннан кейін, ал сотталған жағдайда жазасын өтегеннен немесе босатылғаннан кейін 30 күн ішінде сұрап отырған мемлекеттің аумағынан кетпеген жағдайда немесе ерікті түрде сұрап отырған мемлекеттің аумағына оралған жағдайда мұндай келісім қажет етілмейді.

Бесіншіден, практикада қалыптасқандай жекелеген қылмыстық әрекеттер сұралып отырған мемлекеттердің ұстап беруден бас тартуына негіз болады. Бұған бірінші кезекте саяси қылмыстар жатады. Бірақ халықаралық құқық ілімінде саяси қылмыстардың нақты анықталған ортақ көзқарастың болмауы кейбір қиындықтар тудырады. Бұл жағдайда сұралып отырған мемлекет әрбір жағдайға байланысты қылмыстың саяси сипатын анықтап, ұстап беру не бермеу туралы шешім қабылдайды. [18].

Алтыншыдан, кейбір мемлекеттердің өз азаматтарын ұстап беруге жол беретіндігіне қарамастан (Англия, АҚШ, Канада) халықаралық құқық практикасында мемлекеттердің өз азаматтарын басқа мемлекеттерге ұстап бермеуі жалпы танылған норма болып есептеледі. Кейбір жағдайларда ұстап бермеу абсолютті сипатта болады, мұндай жағдайларда қылмыскерді жасаған қылмысы үшін жауапкершілікке тартудың бірден бір жолы қылмыстық істі қылмыскер азаматы болып табылатын мемлекетке қылмыстық қудалауды жүзеге асырып, жауапкершілікке тарту үшін беру. Басқа жағдайларда қылмыскерлерді ұстап бермеу салыстырмалы сипатта болады, яғни тек ерекше жағдайларда ғана жол беріледі. Мұндай жағдайлар көбінесе жасалған қылмыстың түрлеріне, екі жақтылық қағидасына және халықаралық келісімдердің болуына байланысты. Қазақстан Республикасы конституциясының 11 бабының 1 бабына сәйкес Қазақстан азаматтары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе шет мемлекеттерге берілмейді делінген, яғни абсолютті емес. [19].

Жоғарыда айтылғандар аталып өткен қылмыскерлерді экстрадициялау принциптері олардың адамгершілікті, әділеттілігі және шынайылығына қарамастан, біздің ойымызша, заңды жаза принципін сақтамау сияқты позицияны ұстанатын мемлекеттер үшін халықаралық қылмыстылықпен күрестегі тежеп тұратын фактор болып табылады.

Айтылғандарды түйіндей отырып, мынадай қорытынды шығаруға болады, соңғы он жылда қабылданған қылмыскерлерді экстрадициялау туралы міндеттерді ұстанатын көп тарапты конвенцияларға қарамастан, экстрадиция мәселесінде өзіндік қиындықтар бар. Ұлттық қылмыстық құқықтың алдында бұрын-соңды кездеспеген мәселелер тұр. Халықаралық тәжірибені алып қарасақ, жаһандану дәуірінде қылмыспен күресу қызметі барған сайын халықаралық сипат алып келеді. Жекелеген елдер

оң нәтижелерге жету мақсатында кейбір егемендік құқықтарын халықаралық құрылымдарға беріп жатыр. Болашақта бұндай шаралар неге әкеліп тынатынын болжау қиын. Сондықтан қазіргі таңда сол тәжірибені жан-жақты зерттеп, терең ойластырылған шешімдер қабылдау керек. Қылмыскерлі экстрадициялау бойынша нақты процедуралық мәселелерді әзірлеу қажеттілігі туындап тұр. Экстрадиция институты халықаралық тәжірибесінде ежелден қолданылып келе жатқан институт. Оны негізгі мақсаты қылмыскерді қай жерде жүргеніне қарамастан жазалау және тиісті қылмысты қудалау шараларын заңға және халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылуын қадағалап, сот әділдігін жүзеге асыру болып табылады. Осы салада жасалған екі жақты көпжақты шарттардың санының көп санап артуына қарамастан бұл институтты көптеген нақты реттеуді талап ететін тұстары әлі де жеткіліксіз. Қазіргі кезеңде осы институтты тікелей және қосымша реттейтін шарттардағы, әр түрлі құқықтық жүйелердегі ерекшеліктерді ескере отырып орта әмбебап сипаттағы конвенция мен Қазақстан Республикасында экстрадициялау туралы арнайы заң қабылдау қажет, себебі осы саладағы көп жақты және екі жақты шарттар тек осы шартта қатысушы мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т.К.Ерджанов. *Международное публичное право*. Алматы, 2006 жыл. 521- 592 беттер.
2. Кулжабаева Ж.О. *Международное публичное право*. - Алматы, 2002.-467 с.
3. Сарсенбаев М.А. *Международное право*. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996.
4. Г.Атаханова, *әл – Фараби ат. ҚазҰУ. Әділ соты журналы 2010ж; «Мүлікті талан - таражға салумен күресу бағыттары» атты өзекті ой.*

5. Бұғыбай Д.Б. *Қылмыстық жауаптылық ұғымы туралы /Проф.Қайыржанов Е.І. 70 жасқа толу мерейтойына арналған "Қылмыстылықпен күресудің қазіргі заманға мәселелері" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2003.15066.*

6. Богачева Е. *Экстрадиция Законность*. 2000. № 5

7. *Қазақстан Республикасының Жедел іздестіру қызметі туралы Заңы* 15.09.1994 жылы қабылданан. // «Параграф» ақпараттық жүйесі. – 2015.

8. *Халықаралық қылмыстық соттың ресми веб-сайты: <http://www.icc-cpi.int/Menu/ICC/>*

9. Сафаров Н.А. *Экстрадиция в международном уголовном праве: проблемы теории и практики*. - М.: Волтерс Клувер, 2005. – 416 с.

10. *Қазақстан Республикасының Конституциясы*. 1995 жыл 30 тамыз.

11. Досжанова Г.С. *Халықаралық құқық бойынша терминдердің түсіндірме сөздігі*. -Алматы: Заң әдебиеті, 2003.-67 б.

12. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі*. 1997 жыл

13. Костенко Н.И. *Международная уголовная юстиция: проблемы развития*. - М.: 2002. – 448 с.

14. Бойцов А.И. *Выдача преступников*. – СПб.: Пресс заң орталығы, 2004

15. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі*. 1997 жыл 2. *Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі* 16.07.1997 жылы қабылданған.// «Параграф» ақпараттық жүйесі.

16. 1975 жылғы 15 қазандағы *Беру туралы Еуропа Конвенциясы «Консультант Плюс» мәлімет-құқықтық жүйесі*

17. Садықанова Ж.Е. *Халықаралық бұқаралық құқық. Электрондық оқулық*. - Өскемен, 2008.

18. *Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми веб-сайты: <http://www.un.org/russian/events/11thcongress/documents.html>*

19. www.prokuror.kz.



Сұлтанова Ж.

Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА 6D041600- Театртану мамандығының
2 курс докторанты, zhanagul_sultan@list.ru

Ғылыми жетекші: Қабдиева С.Д. – ө.ғ.к. Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА
Театр өнерінің тарихы мен теориясы кафедрасының профессоры, saniya_art@hotmail.co.uk

ШЕТЕЛ КЛАССИКАСЫ МЕН ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНДАҒЫ ҰҚСАС КЕЙІПкерлердің ерекшеліктері

Түйін: Мақалада шетел классикасы мен қазақ драматургиясындағы ұқсас кейіпкерлер екішелеп алынып, оларды өзара байланыстырып тұрған тұстар жан-жақты талданады. Автор мұнда қазақ драматургиясындағы кейіпкерлердің әлем классикасы кейіпкерлеріне ұқсастығының кездейсоқ нәрсе екенін дәлелдеп береді. Оның пайымынша, қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкерлері қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған мол тәжірибелері мен салт-дәстүрлерінің негізінде пайда болған. Күнделікті өмір көріністерінен көрінген олар халықтың көп жылдарғы бай қиялы мен ауызша шығармашылығы дамуы нәтижесінде кейін образдық тұлғалар дәрежесіне дейін жеткен.

Кілт сөздер: шетел классикасы, қазақ фольклоры, салт-дәстүрлер, кейіпкерлер, ұқсастық, ауыз әдебиеті, драматургия.

Резюме. В статье рассуждается сходства персонажей пьес зарубежных классиков и казахских драматургов, взятые из устно-народной литературы. Автор здесь обращает внимание на полной случайностью этих сходств, так как эпические и лиро-эпические произведения казахского фольклора и соответственно их герои рождались не связаны со сочинениями зарубежной классикой. По ее мнению, герои казахской устной литературы появились в результате становления в течение многих веков традиций и обрядов казахского народа.

Ключевые слова: зарубежная классика, казахский фольклор, традиций, обряды, герои, персонажи, сходство, устная литература, драматургия.

Summary. The research work analyses the similar features between the characters from Kazakh folklore and characters from the foreign classics. The author shows it through comparison of certain images from Kazakh epos and lyrical epos and the works of European playwrights. However, it is obvious that these similarities and conformity did not arise directly as a result of the influence of these works. The characters of Kazakh folklore were created on the basis of a large experience and traditions that have been accumulated by Kazakh nation over centuries. The prototypes of these characters that existed in real life before became the patterns as a result of the national imagination and in the course of folklore development.

Key words: foreign classics, Kazakh folklore, traditions, characters, analogy, drama.

Әлемдегі көптеген елдердегі сияқты, қазақ әдебиеті де халық ауыз әдебиетінің нәрімен сусындап, оның барша құнарын бойына сыналап сіңіріп, өте тығыз байланыста дамыды. Фольклор XIX ғасырдағы жазба әдебиеттің қалыптасуында орасан зор қызмет атқарды. Ол елдің рухани өміріндегі сұраныстарын толығымен ақтап тұрды. Шын мәнінде сол уақыттарда фольклордың дәстүрлі қазақ өмірінде бой көрсетпейтін саласы болған жоқ. Бұл, әсіресе, авторлық ауыз әдебиетінде, яғни жыраулар мен ақындар туындыларында барынша айқын көрініс тапты. Ол аталған шығармаларда фольклордың тілі, поэтикасы мен стильдік құрылымдары мейлінше мол кездесетіндігінен де байқалады.

Әдебиет тарихында жазба көркем тілдің шырайын келтіретін кестелі сөздерді кеңінен пайдаланып қоя салмай, оларды әртүрлі әдеби образдарды жасауда орнымен қолдана білген шебер жазушылар аз болмаған. Мұндай айшықты сөздерді Францияда – Рабле, Гюго, Англияда – Свифт, Германияда – Гофман, Италияда Пиранделло өте ұтымды қолданып, көркем әдеби стиль дәрежесіне дейін жеткізген. Өткен ғасырдағы орыс классиктері арасында Гоголь, Чехов, Островский, Салтыков-Щедрин секілді суреткерлер әсірелеу тәсілі арқылы тіл байлығын арттырып, стильдегі ерекшелікті биік шеберлік деңгейіне дейін көтере білулерімен есте қалды. Қазақ театры туғанда, оның басында тұрған С. Сейфуллин, Б. Майлин, Ж. Шанин, Қ. Кемеңгеров, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов секілді қаламгерлеріміз де халық ауыз әдебиетінің бай үлгілерін өздерінің пьесаларына кеңінен енгізді. Сол кездері, Ә. Тәжібаевтың атап көрсеткеніндей, драмамен айналысушы жазушылардың барлығы «мазмұнды да, түрді де ең алдымен сол ауыз әдебиетінің ұлт байлығынан алған» [1, 50]. Осы орайда пьесаға керекті компоненттерді бәрі дерлік әуелі ауыз әдебиетінің басқа жанрларында көктеп, қалыптасып, содан кейін ғана драмада диалог, монолог түрінде әбден шарықтау шегіне жететіні де әдебиет тарихы үшін таңсық емес.

Біз мұның озық үлгісін Қызылорда қаласында 1925 жылдың қазан айынан жұмыс істей бастаған қазақ театрының алғашқы репертуарынан анық байқаймыз. Мұнда республиканың түкпір-түкпірінен жиналған халық таланттары М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек», «Қарагөз», «Бәйбіше – тоқал», Қ. Кемеңгеровтің «Алтын сакина», Ж. Ерданаевтың

«Малқамбай», Б. Майлиннің «Ел мектебі», «Неке қияр», Қ. Басымовтың «Исатай батыр», Ж. Шаниннің «Торсықбай қу», «Арқалық батыр» секілді пьесаларын көрермен назарына ұсынды. Осы шығармалардың арасында М. Әуезовтің 1917 жылы жазған «Еңлік – Кебек» пьесасы қазақтың трагедия жанрындағы алғашқы туындысы болуымен бірге, ол қазақ драматургиясының да туғанын әйгілеп берді. Талантты жас жазушы бұған дейін халық аузында Қалқаман – Мамыр секілді аңыз болып айтылып келген Еңлік пен Кебек жайындағы әңгіменің желісін пьеса тілінде сөйлетіп шықты.

Өз тарихында үш рет қайта өңделген «Еңлік – Кебек» трагедиясы классикалық үлгілер тұрғысынан қарағанда, ағылшынның ұлы драматургі Уильям Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» трагедиясына ұқсас. Драманың 1917 жылы жазылып, алғаш рет 1921 жылы Семейде киіз үй сахнасында қойылғаны белгілі [2, 76]. Бұдан кейін «Таланты марқайып, білімі ұлғайып, ой-өрісі кеңейіп, шығармадан шығармаға өскен, үлкен жазушылық мәдениетке ие болған Мұхтар Әуезов драматургиясындағы тырнақалдысы – «Еңлік – Кебекке» 1943 жылы бір, 1956 жылы екінші рет оралып, пьесаға мол өзгерістер енгізді, қайтадан өңдеп шықты» [3, 43]. Осы тұста Ә.Тәжібаевтың: «Театрдың «Еңлік – Кебек» арқылы таныған арғы заманның әділсіздігін, теңсіздігін көріп түңілсе, өз күнімізден, өз өмірімізден шексіз бақыт, бай сүйіспеншілік, бірлік-береке тауып, қуанған кездегі бала сауықшыл да ұлғайды. «Еңлік – Кебек» әдебиетіміздің де, көркем өнеріміздің де тұңғышындай ерекше ыстық көрінеді. Сол үшін де «Еңлік – Кебектің» тыңайып қойылуы аса қызықты тақырып» [4], – деп толғануында да сыр бар еді. Ол бұл тұжырымын театр 1957 жылы трагедияны үшінші, соңғы рет өзгерген нұсқасы бойынша қойғаннан кейін жазған рецензиясында келтірді.

Міне, екі пьесаның «арғы заманның әділсіздігін, теңсіздігін» көрсетуге арналғанын байқап, осыдан ұқсастықты алғаш таныған да Ә. Тәжібаев болды. Ол мұны ең алдымен «жалынды махаббаттарын қосу үшін күресушілер» образдарынан іздестіреді, желісі мен мазмұнының бір мәнде өрілетінінен қарастырды. Дегенмен, ол: «Бұған қарап, М. Әуезов «Еңлік – Кебекті» осы аталған Шекспир шығармасына еліктеп жазған екен деген ұғым шықпаса керек» [1, 61], – деп, мәселені бірден шешіп алады. Себебі, Р. Нұрғалиевше айтқанда, бұлайша «қат-қабат қайшылықтарды, үлкен тартыстарды аз ғана адамдардың тағдыры, тіпті бір семья мүшелерінің қым-қиғаш тірлігі арқылы көрсетіп беру тәжірибесі дүние жүзілік әдебиеттің ұзына тарихына белгілі дәстүр» [5, 9]. Ал екі пьесаның барлық жағынан етене ұқсастықтары бар. Мәселен, Шекспирде Монтеки мен Капулетти деген екі ірі әулеттің арасында атадан балаға жалғасып келе жатқан ежелгі өштік пен кек өзіндік пер-

де мен кедергі болып тұрса, Әуезов трагедиясында тобықты және найман тайпалары ортасындағы ертеден бергі араздық пен текетірес бірден көзге ұрады. Бірақ біз мұның тек кездейсоқ ұқсастық екенін де батыл айта аламыз. Олай дейтініміз, Еңлік пен Кебек арасындағы сүйіспеншіліктің болғаны, бұған екі жақтың да қарсы шыққаны, ақыр соңында бір-бірімен қол ұстасып, қашып кеткен екі жастың ру басшыларының бұйрығымен өлтірілгені қазақ өмірінде орын алған шынайы оқиға. Драматург те өзінің тұңғыш трагедиясына сондықтан осы қайғылы оқиғаны арқау етіп алған. Әйткенмен, Ә. Тәжібаев атап көрсеткендей, «...Мұхтар Әуезов Еңлік пен Кебек ғашықтығын Шекспир шығармасының ғашықтарына, яғни Ромео мен Джульетта махаббатына жеткізуге тырысқаны да рас» [1, 62]. Мұны ол жазушының «Еңлік – Кебекті» әлденеше рет қайта жөндегенде, алдына сондай мақсат қойғанын өз аузынан талай естігенімен куәландыра түседі. Ал бір-бірімен бал кешінде кездейсоқ таныса салып, бір көргеннен бір-бірлеріне қатты ынтық бола қалған Ромео мен Джульеттаның сүйіспеншіліктері ешбір толас таппайтын шексіз ынтызарлықтан, қарымы қайтпас құмарлықтан, жұп саналған жақтарының барша жақсы қасиеттері мен болмыс-бітімдерін ұдайы қастерлей білуден тұрады.

Тегінде, «Еңлік – Кебекте» де тура «Ромео мен Джульеттадағы» секілді қатар өрілетін, бірақ бір-бірімен қайта-қайта қиысып отыратын екі ең негізгі желі бар. Бұлардың біріншісі ғашықтар арасында өріс алса, екіншісі екі жақ үлкендерінің қатысуымен өрбиді. Алайда, аталмыш линиялардың екі драмада алатын орындары екі түрлі. Атап айтқанда, «Еңлік – Кебекте» ғашықтардың қарым-қатынасы екінші планға шығып кетіп, басты желіні ру таласы және оған қатысушы ақсақалдар еншілеп алатын болса, «Ромео мен Джульеттада» керісінше махаббат маздағы алдыңғы қатардан орын алып, аталардың айқасы кейінге ығысып қалған. Билер мен ақсақалдар билеген қазақ қоғамында бұлай болуы заңды нәрсе. Өйткені, қазақ жұртындағы кез келген ірілі-ұсақты оқиғалардың барлығының шешімі олардың қатысуынсыз шығарылмайды. Еңлік пен Кебек арасындағы махаббат қарым-қатынасының соңы трагедияға айналып кетуіне де ең алдымен үлкендер тікелей себепкер. Сол сияқты Ромео мен Джульеттаның ортасында лап етіп көтерілген сырлы сезімнің қайғымен аяқталуына да әкелер кінәлі еді.

XX ғасырда жазылған «Еңлік – Кебектің» XVI ғасырда жарық көрген «Ромео мен Джульеттаға» тағы бір ұқсастығын олардың екеуінің де негізінен ақ өлеңмен жазылғанынан көрсек керек. Әдетте жыр жолдарымен өрілген драмалар халық жадында жақсы сақталып қалады. Өзі алдымен ақындығы арқылы танылған Шекспир пьесаларының ғасырдан ғасырға талмай тарап келе жатуының

бір себебі осында жатқан сияқты. Осы тұрғыдан келгенде, Әуезов қаламынан туған «Еңлік – Кебектің» ақындық қуаты да ешқандай кем емес. Ол, әсіресе, трагедияның алғашқы екі актісінде ерекше сезіледі. Біз мұны Есен мен Еңліктің арасындағы сөз қағысулардан да, Еңлік пен Кебектің бір-бірлерінің рухтарын көтере сөйлейтін диалогтарынан да, ақыр соңында Кебек пен Абыздың кездесуі кезінен де көре аламыз.

Әуезов туындысында Шекспир шығармасындағы кейіпкерлердің біріне ұқсайтын тағы бір қаһарман бар. Ол – қойшы Жапал. Кәдімгі Еңліктің әкесі Ақанның малын бағатын шопан. Бұл туралы Б. Құндақбаев: «Спектакльдің идеялық арнасы – Кебек пен Еңліктің махаббат, бас бостандығы жолындағы күресі деп ұқсас, солардың арманына дем беруші, болашағына болысушы, үн қосқан мұндағы, сырын шерткен сырласы – Жапал [6, 107]. Біз екі жасты бір-біріне тең санап, бір-бірлерімен жарасып кетулеріне ойша да, өзінің әрекеттері арқылы да ықпал жасауға жанын сала ұмтылып жүрген осы Жапалды «Ромео мен Джульеттадағы» францискілік монах Лоренцоға ұқсатамыз. Түн жамылып, махаббат қылын шертіп отырғандарында ендігі жерде бір-бірінсіз тұра алмайтындарына көз жеткізген Ромео мен Джульетта өздерінің некелерін құпия түрде қидыру үшін осы тақуа ағайға жүгінеді. Ал Лоренцо бұларды астыртын ерлі-зайыпты етіп қоюға келіседі. Себебі, ол бұлардың одағы қай заманнан және не үшін бір-бірлеріне жау болып келе жатқан Монтеки мен Капулетти әулеттерінің арасын бітімге келтіріп, екі ортада бейбіт өмір қалыптасуына дәнекер болады деген үмітке иек артады. Сол сияқты Жапал да өзін інісіндей еркелетіп ұстайтын Еңлікті Кебектен басқа ешкімге қимай, осы екеуінің арасында тұтанған махаббаттың дүр-дараз болып отырған екі елдің арасын жарастырып жіберуге септігі болатынына сенгісі келеді.

Екі трагедиядағы келесі ұқсастықты біз бір-бірлерін сырттай білісіп, тістерін қайрасып жүрген қызда үміті бар екі бәсекелес жігіттің – Парис пен Ромеоның, Есен мен Кебектің ақыр соңында оңаша кездесулерінен көреміз. Бұл шешуші көрініс «Ромео мен Джульеттада» Парис пен Джульеттаның тойына қызу дайындалып жатқан Капулеттилердің үйінде өрбісе, «Еңлік – Кебекте» екі жастың алғаш табысуларына куә болған таудың етегіндегі қара жартастың түбінде өріс алады. Бірақ бұл алдыңғылар үшін бір жағы өлім алдындағы ең соңғы жүздесу болып қалса, соңғылар үшін кезекті бір жұмбақтың екі жақты әрі-сәрі етіп тастаған, сонымен бірге олардың әрбірін өзінше үміттендіріп қойған кезі секілді болып өріледі. Екі кездесуге де жігіттерді кектестіріп жүрген ғашықтары қатысады. Алайда, у құйылған құтыдағы сусынды ішіп салған Джульетта бұл кезде бақилыққа аттанып кетіп еді. Ал Еңлік есірік Есен мен айталы Кебекті бірдей байлап-матап ұстайтын, оларды

жекпе-жекке жібермейтін, осы арқылы ешбірін анық өлімге айдап салмайтын байсал табар астарлы сөзін айта алады. Ең соңғы ұқсастық ғашықтар махаббаттарының финалы барлығының қаза табулары арқылы көрініс беретін қайғылы жағдаймен аяқталады. Шекспирде Джульеттаның өлімінен кейін Париспен жекпе-жекке шығып, оны өлтіріп жіберген Ромео у салынған құтыдан өзі де дәм татып, жантәсілім етіп кете барады. Ал Әуезовте өздеріне тобықты мен матайдың шонжарлары теңдік беріп, ризашылық білдірмейтінін білгеннен кейін қол ұстасып, «бостандық жағасы, бақыт мекені, сезім еркіндігі қайдасың деп тартып кеткен» [3, 34] Еңлік пен Кебек кейін қолға түсіп, билердің шешімімен ат құйрығына тартылып өлтіріледі. Осылайша Е. Сурков атап көрсеткендей, қазақтың Ромео мен Джульеттасы секілді санадан берік орын алып қойған Еңлік пен Кебектің махаббаты мен тағдыры туралы сол кездері туған хикая тек өткен заманды ащы сынның садағына алып қана қоя салмай, сонымен қатар сол кешірілмес күнәні бүркемелеп тұрған қара пердені көпшіліктің алдында жұлып алып тастаған [7].

Театр сыншылары қазақ драматургиясындағы Шекспирдің аталмыш туындысына мазмұн жағынан ұқсас туындылар қатарына Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясын да жатқызып жүр. Ә. Тәжібаевша айтқанда, «халық әдебиетіне ерекше көңіл бөлген, ел сүйген жырларды өзінің драмалық шығармаларына шебер пайдаланған Ғабит Мүсірепов» бұл үлкен жетістігіне тағы бір фольклорлық дүние – «Қыз Жібекті» жазу арқылы жетті. [1, 91-92]. Ал драматургиямыздың тарихи даму жолы, оның белгілі бір белес биігінен көрінуі турасынан сөз қозғағанда, біз «Еңлік – Кебектен» кейін осы «Қозы Көрпеш – Баян сұлуға» тоқталмай өте алмасак керек. Ол Әуезов «Еңлік – Кебек» пен «Қаракөз» нұсқаларында алғаш ізін салып, арнасын кеңейткен драмадағы поэзияның орнына түсуіне айтарлықтай үлес қосқан пьеса болды. Осылайша қазақ театры саласында да Шекспирдің ақындық дәстүрі қалтқысыз қалыптаса түсті.

Расында «Ромео мен Джульетта» желісіне етене арқау «Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» да бар. Бұл ұқсастық ең алдымен шығармалардың мазмұнынан байқалады. Трагедияға негіз болған жыр Сарыбай мен Қарабайдың аң аулап жүрген кезінде әлі дүниеге келмеген балалары үшін екеуара ант ішісіп, құда болуларынан басталады. Сол кезде ұлды болғанын естіген Сарыбай баласын көрмеген күйі қаза тауып кетеді. Осыдан кейін өмірге келген Баян да, содан бұрын туған Қозы да бір-бірлерімен алдын-ала атастырылып қойылғанын білгеннен кейін жүзбе-жүз көрмесе де, бір-бірлеріне сырттай ғашық болып өседі. Кейін уақыт өте келе, жұмыртқадан жүн қырақатындай сараң Қарабай жетім бала, жесір әйелге қызын беруден бас тартады. Мұның орнына ол жан

дегендегі жалғыз баласы – Баянын бір кездері жау шауып әкеткен малын қайтарып әкеліп берген Қодар палуанға ұзатпақшы болады. Осылайша пьесада «Негізгі кейіпкерлердің әлеуметтік теңсіздігі, бірінің – байдың қызы, екіншісінің – жесір әйелдің ұлы болуы трагедия тартысының түп себебі ретінде бейнеленеді» [3, 99]. Бастан-аяқ шырғалаң мен талас-тартысқа толы болып өрілетін пьесаның кейіпкерлер де ерекше сұрыптаудан өте келіп, бір-бірімен ниет-пиғыл, арман-мұраттары үйлесе бермейтін, ара қатынастары айтарлықтай алшақ екі топтан құралған.

Шекспирде Капулеттилер қыздарының өздері үшін ата жау саналатын Монтеки әулетіне баруына қарсы өре түре келсе, Мүсіреповте жанына Қодар мен Жантықты жиып алған Қарабайдың бір өзі-ақ өз шаңырағы атынан қызын бұрынғы досы Сарыбайдың жетім жалғыз ұлына бермеудің қайтпас күресіне кірісіп кетеді. Бұл күресте екі жақтың да өліспей беріспейтіні, яғни осы алған беттерінен ешқашан қайта қоймайтындары көп ұзамай білініп қалады. Сол текегірес сыңайында Капулетти отбасы жасы 14-ке де толмаған Джульеттаны Парис есімді граф жігітке беруге берік шешім етсе, Қарабай Баянды қайткен күнде де Қозының қолына жетектеп жібермеу үшін Қодармен қосуға бейіл болады.

Ә. Тәжібаев сол себепті де: «Қозы мен Баян махаббаты Мүсірепов трагедиясындағы шырындығымен, ыстықтығымен Ромео мен Джульеттаға тең жатыр» [1, 97], – деп жазған болатын. Бұдан әрі драматург таулардың биіктігі, теңіздердің тереңдігі бойынша салыстырылатынын айта келіп, трагедиялардың сондағы адамдардың барлық қасиеттерін өлшей келгендегі тұлғалық тұрықтарымен салыстыратынына назар аударады. Ал «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» поэтикалық қуат пен ішкі екпін, ондағы сезім серпіні мен ойлар тасқыны Шекспирдің салыстыру үшін алынып отырған драмасындағы белестерден бір де кем түспейді. Осы тұрғыдан келгенде, Қозы мен Баянның баянсыз аяқталған сүйіспеншілік сезімдерінің деңгейі мен дәрежесі Ромео мен Джульеттаға тағылған өлшемдерге пара-пар тұра алады. Бұл жерде қазақ жазушысының мерейін үстем етіп, мәртебесін асыра түсетін бір ерекше жағдай – «Ромео мен Джульетта» ұлттық колориттен, халықтық салт-дәстүрлерден мүлдем ада болса, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» ол мүмкіндігі болғанынша жақсы сақталып қалған.

Ә. Тәжібаев келесі кезекте: «Расында да ғажап-ақ қой: Гобсектен, Гарпагоннан біздің Қарабай титтей де кем емес қой. Сараң жарыстыру бәйгесіне түссек, озып-ақ келер еді дейміз, өзімізді бақытты санағандаймыз» [1, 99], – деп жалғап әкетеді. Ол сонымен бірге, Ғабит Ғ.Мүсіреповтің Қарабай образын жасауда Мольердің сараңы үлгісімен кетіп қалмағанын да бірден ашып айтады. Дегенмен, Л. Богатенкованың атап өткеніндей, дүние

жүзі драматургиясының бай мұрасын ақындықпен пайдаланған қазіргі заманғы драматург Ғ. Мүсірепов пьесаны жазу үстінде өзінің XVII-XVIII ғасырлардағы классицизм ережелерін еркін меңгергенін де көрсете білген. Сондықтан да оның Қарабайы өзіндік пішімі бар өзгеше характер болып шыққан. «Бұл образдың мүсінінен қазақтың халық творчествосына тән барлық бояулар танылады» [6, 328]. Осылайша Ғ.Мүсіреповтің Қарабайы қазақ халқының сан ғасырлар бойы ұғымында әбден қалыптасқан тұлғаның жиынтығы іспеттес болып өрілген.

Қарабай – тұлғалық жағынан да, мазмұны жағынан да француздың ұлы драматургі Жан-Батист Покленнің (Мольердің) «Сараң» атты пьесасындағы басты кейіпкер – Гарпагонға қатты ұқсайды. Ол – бардан да, жоқтан да үнемдеуге әбден бейімделген, «Сегіз адамға тамақ дайындасаң, он адамға жетеді» деген қағида ұстанған таза сықпартың өзі, сараңдықтың нағыз кейпін бере алатын кескін. Бұл кезде әйелі өліп, ер жетіп отырған екі баласымен қалған Гарпагон күндіз-түні он мың алтын экю салынған сандығы туралы ғана ойлаумен болады. Ол өзі өмірінің мәні мен адами бақытын тек ақшада деп қана біледі. Бұдан басқаны ойлай алмайтын сараң ертелі-кеш ақшасын ұрлатып алмау жайын ғана қамдай береді. Осы ақшаны көбейтудің жолында ол кез келген оңбағандық тірлікке дайын тұр, ешкімді аямақ емес, тіпті туған балаларын сатып жіберуге де бар. Сараңдықтың шыңына шыққан Гарпагон ер жетіп отырған ұлы Клеант пен бой жетіп отырған қызы Элизаны жасаусыз қызға үйлендіргісі, қалың малсыз жігітке күйеуге бергісі келмейді. Сол себепті те ұлы көрші үйдің асырап алған қызы Марианны, ал қызы өз үйінде қызметші болып жүрген Валерді қанша ұнатып, жастар өзара келісім жасасып қойғандарымен, әкелеріне осы жайды батып айта алмайды. Ақыры бір күні ағалы-қарындасты Клеант пен Элиза әкелеріне келіп, осы әңгімені енді бастай бергенде, сөзді ортадан үзіп жіберген Гарпагон көрші қызды кенет мақтай жөнеліп, соңында өзінің сол Марианнаға жасаусыз да үйленгісі келетінін жайып салады. Бұл оның қанша жерден сараң болса да, өзінің жеке тірлігі үшін бәріне бара алатынын көрсетіп береді.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» шетел классикалық туындыларынан өзінің үйлесімін табатын тағы бір тұлға бар. Ол – Қарабайдың шабарманы, атқосшысы, серігі Жантық. Қазақ ауыз әдебиетінде ол жағымпаз, жәркелеш, екіжүзді адамның образы ретінде берік орын алған. Зерттеушілер Жантықтың Ғ. Мүсірепов пьесасындағы бейнесін Шекспирдің «Отелло» драмасындағы Ягоға көбірек ұқсатады. Біз білетін Яго өзінің айлакерлігімен, арамдығымен, екіжүзділігімен, күншілдігімен трагедияның желісіне тікелей әсер ететін басты кейіпкерлердің бірі ретінде көрінеді. Жантық та осыған ұқсас. Бірақ онда зұлымдықтан гөрі жағымпаздық философиясы кеңірек етек алған.

Мұның бәрі Жантықтың тым ақылсыз адам емес екенін көрсетеді. Бірақ бетегеден – биік, жусаннан аласа болып жүрген Жантықтың өз ішкі есебі де түгел. Оған Баянның Қозыға барғаннан гөрі Қодарға тиіп кетуі көп тиімді. Сонда алға қойған мақсаттарын толық жүзеге асыра алады. Сол үшін ол қайткен күнде де Баянның Қодарға шығуы үшін барын салады. Мұндай ойы бар екенін білдіру арқылы Қодарды да өзіне қаратып алған. Іс насырға шауып бара жатқанда, ұрдажық Қодардың қолына қанжар ұстатып, Қозыға қарай қайрап, айдап салғанында да оның түпкі ойының көздегені бұлардың бақытты ғұмыр кешулерін тілеу емес еді. Оның ойынша, Қодарға Баянды алғаннан басқа ештеңенің керегі жоқ. Сонда күні ертең өле қалатын Қарабайдың қора-қора қойлары мен үйір-үйір жылқылары Жантықтың қолына көшеді. Алайда, бәрі айлакердің ойлағанынан басқаша болып шықты. Қозы Қодардың қолынан қаза тапқанымен, Баян кісі өлтірушінің жетегіне кете салған жоқ. Қайта онымен бітіспес шайқасқа өзі бел буып кірісті. Мұның соңы Қодар мен Жантықтың қолдары қайырылып, бірге айдалып кетуіне апарып жеткізді. Сөйтіп, Яго сияқты Жантық та өзінің осынау арам және аяр тірлігінен ешқандай барқадар тапқан жоқ, қайта жұрттың бетіне қарай алмайтындай қарабет болып, ел кезіп кетті.

Осындай келесі бір ұқсастықты біз Шекспирдің «Гамлетіндегі» Офелия мен Әуезовтің «Қарагөзіндегі» Қарагөз арасынан көріп отырмыз. Қазақтың сол кездегі жас жазушысы оны «Еңлік – Кебектен» кейін қолға алды. Өмірге махаббатты жырлаған тағы бір трагедия түрінде келген драма драматургтің алдыңғы шығармада жіберген олқылықтары орнын толтыру үшін жазған туындысы секілді болды. Кейін арада 30-35 жыл өткенде пьесасын тағы бір мәрте өңдеуден өтуі осы ойды растай түседі.

«Қарагөз» ақын Сырым мен Қарагөз сұлудың арасындағы баянсыз махаббаттың дастаны іспеттес. Бірақ бұл екеуі туыс болып саналатын болғандықтан, қазақ дәстүрі бойынша, бір-бірімен үйлене алмайды. Ал Өсер ауылында Қарагөзбен арасы алты атадан қосылатын Сырымнан басқа, Нарша есімді жігітпен иық түйістіре алатын ешкім жоқ. Қарагөз ақыры адуын шеше мен ел-жұртының сөзінен шыға алмай, жылай-жылай Наршаға шығып кете барады. Бірақ көңілдің түкпірінде бәрібір Сырым тұр. Ә. Тәжібаев айтқандай, «тамшы қаны қалғанша төгіле жырлайтын, өмірдің рационалдық жақтарын танымаған және танымайтын», «өмірге тек құштарлық пен ғашық көзімен қарайтын» [1, 80] ақын сүйген қызынан қапияда айрылып қалға-

нына келісе қоймайды. Ақыры оны алып қашпақ болып, ауылдың шегіне келеді. Сол жерде екеуі кездеседі. Бірақ ата жолын аттай алмай, жіпсіз байланған Қарагөз «Сырым... жүрегім!» дегеннен артыққа бара қоймайды. «Сәулем, мен сужүрек болуға айналдым», – деп еңіреп жібереді. Бұған қоса, ол бір кез күйеуі Наршаға да аяушылық сезімін білдіріп үлгереді. Кездесу соңында Сырым мен Қарагөз артынан аңдып келген Нарша бастаған жігіттердің қолдарына түсіп қалады. Сол сәтте орын алған ғаламат оқиғалардың шарпуымен Қарагөз ақырында жынданып кетеді. Осы сәтті К. Молтобарова суреттегендей, «Ол барынша шыр айналып қашып, бар күш-қуатымен босап-шығуға ұмтылады, бірақ ақыр соңында есінен адасып тынады» [8, 158] Біздің оны Офелияға ұқсастыратынымыз да осы тұс. Шекспирдің кейіпкері де әкесін Гамлет өлтіргеннен кейін осылай жынданып кететін еді. Алайда, Р. Нұрғалиевтің жазуынша, «Қарагөздің жынданып кетуі сахналық эффект үшін немесе Шекспирдің Офелиясына еліктеуден шыққан нәрсе емес» [3, 142]. Айналып келгенде, Қарагөздің есінен танып, шалыққа түсуі оның болмыс-бітімінің сол замандағы тәртіп пен талапқа бағынғысы, сол кездегі салт-дәстүрді мойындағысы келмейтін өр мінезінің тасуы мен қарсылығы болып табылады.

Біздің бұл зерттеуіміз қазақ ауыз әдебиетінің үздік туындылары желілері бойынша жазылып шыққан драмаларымыздағы кейіпкерлердің шетел классикасындағы белгілі кейіпкерлермен ұқсас болып шығулары арнайы бір жасалған шарттылық емес, мұндай құбылысты қаһармандардың өзімізде де жеткілікті болғанын айқындай түседі.

Әдебиеттер:

1. Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасу кезеңдері. Алматы: Жазушы, 1971. – 416 б.
2. Құндақбаев Б. Мұхтар Әуезов және театр. Алматы: Ғылым, 1997 – 248 б.
3. Нұрғалиев Р. Арқау. I том. Алматы: Жазушы, 1991 – 576 б.
4. «Қазақ әдебиеті» газеті, 23 март, 1957.
5. Нұрғалиев Р. Қазақ драматургиясы, Алматы: Қазақстан, 1974 – 48 б.
6. Қазақ театрының тарихы. I том. Алматы: Ғылым, 1975. – 398 б.
7. Газета «Советское искусство», 23 декабря, 1958.
8. Молтобарова К. Режиссер Мәмбетов феномені. Алматы: Қазығұрт, 2011 – 296 б.

Sabyrova A.S.

Associate of Kazakh National Conservatory named Kurmangazy, Ph.D.

A.ZHUBANOV ABOUT PERFORMING ON SYRNAI IN THE MIDDLE OF THE NINETEENTH AND EARLY TWENTIETH CENTURY

Түйін. Мақалада А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» зерттеу еңбегіндегі сырнайдың XIX-шы ғасырдың аяғы мен XX-ғасырдың бас кезіндегі түрлеріне сипаттама берілген. Сырнай аспабының аймақтық ерекшеліктері бар екендігі дәлелденді.

Summary. The article analyzes the Kazakh cheese varieties (accordion) end of the XIX-th century beginning of the xx, described in the work A.Zhubanov «Nightingales of centuries.» It is proved that the instrument had a variety of local features.

Резюме. В статье проводится анализ разновидности казахского сырная (гармони) конца XIX-го начала XX- века, описанные в труде А. Жубанова «Соловьи столетий». Доказано, что разновидности инструмента имели локальные особенности.

The study of historical processes in the musical art of Kazakhstan is the subject of many studies today. However, the history of the art of playing the syrнай (the so-called accordion in Kazakhstan) and the formation of a national musical style seems to be a very difficult and promising scientific field. In connection with this, of course, you need to work out the tasks of historical research that would reflect the basic processes of its formation.

Fertile material for such studies are published in the light of scientific literature and also narrative sources of Kazakh oral historiography. The purpose of this article - the analysis of descriptions of various performing traditions, organize disparate facts from the point of view of historical perspective, to reveal the peculiarities of existence tool for Kazakhs in reliance on comparative historical and diachronic synchronous approach to the study of Kazakh instrumental tradition.

It should be recognized that the specific questions of existence of the accordion in Kazakhstan are in the initial stages of the study. The problems of comparative analysis of intonation and rhythmic structure, modal and compositional structures of the Kazakh didn't stand specialty, the comparative analysis of playing the instrument in the regions has not been made. Meanwhile involvement in the scientific revolution only one journalistic source - the famous work about the singers of A. Zhubanov gives an idea of the most key historical processes that have influenced the composition of the Kazakh accordion art, and its national identity and a wide variety of styles of performing interpretations.

The appearance of harmonics in the steppe in the middle of the XIX century contributed to the objective historical background, in particular the transition to the new social and socio-economic system. In the steppe harmonic was called syrнай, zhel-syrнай, kagazy-syrнай, til-kobyz harmon. In its prevalence and popularity harmonic becomes the second instrument after dombra.

Harmonica, perceived by steppe people as similar to the ancient brass sirнай, has become popular means of vocal and instrumental performance. Unlike other nations, among the Kazakh harmonica quickly goes beyond domestic music-making, and becomes an instrument of steppe professionals of oral tradition. Literally all Kazakh akyns could play the harmonica. There was a whole galaxy of Kazakh akyns, who played harmonica and created there own schools of playing sirнай. Thus, among the prominent singers and akyns who played harmonica can be identified Myra Shamsutdinova, Shashubai Koshkarbaeva, Nartai Bekezhanova, Zhayau Musa Baizhanov Aset Naymanbaev, Yestay Berkimbaev, Tayzhan Kalmagambetov, Kanan Azerbaev, Isa Baizakov, Amre Kashaubaev, Kamshibay Taubaev, Balhashbay Zhusupov, Kubyshev-zhirau, Zhanakov-zhirau, Bolat Sybanov, Arzulla Molzhigitov, Kurmanbek Bekpeisov and many others.

In this context, historical essays of academic Ahmet Zhubanov telling about kuishi, singers and instrumentalists of the said period, the gain invaluable. Scientists collected the testimonies of eyewitnesses, his contemporaries, and all these data formed the basis for the books "Nightingales centuries", Almaty, "Dyke Press", 2002.

Eyewitness accounts, recorded A.Zhubanov, confirm the dominance the accordion in the vocal and instrumental music-making practices in the Kazakh steppe. New instrument – accordion – perceived as non-indigenous phenomenon, a sort of innovation in musical life. The cloths of musicians who took a hand harmonica usually conform to its unusual image. This is the appearance of the Kazakh singer-musician Musa Baizhanova, made by A.Zhubanov: "Musa virtuoso performs not only Kazakh folk songs and kuis, but also for the first time introduces his audience with some samples of Russian music. Great impression on the steppe got his exterior, urban clothing, new manners, his playing the accordion and violin, his translations and paraphrases of Russian poets "[p.146-147]. "Coming home from Omsk Musa sat on his favorite horse, rode among aouls, telling

people what he read in the newspapers, magazines, books, singing new songs, entertained the people with his play on the dombra, violin and accordion" [p.147]

Accession of Kazakhstan to Russia, led and music Kazakh-Russian bilingualism and consequently expanded the scope of the primordial and enriched with new musical instruments. However, according to A. Zhubanov, Zhayau Musa, played the accordion, remains deeply national composer: "Knowledge of the Russian language, familiarity with the musical culture of the Russian people have enriched the musical vocabulary of Musa. The fact that he accompanied his songs playing the violin and accordion, (...) in no way does not distort the "spirit" of Kazakh music, and only enriched, adorned creativity of Zhayau Musa. Zhayau Musa is a truly national composer, a large, multi-faceted musical figure "[p.176].

Along with the new instruments in the Kazakh music organically enters the other system of genres and musical "vocabulary." So, we know that in the work of Musa Zhayau the first in the history of Kazakh traditional songs used the dotted rhythm, the genre of the march, and with it, the square compositional structure of music. "Musa voluntarily served in the imperial army, was familiar with all the "trapping" of a harsh military life, walked on the military teachings with the music of the march, and, of course, a new musical form could not be imprinted in the minds of Musa. Besides the fact that Musa played not only on the dombra, but also on the violin and accordion, show the versatility of Musa, who penetrated into his creativity echoes elements of the musical culture of different peoples "[p.174] - writes Ahmet Zhubanov.

What was the Kazakh harmonica, penetrate into the steppe around since the second half of the XIX century?

According to eyewitnesses, A. Zhubanov recorded, it was a pretty large instrument a type of "talyanka" with small bells. Such descriptions are associated with the performances of many akyns improvisers who participated in the musical and poetic competitions and professional singers, called in the tradition of sals and sere. This is the description of the external appearance of the accordion that belonged to famous singer of XIX century Maira Shamsutdinova, made by ethnographer Alexander Zataevich: "No sooner had the largest passenger steamship "Leningrad", on which I was driving up the Irtysh from Omsk to Semipalatinsk, sailed from the Pavlodar marina, as below, from the windows of cabins of the third grade, I heard the sounds of the beautiful breast and noble contralto timbre. Not apparent to me the owner of thus voice sung Kazakh songs entirely unexpected accompaniment to ... large harmony ! (italics mine AS). Of course, in a minute I was downstairs and saw a brunette for thirty years, surrounded by the public. She was beautiful and thin, oblong with a serious face

and a bright blush on several sunken cheeks. In her ears were wearing long east earrings, and on her chest there were several rows of necklace "[p.245]. These memoirs of A.V.Zataevicha contain an important point, demonstrating the widespread accordion, which at first was common in the urban environment, and then began to move actively in the village. From the records of the ethnographer we can determine that in the east, center and north of Kazakhstan accordion was tied to the oral-professional singing or akyn tradition, on the contrary, in the south accordion was associated with an epic creativity.

In an essay of A. Zhubanov Kazakh about composer and singer of the XIX century Ibray Sandybayev contains a colorful description of female performing on the instrument. In the essay there was not ignored any part of the process of performing: "The eighties of the last century. Guests set in the house by a semi-circle. On a large wooden bed there was a beautiful girl – seventeen years-old Kakima. In her hands there was a harmony with one row of keys (italics mine A.S.). Greatly inflating the fur, the girl was playing something bravura, and guests listened with admiration. Suddenly she began to sing; against a background of muted sounds of a little accordion her sonorous voice was especially fascinating" [p.188-189]. In the honor of this girl Ibray Sandybayev composed his famous song "Gakku".

Separate species of playing an instrument is a musical counterpoint, called in the Kazakh tradition Aitys. Some akyns (poet-improvisers) took to the competition, accompanying their singing by a harmonic. There are Ibray Sandybaev, compete with Doskey, Esimbet, Kudaibergen, South Kazakhstan Nartay-zhirau, who won in the creative competition Nurlybek and composer Semirechye Kanan, who beat poet Halima.

In the early twentieth century aitys was not just a "living" tradition, but very popular form of creative communication, attracted the attention of many viewers. Harmon, widely spread by the Tatar missionaries preaching Islam was further developed in the southern part of the country. An outstanding representative of the tradition of Kyzylorda region was Nartay Bekezhanov, who firstly used the possibility of harmony in the epic tradition. Thanks to Nartay harmonica was played at tois and festivals, performing on the instrument began to acquire a mass character.

Nartay's style characterized by melodic melismas related, however, not only with the harmonic accompaniment basis, but also the manner of playing on the indigenous Kazakh instruments - sybyzgy and kobyz.

Thus a brief excursion into the historical period of the second half of the nineteenth and beginning of the twentieth century has shown that:

- In this period of history accordion acts as an object bikultury. In performing the Kazakh media tool has spread arising out of inter-ethnic contacts with the Muslim Tatars, to preach Islam in the central, eastern and northern parts of the country;

- Each region of Kazakhstan marked its local-specificity of playing the instrument: in the Arka School (center, east and north Kazakhstan) - recorded a solo-professional oral akyn songs and in Syrdarya region (south-west Kazakhstan) - version of the epic, accompanied by accordion;

- Descriptions of performance practice of that period showed that the harmonic accompaniment

influenced vocals on the song. Under the influence of broaching harmonic sound melodic contour of the song is enriched with numerous decorations, the performance of which required a wide vocal range.

- According to the written testimony of A. Zhubanov in akyn tradition observed alternately use dombra and sirnay (accordion).

List of reference:

I. A. Zhubanov Nightingales centuries. Almaty: "Dyke Press", 2002.

Сабырова Әлия Сұлтанмұратқызы

Қазақ Ұлттық консерваториясы Музыкатану кафедрасының доценті,
өнертану кандидаты, aliya_sabyrova@mail.ru

**ЖЕТІСУ ӨНІРІНІҢ ТҮРМЫС САЛТ ӨЛЕҢДЕРІНЕ ТӘН
КЕЙБІР КӨРКЕМ ЕРЕКШЕЛІКТЕР
(С.Медеубекұлы, Б.Мүптекеевтің «Жетісу әуендері» жинағы бойынша)**

Түйін. Мақалада Алматы облысынан жиналып, С.Медеубекұлы и Б.Мүптекеева «Жетісу әуендері» жинағына енген 5 жарапазан мен 90 қара өлең туындылары талданады. Аталған жанрлардың аймақтық музыкалық тіл ерекшеліктері айқындалды.

Summary. The article analyzes the domestic songs Almaty region. The material of the study involved 5 zharapazanov and 90 songs genre kara өлең collection S.Medeubekuly and B.Mypetekeeva «Zhetysu әuenderi». The estimation of the regional peculiarities of the musical language of genre.

Резюме. В статье проведен анализ бытовых песен Алматинской области. В качестве материала изучения привлечены 5 жарапазанов и 90 песен жанра қара өлең сборника С.Медеубекұлы и Б.Мүптекеева «Жетісу әуендері». Дана оценка региональным особенностям музыкального языка бытовых жанров.

Жетісу әндерінің жиналуы ХХ ғасырдың бас кезінен бастау алады. 1920 жылы башқұрттың әйгілі этнограф-зерттеушісі Ә.Диваев Жетісу жерін аралап экспедициялық сапар барысында аңыз-әңгімелер, ертегілер және түрлі фольклор туындыларынан құралған 68 қойын дәптер қолжазбалар жинап қайтқан болатын. Аймақта халық әндерінің жиналып зерттелуіне жазушылар мен филолог-ғалымдардың да үлес қостаны аян. Солардың бірі Илияс Жансүгіров болатын. Жетісу өңірінде ауыз әдебиетін жүйелі түрде жинап, зерттеу-мақалаларын жарыққа шығарған жазушы-фольклорист “Ән-әншілер жайында” деген мақаласында ән дәстүрінің бірнеше мектепке бөлінетінін, ал Жетісу әндерінің өзгешелігі аймақтың географиялық жағдайымен байланыстылығына назар аударған [1; 826]. Фольклорист, жазушы Мырзатай Жолдасбеков осы өңірде атақты сері, әнші Сауытбек Ұсаұлымен бірге, Дәурен сал, Қырмызы сал, “Ашаның алты салы” атанған Жидебай, Қайрақбай, Балкыбек, Сауытбек, Әлдібай Бекқұлы сияқты сал-серілер мен ақын, әншілердің атағы елге жайылғандығын жазады [2].

Музикатану саласында Жетісу өңірінің әндерін алғаш нотаға түсіруге ат салысқан жинаушы-фольклорист А. Затаевич, Алматы қаласы мен Алматы облысынан жинаған материалдарын 500 әндер жинағына қосты. Осы қолжазбаның ноталық түпнұсқасы республикамыздың Орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы [3]. «Бұл қолжазбада Алматы қаласы мен Алматы облыстарынан жиналған 100-ден аса әндердің нотасы бар. Сол кездегі белгілі әншілер мен қоғам қайраткерлері Қанабек Байсейітов (7 ән), Ораз Жандосов (3 ән), Илияс Жансүгіров (18 ән), Ғали Орманов,

Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов және Алматы облысының Қаратал, Лепсі (Андреевск), Қапал, Талдықорған, Ақсу, Үржар, Жаркент, Қастек аудандарында жазып алынған әндердің ноталары бар» [1; 6 б.]. Затаевич жинаған әндер осы аймақтың жүйелі зерттелуіне мұрындық болды.

Жетісу өңіріне тұңғыш музикатанушылар мен композиторлардан құралған ғылыми-фольклорлық экспедициясын сазгер, КСРО Халық әртісі Еркеғали Рахмадиев 1958-1959 жылдары ұйымдастырды. Экспедиция барысында музикатанушы-ғалым А. З. Темірбекова ел ішінен мыңнан аса фоно-материалдар жинады. Осы экспедиция материалдарын саралаған ғалым “Жетісу қазақтарының әншілік шығармашылығы” атты кандидаттық диссертация қорғап, зерттеу еңбектерін жазды [4]. Әйтсе де зерттеушінің әнді талдау жүйесі орыс фольклористикасындағы әдістемеге сүйенгендіктен, уақыт сынынан өте алмады. Сондықтан Жетісу сарындары мен әндері соңғы (ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырда) жасалған қазақ этномузикатанудың жетістіктеріне сүйене отырып қайта зерттеуді қажет етеді.

Сондай-ақ консерваторияның ғылыми зертханасында сақтаулы әр жылдары Жетісу өңіріне экспедициялық сапарлармен жинаған Б.Ерзакович, А.Серікбаева, А.Райымбергенов, Г.Омарова, С.Елеманова, С.Қалиев сынды фольклорист-ғалымдардың материалдары да Жетісу әндері жайлы жүйелі түсінік қалыптастырып, ғылыми тұжырымдауды қажет етеді. Аты аталған фольклорлық жинақтарды саралап нотаға тұңғыш рет түсіріп жүйелеген ғалым Б.Мүптекеев оларды «Жетісу әуендері» атты музыкалық-этнографиялық жинағында жарыққа шығарды [5]. Кітапта жинақталған 200 аса нұсқа аймақта таралған алуан түрлі ән жанрларынан кең мағлұмат береді. Осы мақаланың мақсаты аталған өңірдің қара өлең мен жарапазан әндерінің музыкалық ерекшеліктерін талдау болмақ.

1. Жарапазан әндері. Жарапазан әндері филология ғылымында ХХ ғасырдың басынан-ақ зерттеле бастады. Бұл ән жайлы тұңғыш пікір айтқан С.Сейфуллин, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, М.Ж.Көпейұлы, Ә.Қоңыратбаевтар жарапазанның жанрлық сипаттамасын жасады. Ал М.Әуезов тұңғыш рет жарапазанның музыкалық ерекшеліктеріне назар аударады. Зерттеуші жарапазанның араб-парсы елдерінде жыры жоқ, ал түркі тілді халықтарда әуенмен айтылатынын, оның исламға дейін таралған-

дығының дәлелі бола алатындығын былайша жазады: «Қазақ ортасына ислам дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тыңдамаған да, ұқпаған, ықылас қоймайтын болған. Сондықтан мұсылманшылық дін де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген... Жарамазан өлеңі де сондайлық дін мағынасы мен дін үгіті болып шығып, бері делген соң қыдырма жараманшылар әнге салып айтатын болды... Демек, жараман әу баста маусымдық-күнтізбелік ғұрыпқа қатысты түркі халықтарының бірлігі дәуірінде әлдеқашан пайда болып қалыптасып, кейіннен ислам дінінің қағидаларымен етене тоғысқан аса байырғы синкретті жанр деуге негіз бар.

Жараман ұлыстың ұлы күні – Наурызда айтылған, кейіннен рамазан айында айтылатын болған» [6] дей келіп: «қазақ жарамандарының көбін алсақ... күшті сопылық, өрескел тақуалықты айтып, өзге жұрттың дін өлеңі сияқты үнемі сәжде, үнемі дұға, ұдайы күнәкер болуды айтып, көп тәубамен жалбарына беретін сөздер жоқ деуге болады. Бұл жағынан қарағанда қазақтың көп жараманы баяғы ақы сұрап айтатын мақтау өлеңдеріне жақын келеді» [6], деп жарамандардың бата сөзге жақындығын таратады.

Соңғы зерттеулерде жараманның дәстүрде үш бөлімнен құралған рәсім болып қалыптасқандығын атап көрсетеді [7]. Рәсімнің өткізілу тәртібі былайша өткен: Ауыл маңына жеткенде ашық дауысты біреу алға шығып «жарамазан кіріспесін» термелете жөнелетін. Осы бастама ғұрыптың бірінші бөлімін құраған. Ал «негізгі жараман» басты жараманшының басқалармен бірге айтқан сәлемдемесінен басталып, ауыз бекіткен адамдардың үйінің жанында екі дауыспен айтылды. Қайырмаға келгенде барлық жараманшылар қосылып ән айтылуын жаңғыртатын.

Сол күні кешке өтетін ғұрыптың екінші бөлімінде, жиналған үлкендер мен жастар, көршілер ауызашарда жиналған дәмнен ауыз тиген соң, рәсімнің соңғы үшінші бөлімінде жараманның батасына ұласатын. Бұл батаны әдетте бозбалалар орындады.

Қазақ жарамандарының Қазақстан, Ресей және Өзбекстаннан жазылған 24 нұсқасын зерттеген А.Рахметова [8] бұл ән жайлы азды-көпті пікір қалыптастырды. Оның тұжырымынша, әдетте қазақ жарамандары 11-буынды поэзиялық құрылымды, сирек жағыдайда ортасында 7+4-ке кідіріс жасау, басым бөлігінде цезурасыз тұтас айтылған. Кей өңірлерде (әсіресе Шығыс-Қазақстан және Ресейдің Омбы облысы-жеті үлгі және Жетісуда-екі үлгі) тирадалы – 7-8 буынды жарамандар кездесіп отырады. Қазақ жарамандарына (әсіресе Жетісу аймағында табылған) шұбыртпалы ұйқас

тән [8; 77 б.]. Музыкалық құрылымында қайталанған қос тармақ (А Б А Б), ақындық-жыраулық дәстүрлің әсерінен туындаған тирадалы шумақтар басым. Соның ішінде Жетісу және Шығыс-Қазақстан жарамандарында әр тармағы вариантты дамитын шумақты құрылымдар.

Жараман әуені дауыстың арнайы дайындығын қажет етпейтін тар көлемдегі әуен иірімдерінен құралады [8; 109 б.]. Ал ырғақтың дамуына байсалдылық және тұрақтылық тән. Әдетте тармақ соңында қосынды ырғақтармен немесе тармақ қосынды ырғақпен басталып, кейінгі даму ыдыратумен ерекшеленеді.

Басым жағдайда жарамандар орташа екпінді, біркелкі ырғақтардың бірқалыпты қозғалысымен дамиды [8; 109 б.]. Ладтық құрылымдарда ионий, миксолидий (Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары), фригий мақамдары (Атырау) және эолий мақамы (Көкшетау), ал Омбы облысының жарамандары пентатоникалы негізімен ерекшеленеді [8; 109 б.]. Музыкалық құрылымы жағынан негізінен шумақты және қайталанған қос тармақты (әсіресе Талдықорған облысында), ал Омбы облысында жазылып алынған жарамандар сирек кездесетін - тирада құрылымымен ерекшеленген [8; 109 б.]. Жас зерттеушінің бұл тұжырымдары зерттеу материалының аздығынан тексеруді қажет етеді. Ал Б.Мүптекеевтің «Жетісу әуендері» жинағынан талданып зерттелген жарамандар жайлы пікірлеріміз де материалдың аздығынан (үш жараман) болашақта арнайы жинап қарастыруды көздейді.

Жараманның түп тамыры бата сөздерде, деп М.Әуезов ескерткендей, Жетісу өлкесінің жарамандары да бата сөзді жеткізуші құрал ретінде мынадай ортақ ерекшеліктерді сақтаған:

- сөз мағынасының басымдылығына ерекше мән берілгендіктен, жарамандар тар көлемді, бірекі дыбысқа негізделген речитативті әуенмен шырқалады;

- мәтін мен саз тек синхронды сабақтасады;

- әр меложол қосынды ырғақпен бөлінген, ол мәтін мағынасының түсінікті ал тармақтың бөлек жеткізілуін қамтамасыз етеді;

-жарамандардың қайырмасы тек лексикалы болады;

-шумақ пен қайырманың ырғақтық өрнегі әр түрлі болуы мүмкін, өлшем ауыспалылығы тұрақты сипат алып, сол арқылы тұтас әннің ырғақтық дамуы күрделенеді;

- үш әннің екеуінде шумақ пен қайырма әртүрлі ладтық тіректерге бағынады, сол себепті ән ладтық ауысуға (ауытқуға) негізделеді;

- жараманның үшеуінде де төрт жолды шумақ шеңберінен шығып алты, тіпті он жолға дейін ұзару процесін байқатады. Ол әдіс шумақты тирадалы ұйымдасқан жыр үлгілеріне жақыдатады.

2. Қара өлең. Б.Мүптекеевтің «Жетісу әуендері»

жинағында бар 116 әннің барлығы да 11-буынды болса, ән мазмұнының басым бөлігі (36 ән) ғашықтық махаббат және өмір фәлсафасы (24 ән) тақырыбына арналған. Жалпы, қара өлеңді қазақ өмірінің энциклопедиясы десек артық емес. Мұнда дәстүрлі қоғамның тыныс-тіршілігі, дүниетанымы, қарым-қатынас, әдеп ережелері, тіпті қонақ кәде әдеті жан-жақты қамтылады.

Қара өлеңнің қазақтың ән өнерінде алатын орнын С.Елеманова [9] айқын белгілеп, қара өлең әдет-ғұрып және кәсіби әнді дәнекерлеуші кезең, деп көрсетеді. Бұл қасиет қара өлеңді мұң-шер сарындарының даму ерекшеліктерін қорытындылап, кәсіби әннің сипаттарын алдын алатын дайындауы оны әдет-ғұрып және кәсіби әндерін байланыстырушы кезең, деп бағалауына негіз болды.

Егер әдет-ғұрып сарындарының жалпы мазмұны белгілі бір тақырыпқа шығарылса, қара өлең атына сәйкес, кез келген жағыдайда орындалғандықтан, тақырыбы жағынан шектелмей, өмірдің барлық жағын қамтыды. Десек те, әннің «қара өлең» деген атауында «өлең» ұғымы, қазақ әнінде тұңғыш рет ән салу – көркемдік сипат алғандығын айқындайды. Мұндағы «өлең» ұғымы тек мәтінге ғана емес, әнге де тиесілі екендігін көрсетеді. Демек, егер мұң-шер сарындары тыңдаушыны қажет етпесе, қара өлеңде тыңдаушы бары анық сезіледі. Міне, осы тыңдаушы көпшіліктің мейірін қандыру ән орындаушысынан шеберлікті, жүйрік суырып салма өнерін қажет етеді. Осы өнерді жеткізу шеберлігі қара өлеңде алғаш рет жеке тақырып өзегі болады. Зерттеушілер А.Сейдімбеков пен Оразақын Асқар қара өлең түрлерін жіктей отырып оларды орындалу орнына, мазмұнына, орындаушысына қарай «жұлдыз өлең», «тау өлең», «қамшы өлең», «шай өлең» т.б. топтарға бөлетіні белгілі.

Алайда, қара өлеңде тұңғыш туындайтын бір тақырып – «өлең туралы өлеңнің» пайда болуы, оның жоғарыда айтылған көркемдік табиғатын аша түсетіні анық. Қара өлеңнің бұл тақырыптағы әндерден, өнерпаздардың арасында қалыптасқан ән-өлеңді айту жайы жан-жақты таратылады. Қара өлең құрылымының айтыспен және өз кезегінде ақындар өнерімен тығыз байланыс табатыны белгілі. Сондықтан қара өлеңде айтылған ойлар ақындар өнерінің кәсіби ережелер жиынтығы деп атаса артық емес.

